

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ТІЛ САЯСАТЫ КОМИТЕТІ
Ш. ШАЯХМЕТОВ АТЫНДАҒЫ «ТІЛ-ҚАЗЫНА»
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**«МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫ:
ПӘН ТЕРМИНДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ БІРІЗДЕНДІРУ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖИНАҒЫ**

АСТАНА, 2023

УДК 80/81
ББК 81.2
М41

Редакция алқасы

Г. Мұқан, Л. Есбосын, Б. Ысқақ, Н. Әбдікәрім

Жауапты редактор Қ. Қабай

«Мектеп оқулықтары: пән терминдерін жетілдіру және біріздендіру» республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Электрондық жинақ / Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы. – Астана, 2023. – 152 б.

ISBN 978-601-7504-77-9

Бұл жинаққа 2023 жылғы 17 қарашада өткізілген «Мектеп оқулықтары: пән терминдерін жетілдіру және біріздендіру» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары енгізілді.

Еңбек ғалымдарға, оқытушыларға, докторанттар мен магистранттарға, студенттерге, сондай-ақ терминология қызықтыратын барлық оқырманға арналған.

УДК 80/81
ББК 81.2

ISBN 978-601-7504-77-9

© «Ш. Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Тілешов Ербол Ердембекұлының құттықтау сөзі

Құрметті қауым!

«Мектеп оқулықтары: пән терминдерін жетілдіру және біріздендіру» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияға қош келдіңіздер!

Бүгінгі шарамызда көтергелі отырған мәселе өте маңызды. Жалпы терминді қалыптастыру, оның ішінде мектеп терминдерін бір ізге түсіріп, оны ретке келтіру, қолдану аясын кеңейту жастарымыздың болашағы үшін маңызды, бұл – қазақ тілін ғылым тіліне айналдырудың баспалдағы.

Мемлекет Басшысы ағымдағы жылы өткен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты отырысында мемлекеттік тілдің рөлін күшейту және оның, әсіресе, ғылым мен білім саласында қолданылу аясын одан әрі кеңейту мүмкіндігін қарастыру мәселесін атап өткен болатын.

Қазіргі уақытта терминдердің бірыңғай электрондық базасына орналастырылған терминдер саны **383 мыңнан** асады. Соның ішінде 1971 жылдан бері бекітілген терминдер **35 680** бірлікті құрайды.

2022 жылы бекітілген қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 6039 терминге мониторинг жасалды.

2023 жылы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 8000 терминге мониторинг жүргізілді және termincom.kz сайтына орналастырылып, көпшілікке қол жетімді болуы қамтамасыз етілді.

Бүгінгі конференция жұмысында жаратылыстану және математика бағыты пәндері бойынша мектеп оқулықтарындағы терминологиялық аппаратты талқылап, оны ретке келтіру жолдарын сіздермен бірге қарастырып, қорытындыға келуді жөн көрдік.

Қазіргі уақытта мектеп оқулықтарында

- терминдердің әр түрлі нұсқада берілуі,
- жас ерекшелігіне қарай қиындық тудыратын терминдердің кездесуі,
- терминдердің қолданысында жарыспалылықтың болуы және т.б. мәселелер туындауда.

Осы мәселелердің шешу жолдарын қарастырып, талқылап, белгілі бір нәтижеге жетуіміз қажет.

Конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ПӘНДЕР БОЙЫНША МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІ БІРІЗДЕНДІРУ: АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР, ТАЛДАУЛАР, ҰСЫНЫСТАР

*Мәнишук Мұқаметқали**

Оқулық – оқу бағдарламасы мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйелі баяндайтын кітап. Термин – Алаш арыстарынша айтсақ, «пән сөзі» – оқытылатын пәннің негізгі мазмұнын ашып, белгілі бір ғылыми ұғымды білдіретін тірек-сөз.

Өткен ғасырда Алаш зиялылары оқулықтарға қатысты төмендегідей пікірлерді білдірген болатын:

Мағжан Жұмабаев: «Оқу құралын жаздырып жатқан ағарту комиссариаты, жазып жатқан азаматтар бұл оқу құралдары қандай мінезді мектепке арналады, сол туралы ой жүгіртсе игі болар еді».

Халел Досмұхамедұлы: «Білім арудың жолы көп, жолдың ішіндегі ең төтесі жақсы мектеп, білімді мұғалім, мұнан қалса, ел ішінде көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары».

Елдес Омаров: «Терминдердің негізгі қолданылатын жері арнаулы мәтіндер, ғылыми әдебиеттер мен оқулықтар, оқу құралдары».

ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығында Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар көрсетілген. Сол талаптарға сәйкес Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың құрылымы мыналарды қамтиды:

- ✓ Шартты белгілер;
 - ✓ Мазмұны;
 - ✓ Кіріспе;
 - ✓ Негізгі мазмұны;
 - ✓ Глоссарий – алғаш рет енгізілетін және зерттелетін тақырыптарға қатысты ұғымдар мен терминдерге қысқаша түсіндірме беру;
 - ✓ Әдебиеттер тізімі;
 - ✓ QR-кодтар (Кью Ар).
- Электронды оқу басылымдарына қойылатын талаптар:
- Түсінікті (қисынды) интерфейстің қолданылуы;

* Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы директорының орынбасары, п.ғ.к., mukametkali77@mail.ru

- Кері байланыс және бақылау құралдарының қолданылуы;
- Навигациялық кеңестердің болуы;
- Мультимедиялық контенттің және интерактивті тапсырмалардың болуы;
- Негізгі тақырыптар, ұғымдар мен терминдерді түсіндірмелермен сөздіктерге бағыттайтын гиперсілтемелермен қамтамасыз етілуі.

Оқулыққа қойылатын жаңа талаптарының ерекшеліктері:

1. Аударма оқулықтарға тыйым;

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептер үшін оқулықтар тек қазақ тілінде әзірленеді.

2. Қазақстандық контентке басымдық;

Отанға, ұлттық кодқа сүйіспеншілік пен құрмет; халық пен мемлекет мүддені, құндылықтарды қамту; бұрынғы және қазіргінің батырларын, фольклорлық кейіп-керлерді таныту, т.б.

3. Қазіргі замандағы сын-қатерлерді ескеру;

Суицид, лаңкестік, қатыгездік, зорлық-зомбылыққа, қате жіберуден қорқуға итермелейтін материалға жол бермеу; қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу; кәсіптер-мен танысу, еңбек адамына құрмет, т.б.

4. Жас ерекшеліктеріне сәйкестік ұстанымы;

Мәтін, иллюстрация, тапсырмалар мен баяндау тілі оқушылардың жас ерекшелігін ескеруі керек: танымдық дағдыларды дамытудағы баланс, стандартты және жаңа жағдайлар, бағалау түрлері, т.б.

5. Электронды оқу басылымдарына талап күшейтілді.

Электронды оқулық пен ОӘК-нің веб-платформадағы бағдарламалық өнім екені және сыртқы тасығышқа жазылатыны туралы талап белгіленді, функциялы-техникалық сипаттамалары анықталды.

Мектеп оқулықтарында терминдердің жүйелі түрде берілуіне және оқушылардың оларды қабылдауына кедергі келтіретін негізгі терминологиялық мәселелер мыналар:

1. Терминдердің тұрақсыздығы. Терминдерді аудару бойынша мамандар пікірінің екіге бөлінуі бір терминнің әртүрлі сөздікте әртүрлі аударылуына әкеліп отыр (пайыз, процент, мұражай, музей және т. б.).

2. Жоғарыда аталған мәселе оқулықтарда, әсіресе әртүрлі баспалардың балама оқулықтарында бір терминнің түрлі вариантта берілуіне себеп болуда.

3. Мектеп пәндері бойынша жалпы қабылданған ұғымдар мен терминдер тізбесінің немесе сөздігінің болмауы себепті, оқу әдебиетінің сарапшылары терминдерді қолданудың пәндер мен сыныптар арасындағы сабақтастығын қадағалай алмайды.

4. Терминдерді қалыптастыру принциптерінің әлсіздігінен бір ұғымды беруде терминнің бірнеше нұсқасы қолданылып жүрген жағдайлар кездеседі.

5. Оқушыларға терминдерді оқытудың педагогикалық аспектілері де нақтыланбаған. Сол себепті кейбір оқулықтарда терминдер шамадан тыс көп берілген.

1-6 сынып жаратылыстану оқулықтарының ұғымдық-терминологиялық аппаратына сараптама барысында біздің назарымызды аударған кей терминдерді мысал ретінде көрсетер болсақ:

1-сынып «Жаратылыстану»

«Боз ала таң»

«Боз ала таң – күн шапағының белгісі, таңның ағара бастауы».

«Боз ала таң – таң ағарып келе жатқан мезгіл, таңсәрі» (*Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі*).

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1.	Таңсәрі, рауан, шапақ	Заря	<u>Экология</u>
2.	Таңсәрі	Рассвет	<u>Экология</u>
3.	Таңсәрі	Рассвет	<u>Геология, геодезия және география</u>

Терминком сайтынан

2-сынып «Жаратылыстану»

«Дене сымбаты», «Дененің қалпы»

«Дененің қалпы», «Дене сымбаты – дененің тұрған, отырған және жүрген кездегі үйреншікті қалпы»

«Осанка – это привычное положение тела в состоянии стоя, сидя и при ходьбе».

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1	Дене мүсіні	Осанка тела	Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі
2	Сымбатты еңсе	Осанка грациозная	Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі
3	Тұлға; мүсін; сымбат	Осанка	Дене тәрбиесі және спорт

Терминком сайтынан

Әлемдік тәжірибеге назар аударсақ, Қытай Халық Республикасында Білім министрлігі білім беру стандарттарын әзірлеуде оқу бағдарламаларымен бірге оқулықтардың мазмұны бойынша нұсқаулықтарды, терминологиялық стандарттарды қоса дайындайтынын көреміз. Оқу орындарында терминдерді берудің біртұтастығын қамтамасыз ету үшін білім салалары бойынша терминологиялық сөздіктер әзірленеді. Бұл сөздіктерде бекітілген терминдер

мен олардың анықтамалары беріліп, бүкіл ел бойынша оқу материалдарында біркелкі қолданылуы қадағаланады. Ал баспа үйлерін басқару комитеті – осы процесті бақылайды, терминологиялық сөздіктерді әзірлейді.

Жапонияда оқулықтар мен білім беру материалдарындағы терминдерді стандарттау үшін терминологиялық сөздіктер қолданылады. Әр пән бойынша академиялық глоссарийлер әзірленіп, білім беруде қолданылатын терминдердің негізіне айналады. Терминологиялық сөздікті әзірлеумен тек білім министрлігі ғана емес, белгілі бір пәнге қатысты салалық министрліктер де айналысады.

Ресейде 2021 жылдан бастап 5-11 сыныптардағы барлық пәндер бойынша терминдердің жалпы тізімін анықтау үшін мектеп оқулықтарының терминологиясын анықтау жобасы жүзеге асырылуда. Терминдерді есептеу үшін олар жасанды интеллектіні қолдануда.

Аты аталған елдердің мектеп оқулықтарын жүйелеу үшін алдымен мектеп терминологиясына баса назар аударғаны анық байқалады. Шетелдік тәжірибені ескере отырып, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша мектеп оқулықтарының ұғымдық-терминологиялық аппаратын жүйелеу үшін төмендегідей негізгі міндеттерді ұсынамыз:

1. ҚР Оқу-ағарту министрлігі МЖМББС әзірлеуде оқу бағдарламаларымен бірге, әр пән бойынша меңгерілуі тиіс терминдердің көлемінің ұсынылуы;
2. Оқулықта қолданылуы тиіс терминдердің саны мен сапасына қойылатын талаптарын, оқулықтарға енетін терминдерді іріктеп алудың өлшем шарттары мен стандарттарын айқындау;
3. Оқулық тілін жеңілдету және терминдерді біріздендіру мақсатында оқулық авторлары мен сарапшыларына арналған терминдерді қолданылуы бойынша нұсқаулықтар әзірлеу;
4. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқу пәндері бойынша терминдердің мектеп сөздігін және оның цифрлық қосымшасын әзірлеу.

ОҚУ КОРПУСЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ МЕКТЕП ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

*Аитова Нұрлыхан Нұроллақызы**

Мәселенің қойылуы. Қазіргі кезеңде лингвистикалық мәселелерді шешудің, мәтіндерді өңдеудің, зерттеудің жаңа дерекқоры – корпусстық база әлемде ерекше мәнге ие. Ғалымдардың зерттеулерінде «Мәтіндік деректер массивтерін талдау мен өңдеудің корпусстық технологиялары тілдік зерттеулерді, соның ішінде сараптамалық сипаттағы зерттеулерді ұйымдастырудың және жүргізудің жаңа тәсілі болып табылатыны» айтылып жүр [Милруд және т.б., 2012]. Корпусстық технология көмегімен оқу материалдарын бағалаудың, талдаудың, жүйелеудің және зерттеудің сенімді әрі өнімді процедурасын жүзеге асыру үшін нақты бір зерттеу мәселесіне жауап бере алатындай мақсат көздеп, Оқулықтар немесе оқу құралдарының корпусын жасау қажеттігі туындайды. Осындай лингвистикалық корпусы ғылым тілінің мазмұнын зерттеу мен терминологияның түйткілді мәселелерін зерттеуде, жүйелеуге тың серпіліс беретін дүние ретінде қарауға болады. Бұл қазақстандық корпус тәжірибесінде әлі қолға алынбаған, алайда аса өзекті мәселе болып отыр.

Оқу/оқулықтар корпусы және оны қалыптастыру процедурасы

Оқу корпусын жасау үшін алдымен оның не екенін, оны құруға қандай факторлар әсер ететінін, нәтижесінде неге қол жеткізуге болады дегендерді болжап, мақсатты түрде қадам-қадаммен жұмыс жүргізу керек.

Тілді қолданудың табиғи жағдайларына, талаптарына жауап беретін, ауқымды, электронды түрде сақталатын мәтіндер жиынтығы ретінде корпус тілдік зерттеулердің қай түрін де нақты дерек негізінде талдауға ыңғайлы. Себебі корпустың тілдік толықтырылуы арнайы жүргізіледі, яғни мәтіндер таңдалып, іріктеліп, өңделіп енгізіледі. Мазмұндық жағынан әрқашан шынайы – тірі – табиғи негізділігімен ерекшеленеді.

Тілдік корпустар типологиялық жақтан түрлі болады. Тілдік корпустардың типологиясының ішінде педагогикалық және академиялық зерттеу корпустарының рөлі зор.

Оқу корпустарының өзі терминологиялық тұрғыдан түрлі атауларға ие: *оқу корпусы, педагогикалық корпус, оқулықтар корпусы, лингвистикалық корпус, академиялық мәтіндер корпусы, т.с.с.* Өз атауларына сай мазмұндық ерекшеліктері де болады.

Оқу корпустары тілдік мәтіндерге негізделеді. Оқу процесіне қолдану үшін жасалады немесе оқу процесінде зерттеу жасауға қолданылады. База құрылы-

** Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, ф.ғ.к., доцент.*

мы оқулықтар, оқу құралдары, академиялық, ғылыми жазбалар, сабақ процесінде қолданылатын, жазылатын, айтылатын түрлі академиялық материалдарды жинақтайды.

Соның ішінде, оқу корпусы негізінен мазмұны оны әзірлеушілердің мақсатына байланысты ерекшеленіп, жасақталады: 1) белгілі бір жекелеген пәнді үйрету үшін жасалады, мәселен, тілдік пәндерді шет тілі ретінде үйретуге негізделуі мүмкін. Ондай корпустарға Ресейдегі Жоғары экономика мектебінде жасалып жатқан «Корпус русских учебных текстов» (КРУТ) [2] корпусын жатқызуға болады; 2) академиялық мақсатта жасалып, ғылыми мәтіндерді жинақтайды, мысалы, *Corpora of Academic Texts* [3], Виллингтондағы Виктория университетіндегі «The Academic Corpus» [4], т.б. корпустарды атауға болады; 3) Оқулықтар корпусы белгілі бір оқу процесіне арналған оқулықтарды жинақтап, түрлі зерттеулерге, білім беру ісіне пайдаланылады. Енді осындай корпустардың кейбірі жөнінде мәлімет бере кетсек, «Корпус русских учебных текстов» (КРУТ) – бұл әртүрлі университеттердегі білім алушылар жазған орыс тіліндегі мәтіндер жинағы. Корпус 3 миллионнан аса сөзқолданысты құрайды. Мәтіндер белгіленімдік тұрғыдан метабелгіленім, морфологиялық белгіленім және қателерді белгілеумен қамтамасыз етілген. ООМК (КРУТ) – зерттеушілерге, оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ, орыс грамматикасы мәселелеріне, қазіргі орыс тілінің лексикасы, грамматикасындағы өзекті мәселелерді зерттеуге қызығушылығы бар көпшілікке арналған. Аталған ақпараттық-анықтамалық жүйеде қазақ тілді білім алушылардың билингв жағдайындағы тілін зерттеуге арналған қазақстандық орыс тілі мәтіндері де жинақталған. Бұл контрастивтік лингвистиканың корпустық зерттеуіне мүмкіндік беретін база деп те бағаланады.

Украинадағы Академиялық мәтіндер корпусында академиялық журналдарда жарияланған ғылыми мақалалар, очерктер, эсселер, конференция материалдар, ғылыми кітаптар, білім алушылардың диссертациялары, т.б. жинақталған.

CLARIN ERIC инфрақұрылымы 24 түрлі академиялық мәтіндерден тұрады. Оның 2-еуі көп тілді, 22-сі бір тілді. 11 тілдегі ғылыми мәтін жинақталған: чех, ағылшын, эстон, фин, француз, неміс, грек, орыс, словен, испан, швед. 15-тен астам ғылыми сала мәтіндеріне қолжетімдік: лингвистика, информатика, экономика, медицина т.б.

Виллингтондағы Виктория университетіндегі «Академиялық корпусы» университеттің 4 факультетіндегі мамандықтар бойынша әртүрлі академиялық пәндердің қайсысында қандай сөз жиілікте қолданылтынын айқындау мақсатында жасалған. Басқа да зерттеулерге қолайлы.

Қазақ тілінің мектеп оқулықтары корпусын жасау не үшін қажет дегенге жауап біреу: қазіргі кезеңдегі қазақша білім беру мазмұнының әлеуетін салыстырмалы зерделеуге және оқушылардың академиялық әлеуетін қалып-

тастыруға ықпал ететін тілдік мәтіндердің ортақ электронды базасын қолжетімді ете отырып, түрлі зерттеулерге жол ашу.

Бұл не береді?

- Біріншіден, оқу корпусы, дәлірек айтқанда оқулықтар корпусы түрлі жылдардағы әртүрлі баспаның, алуан авторлықтағы оқулықтарының білім сапасының мемлекет тарапынан бекітілген стандарттарға сай құрылған мазмұнын салыстырмалы зерттеудің алаңы бола алады; - Екіншіден, Оқулықтарда берілген білім мазмұнын, мектептегі әр сыныптарға шақталған пәндік нормалар ауқымын, авторлардың тәжірибесін, т.б. сараптауды, зерттеуді оңайлатады; - Үшіншіден, түрлі қырынан сүзгіленген статистикалық мәліметтер алынады; - Төртіншіден, пәндік терминологияның қалыптасуын, дифинициясының берілуін, ғылым тілін оқушылардың меңгеру динамикасын да талдауға, түрлі нормадан ауытқушылықтарды анықтауға, берілген білім-ғылымның функционалдық тиімділігін айқындау бағытындағы ізденістер жасауға да пайдалы.

Бұдан басқа да нәтижелерге қол жеткізуге болады: әр пән бойынша жиілік сөздіктер шығару, мектепте 11 жыл білім алу шегінде және әр пәннен, сондай-ақ, толықтай барша пәндер жиынтығында оқушы меңгеретін сөзқолданыстардың, терминдердің, тақырыптардың, авторлардың, формулалардың, т.б. электронды сөздігі, анықтағышы, т.б.

Ол үшін ең алдымен, қазіргі қолданыстағы мектеп оқулықтарының электронды базасын мемлекет тапсырысы негізінде жинақтап, материалдарды корпусқа сәйкес аннотациялап, корпус сайтын қажетті параметрлерде интерфейстерін, іздеу функцияларын, т.б. ойластырып, жасақтап, лингвистикалық талдау алгоритмдерін, анализаторларын, т.с.с. әзірлеп жұмыс істеу мүмкіндігі бар. Оған мемлекет қолдау көрсетуі маңызды.

Қорыта айтқанда, оқулық корпустары материалдарын қолдануға лингвистикалық сараптама жүргізудің әлемдік тәжірибесіне сүйенсек, Оқулықтар корпусын қалыптастыру әрі әдіс, әрі база ретінде тиімді. Корпустық әдісті дұрыс қолданған кезде алынатын нәтижелердің объективтілігі артуына, лингвистердің жұмысын да жеңілдетуге септігі бар.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Мильруд Р.П., Карамнов А.С. *Компетентность учителя иностранного языка// Иностранные языки в школе.* – 2012. - №1. – С.11-17.
2. Корпус русских учебных текстов (КРУТ) // http://web-corpora.net/CoRST/search/index.php?interface_language=ru
3. Corpora of Academic Text// <https://www.clarin.eu/resource-families/corpora-academic-texts>
4. The Academic Corpus // <https://www.wgtn.ac.nz/lals/resources/academicwordlist/information/corpus>

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНДЕГІ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Анафияева Гульсара Кайбуллаевна**

Білім беру жүйесіндегі басшылыққа алынатын негізгі құрал оқулық болғандықтан, мұнда пәннің мазмұны баяндалып қана қоймай, оқушыларға алғашқы ғылыми түсінік те беріледі. Оқулыққа қойылатын педагогикалық талаптардың бірі - оқу материалдарының қазіргі ғылым мен технологияның дәрежесіне сәйкес баяндалуы. Жаңартылған оқу бағдарламасына сай әзірленген оқулықтардағы берілген ғылыми терминдердің оқушылардың деңгейіне сайы да, сай емесі де бар. Оны пән мұғалімдерімен сұхбаттасу барысында біліп, ал оқулықтардың электронды нұсқаларын шолу барысында көзім жете түсті.

5-сыныптан - 9сыныпқа дейінгі оқулықтарды шолып шығу барысында терминдердің аса күрделеніп берілгенін байқай қоймадым. Терминге түсініктемелері жақсы берілген. Терминком бекіткен қолданыстар сақталған. Сонда да болса, оқулық авторларының баланың жас ерекшелігіне сай емес кейбір сөздерді қолданғанына мысал келтіре кетсем деймін. 5-сыныпқа арналған жаратылыстану пәнінің оқулығында «классификация», «гипотеза» деген сөздердің баланың қабылдауына ауырлығы түгілі, айтуға тілі де келе бермейтіні айдан анық. «Гипотеза» деп шетел тілдегі түрін емес, «болжам» деген ұлттық тіліміздегі баламасын неге қолданбасқа?! Ал «классификация» деген «сұрыптау, жіктеу» деп аударылған сөздікте. «Өсімдіктер мен жануарларды түрге және топқа бөлудің *жіктемесін* жасады» деп төл терминдерімізді қолдансақ құба-құп болар еді. [1]



Ш. Уәлиханов – қазақтың ұлы ғалымы, ориенталист (шығыстанушы), тарихшы, этнограф, географ. Шоқан Жетісу, Ыстықкөл аймағының фаунасы мен флорасын зерттеді. Ыстықкөлдің картасын жасауға қатысты.

Герард Меркатор бірінші болып Жер шарын тегіс картаға түсіру жобасын жасады.

Галилео Галилей 32 есе үлкейтіп көрсететін телескопты ойлап шығарып, Юпитердің 4 серігі барын дәлелдеді. Күн бетіндегі дақтарды, Сатурнның сақинасын ашты.

Исаак Ньютон бүкіләлемдік тартылыс заңын ашты, механика және оптиканы зерттеді.

Карл Линней өсімдіктер мен жануарларды түрге және топқа бөлудің классификациясын жасады.

Михаил Васильевич Ломоносов физика және химия салаларында тың жаңалықтар ашты.

Чарлз Дарвин адам маймыл тәрізділерден жаралған деген гипотезаны ұсынды.

/5-сыныпқа арналған жаратылыстану пәнінің оқулығы, 7-бет/

* Ақтөбе облысы Алға ауданы Бестамақ орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, gulsara.anafiyeva.68@mail.ru

Терминдерді қолданудағы мәселе жаратылыстану бағытындағы биология пәндерінің 10-11-сынып оқулықтарында кездеседі. Оқулық тілінің өзі орыс тілінен калькалау әдісімен жасалған аударма тіл екені бірден-ақ байқалады. Профессор Н.Уәли: «Кеңестік-тоталитарлық саясаттың салдарынан қазақ тілін тұтынушылардың санасында кирилл жазуына негізделген қазіргі қазақ әліпбиінде орыс тілінен енген кірме сөздерді еш өзгеріссіз қабылдау және өзіндік айтылым нормасына бейімдемеу сияқты теріс стереотиптердің қалыптасуына себеп болды... Өзге тілден енген кірме сөздердің ұлттық мәнеріне бейімделудің тілдік тетігі (механизмі) көптеген жылдар бойы сыртқы тілдік емес факторлардың күші арқылы тежеліп отырды» деген [2] сөзінің айғағы осы оқулықтардан байқалады. Терминком бекіткен *ағза*, *үдеріс*, *жасуша*, *ұлпа* деген ұлттық терминдер бүгінде тілімізге сіңісіп кетті. Бүгінгі жас ұрпақ бұл сөздердің қазақшасын орта буында миына сіңіріп өскендіктен, ғылым тілі де қазақшаланып, ұлттық ғылыми терминдеріміз қолданысқа енді деп қуанып қалсақ, 10-сыныптың биология оқулығында «ағза», «үдеріс» сөздерінің орнына қайтадан «организм, процесс» деген терминдер қолданылып жүр [1]./201-бет/. Бұны авторлардың терминком бекіткен ұлттық терминдерімізге салғырт қарағандығы деп түсінеміз бе, әлде профессор Н.Уәли айтқандай «теріс стереотиптердің қалыптасуынан» ба, білмедім. Бірақ оқулықтың соңындағы пайдаланылған әдебиеттер тізімінен бірден аңғаруға болады: онда бір де бір қазақ авторлары жоқ, орыс, ағылшын тілді еңбектер екен.

Бұл орысша еңбектерді қазақшаға аударып жазу да бір-екі адамға оңай емес. Және жаңартылған оқулықтардағы спиральді оқыту үдерісі мен пәндердің кіріктірілуі, оқушылардың функционалдық сауаттылығы - бәрі ескерілген. Десек те, көңіл алаңдатарлық бір нәрсе бар: ол жоғары сынып оқулықтарындағы медициналық терминдердің шамадан тыс көптігі. Бұл мәселе Ш.Құрманбайұлының «Оқулықтарға енетін терминдерді іріктеу мен қолдану мәселесі» атты мақаласында да көтерілген болатын. Ол бастауыш сынып оқушыларына күрделі терминдерді үйіп-төгіп берудің пайдасы жоқ екенін айтқан болатын. Жаңа ене бастаған терминдерді талғамай қолданудың зиян екенін айта келіп, «мектеп оқулықтарына негізінен ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен терминдердің енгені жөн. Оқулық авторларының бұған баса мән бергені абзал...» деп тұжырымдаған болатын [3]. Жоғары сыныптардағы биология оқулықтарындағы жағдай да осыны көрсетеді. Терминнен басқа да «аспект, конфигурация, эффект» деген сөздерді қазақшалап қолдануға мүмкіндік бар сияқты. «Әсер ету эффектісі» деген сөзді алсақ, эффект сөзінің аудармасы орысша-қазақша сөздікте әсер ету, нәтиже деп аударылыпты. Сонда әсер ету әсері бола ма? Әсер ету нәтижесі бола ма? Эффект деген сөздің аудармасын контекстегі мағынасына қарап бірде әсер, бірде нәтиже деп қолдануға болады. Мысалы дәрінің эффектісі

жоқ дегеннің орнына дәрінің әсері жоқ деп қолдануға әбден болады. Ұғымға да жеңіл. «Әсер ету эффектісі» деген сөзді әсер ету нәтижесі немесе әсер ету тиімділігі деп алса болар еді[1](206-бет). Өйткені бұл сөздің мағынасы оң әсер, тиімділік дегенге де келеді. Ал «аспект» сөзінің негізгі аудармасы нысанның бір қыры, бір жағы деген мағына береді. Мысалы, «педагогикалық аспект» сөзін «педагогикалық қыр» деп түп-тура калькаламай, «педагогиканың бір қыры» деп қолданса қалай болады?! Оқулықтарды щолу барысында мазмұнын жақсы түсінуге осындай шетел сөздерін оңынан-солынан қолдана бергені де оқушы ұғымына қиындық туғызады деген ойға келдім.

Бұл мақаланы жазуыма себеп болған - мектеп мұғалімдерінің «оқулықтың тілі ауыр, терминдер өте көп, жақсы оқитын оқушылар болмаса, көпшілігіне игерту қиын» деген мәселелерді тілге тиек еткені.

Сөзіміздің дәлелі ретінде тағы да оқулықтағы терминдер жүйесіне жүгінейік.

11-сынып.Биология оқулығы, жаратылыстану – математикалық бағыт

187-189-беттер

Пассивті деполяризация — мембрана арқылы әлсіз шығаберіс бағыттағы (анод — ішінде, катод — сыртында) электр тоғы өткенде пайда болады.

Преципитация — ерітілген антигеннің антиденемен әрекеттескен кезіндегі тұнбаға түсу феномені.

Пиноцитоз (*pinocytosis*; лат. *pino* — жұту, ішу, сіміру; *kytos* — жасуша) — жасушаның плазмолемма арқылы қоршаған ортадан сұйық затты немесе ерітіндіні нәзік — микроскопиялық мөлшердегі көпіршіктер түрінде сіңіру процесі.

Плазмодесма — өсімдіктердің көршілес жасушаларын қосатын цитоплазмалық көпірше.

Плазмолемма — жасуша протоплазмасын қоршаған ортадан бөліп, зат алмасу, тасымалдау, рецепторлық қызметтер атқаратын жасуша қабықшасы.

Пластидтер (грек. *plastides* — жасайтын, түзейтін) — өсімдік жасушасына тән органоидтер.

Плюрипотенттілік — ересек адамның бағаналы жасушаларының кез келген түрін түзу қабілеті (сүтқоректілерде).

Позитронды-эмиссиялық томография — бұл адамның немесе жануарлардың ішкі мүшелерін зерттеуге арналған радионуклидтік томографиялық әдіс.

Полидипсия — сусамыр, суды көп ішу.

Полиурия — зәр түзілуінің көбеюі.

Полиэмбриония — бір тұқымда бірнеше ұрық түзілуі.

Поляризация (франц. *polarisation* — алғашқы негізі, грек. *polus* — ось, полюс) — биологиялық құрылым бөліктерінің арасындағы электр потенциалдардың айырмасы және оның пайда болуы.

Толқын ұзындығы — толқын тербелісінің толық циклінің (периодының) ұзындығы.
Тотипотенттілік — тұтас организмнің жіктелу қабілеті (ұрықтанудан кейін 11 күн).
Трансляция — полипептид тізбегінің гендегі а-РНҚ негізінде ақпаратқа сай түзілуі.
Ультракүлгін сәуле шығару — жарық сәулелері спектрінің күлгін бөлігіне іргелес, күлгін және радиосәулелер аралығында орналасқан, толқын ұзындығы 400—10 нм (на-нометр) аралығына сәйкес келетін электрмагниттік сәулелер.

Ультракүлгін микроскопия — зерттеу толқын ұзындығы 0,2 мкм болатын қысқа ультракүлгін сәулелерді пайдалануға негізделген.

Фагоцитоз (фаг және грек. *kytos* — жасуша) — біржасушалы организмдердің немесе кейбір көпжасушалы жануарлар жасушасының микроскопиялық бөтен тірі нысандар (бактериялар т.б.) мен қатты бөлшектерді сіңіріп алып, қорытып жіберуі.

Фазалық контрастты микроскопия — боялмаған мөлдір гистологиялық кесіктерді зерттеуде пайдаланады.

Флуоресцентті микроскопия — флуоресценция құбылысына, яғни зерттелетін гистологиялық объектінің сәулелі энергия әсерінен қозуына негізделген.

Хоуминг — бағаналы жасушаларды организмге енгізгенде зақымдану аймағын тауып, сол жерге бекіп, жоғалған қызметін орындауы.

Хроматин иммунопреципитациясы (ChIP) — зерттеуші геномда ДНҚ-байланыстырушы нәруызды байланыстыру сайттарын табу әдісі.

Хроматофор — құрамында пигменті бар, жарық шағылыстыратын жасушалар.

Электронды микроскопия — жарық сәулелері толқындарына қарағанда 100 000 есе қысқа электрмагнит толқындарын пайдаланып, объектілерді миллиондаған есе үлкейтетін жаңа микроскоп.

Эмбрион (грек. *embryon* — ұрық) — аталық және аналық жыныс жасушаларының қосылуы нәтижесінде пайда болады. Ұрықтану — жануарлар мен адам организмінде жатыр түтігінің жоғарғы бөлігінде, ал суда тіршілік ететін жануарларда — сулы ортада жүреді.

Эмбрионалды бағаналы жасушалар (ЭБЖ) эмбрион дамуының ерте кезеңінде ішкі жасуша салмағын (ІЖС) немес эмбриобластты түзеді.

Эндоплазмалық тор (*reticulum endoplasmaticum*, лат. *reticulum* — тор, *endoplasmaticum* — эндоплазмалық) — ұзынша келген қуысты түтікшелер мен өзекшелерден тұратын, қабырғасы биологиялық мембраналармен шектелген жасуша нитоплазмасының органелласы.

Сонымен, мектеп оқулықтарына енгізілген терминдерді зерделеу барысында терминдердің басым көпшілігі кірме терминдер екенін байқадық. Ахмет Байтұрсынов: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді» – деп, тілдің міндетін жан-жақты түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білу керектігін жақсы жеткізген [4]. Ұлы тұлғаның қазақтың ұлттық ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі орасан. Әдебиет, тіл саласы бойынша жасап кеткен терминдерін әлі күнге қолданып келе жатырмыз. Бір өзі бір терминкомның жұмысын атқарған ғалымның деңгейіне жете алмай жүргеніміз шындық.

Ауылдық мектептердің оқушылары іріктелген дарынды балалар мен НЗМ мектептерінің оқушыларындай емес, инклюзив балдар мен әлеуметтік тұрмыстық жағдайы төмен, ата-аналар тарапынан қадағалауы жоқ төмен ұл-

герімді балалардың жетерлік екенін ескерсек, жағдай тіпті қиын. Осыдан келіп оқушылардың пәнді меңгеру деңгейі мен қызығушылығы төмендейтін жағдайлар орын алады. Өйткені орта, төмен деңгейде қабылдайтын оқушыларға оқулықты өз бетінше оқып, бағдарлама мазмұнын игеру қиындық туғызады. Сондықтан бүгінгі оқулықтарға аударылмай еніп жатқан терминдер легінің ұлттық тілімізге төндіретін қауіпі зор деп есептеймін. Әрине, бәрін аудару мүмкін болмаса да, сөздік қордан баламасын тауып, дер кезінде енгізіп отырмасақ, кеш қаламыз. Бұл жерде ғылым негіздерін оқытуды негізге алып қоймай, оқушылардың ана тілін де қалыптастырып жатқанымызды ұмытпаған жөн.

Қорыта келе ұсынарым:

Біріншіден, оқулықтарды жазарда жаратылыстану ғылым салалары мамандарынан басқа тіл майталмандарын, терминком мүшелерін құрамға қосып, қазақша балама ұлттық терминқорды төл атауларымызбен байыту.

Екіншіден, әрбір оқулықты баспаға жібермес бұрын жіті зерделеп, терминдерді қолданудағы, оның анықтамалығындағы шұбалаңқы сөйлемдер, қайталанатын ұғымдарды ықшамдап, нақтылап, ойдың жүйелі, оқушының жас ерекшелігіне сай жеткізілуін қамтамасыз ету.

Үшіншіден, қазақ тілінде баламасы табылмаған терминдердің туыстас халық тілдерінен аударып алуға назар салу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://www.okulyk.kz>

2. Уәли Н. *Лингвистикалық және мәдени-әлеуметтік түрткісайттардың басымдылығы // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы.* А., Арыс, 2007. – 410б. 179б.

3. Құрманбайұлы Ш. Оқулықтарға енетін терминдерді іріктеу мен қолдану мәселесі // *«Білім беру ресурстарын жетілдіру: тәжірибе және болашағы = Модернизация образовательных ресурсов: опыт и перспективы = Modernization of educational resources: experience and perspectives»* тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (18-19 сәуір, 2019 ж.) / ред. – С.К.Омарова. Нұр-Сұлтан: «Оқулық» РҒПО, 2019. – 471 б.

4. Байтұрсынов А. *Шығармалары.* –Алматы, 1989. 141-б.),

МЕКТЕП КУРСЫ БОЙЫНША ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕ ТЕРМИН- ДЕРДІ ҚОЛДАНУ АЯСЫ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ

*Кадирбаева Дидар Артықбайқызы**

Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне еруге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды даярлаудың сапасын арттыруды талап етіп отыр. Қазіргі білім алушылар проблеманы қоя білуге, оны талдауға, жалпылауға, өзінің іс-әрекетін пайымдауға, болжамды теориялық тұрғыдан негіздей білуге, зерттеу әдістерін таңдауға, ақпараттан өзіне қажеттіні ажырата білуге мүмкіндік беретін зерттеушілік пен дағдыны игере отырып, кәсіби міндеттерді сауатты шешуге, әр іске шығармашылық пен жаңашылдық тұрғысынан қарауға қабілетті болу керек. Бұл іс әрекеттің барлығы білім алушылардың күнделікті ұстаздың берген білімі мен оқулықтардағы мәліметтерге негізделеді.

Оқулық – дидактика мен оқу бағдарламасы талаптарына, оқыту мақсатын ескеріп, оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйелі баяндайтын кітап. Оқулық оқу орындарының типіне қарай жасалады. Оқулыққа мынадай педагогикалық талаптар қойылады:

- оқу материалдарының қазіргі ғылым мен технологияның дәрежесіне сәйкес баяндалуы;
- жоғары идеялылығы, тәрбиелік міндеттерге сәйкестігі;
- мазмұнының бағдарлама мазмұнына сәйкес әрі түсінікті болуы;
- материалдарының оқушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес баяндалуы;
- дәл және анық, нақты қорытындылар, ережелер, заңдар мен анықтамалардың баяндалуы, тілдің жатық, әдеби және ықшам болып, оқушылардың ұғымына сәйкес келуі;
- оқу материалын меңгеруді жеңілдететіндей иллюстрация, сурет, кесте, диаграмма, сызба мен сызулардың болуы;
- сыртқы пішінінің (қағаз, шрифт, мұқабасының) ретті сәндендірілуі. Негізгі оқу пәндерінің оқулықтарына қосымша хрестоматия, есеп жинақтары, жазбаша жаттығу кітаптары, анықтама, сөздік, оқу кітаптары, тарихи және географиялық карталар, т.б. қолданылады.

Орта білімді ресурстық қамтамасыз етудің негізгі элементтері - жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендер.

** Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті География кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, didar_art@mail.ru*

Оқулық - жалпы білім беретін мектептердің оқу үдерісіне мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және типтік оқу жоспары негізінде, сонымен бірге пән бойынша жүйелі түрде мазмұндалған, игеру міндетті оқу материалдары енгізілген негізгі кітап.

Қазір күн санап дамып отырған ғылымдағы жаңалықтар, оның ішінде терминдік бірліктер білім беру процесіне атап айтқанда, мектеп оқулықтарына да енуі – қалыпты заңдылық.

Мектеп оқулықтарындағы терминдердің қолдану аясына сараптамалық талдау жасап, ғылым тілін меңгертудің бастапқы деңгейлерінің бірі – терминдердің берілу үрдісін зерделеу бүгінгі туындап жатқан олқылықтарды жоюдың негізгі шешімі.

Мектеп оқушылары 5-сыныптан бастап жаңа пән – географияны (Жаратылыстану) оқи бастайды. Кез келген пән сияқты оның да өзіндік зерттеу нысаны бар. Бастапқы географиялық түсініктен бастап ғылыми терминдерге, ұғымдарға және анықтамаларға толы. Ұғымдарды, терминдерді және анықтамаларды білу қажет, оны меңгеру арқылы ғана оқушы дұрыс географиялық тілде сөйлей алады. Әр тақырыптарда географияның өзіндік географиялық терминдері мен анықтамалары бар. Картамен жұмыс жасау үшін де бірқатар терминдермен танысу қажет.

Оқулықтарда берілетін терминдерді оқытудың дидактикалық талаптармен сәйкес келуі, терминдердің ұғымының жеңілдігіне оның құрылымы, қолданысына сараптама жүргізе отырып, көрсетілген оқулықтар негізінде анықтамалар келтірілді: 7 сынып оқулығы 1,2 бөлім (Қаратабанов Р.Ә., т.б.), 8 сынып оқулығы 1,2 бөлім (Қаратабанов Р.Ә., Қуанышева Г.А., Байметова Ж.Р., Джаналеева К.М.), 9 сынып оқулығы 1,2 бөлім (Усиков В., Егорина А., Усикова А., Зэбенова Г.). 10 сынып оқулығы ЖМБ (Каймулдинова К., Абдиманапова Б., Әбілмәжінова С.), 11 сынып оқулығы ЖМБ (Каймулдинова К., Әбілмәжінова С.).

Сонымен қатар, география пәнінің практик оқытушылары арасында шағын сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында география пәні бойынша 7-11 сыныптарға арналған мектеп оқулықтарында терминдердің әртүрлі нұсқада берілуі, мектеп оқулықтарының терминологиясының біріздендірілуі, жас ерекшелігіне қарай қиындық тудыратын терминдердің кездесуі, терминдердің қолданысында жарыспалылық бейнесінің болу мәселелерін қамтыды. Нәтижесінде практик оқытушылар тәжірибесінен терминдердің қолдану аясына қорытындылар жасалып, нұсқалары берілді.

7 сынып оқулығы бойынша «Атмосфера» бөлімшесі бойынша атмосфераның құрылымы сипаттау барысында аралық аймақтарды тропоүзіліс, стратоүзіліс, мезоүзіліс деп түсіндіріледі. 8 сынып оқулығы «Литосфера» бөлімшесі, «Жер бедері түрлерінің қалыптасуы және таралуы» тақы-

рыбында платформаның құрылымы: кристалды іргетас (астыңғы қабат), шөгінді тыс (жоғары қабат) деп берілсе, 9 сынып оқулығының «Литосфера» бөлімшесі бойынша платформаның құрылымы: фундамент (төменгі ярус), шөгінді қабаттан тұрады деп түсіндіріледі. 9 сынып оқулығының «Литосфера» бөлімшесі бойынша пайдалы қазбалардың тобы: жанатын, рудалы, рудалы емес болып топтастырылса, 8 сынып оқулығы «Литосфера» бөлімшесі бойынша пайдалы қазбалар қолданылуына қарай жанғыш, рудалы (металл және металл емес), рудасыз (металл емес және жанбайтын пайдалы қазбалар) болып бөлінеді. 8 сынып оқулығы «Атмосфера» бөлімшесі бойынша климат қалыптастырушы түрткіжайттар, 9 сынып оқулығында климат қалыптастырушы факторлар деп түсіндіріледі. Күн радиация түрлері: «шағылған», «жұтылу» келесіде «шағылысқан», «жұтылған» деп беріледі [1; 2]. 8 сыныпта «Литосфера» бөлімшесі бойынша «Хемогендік жыныстардың жіктелуі» тақырыпшада берілген терминдер оқушы меңгеруіне ауырлау және қажетсіз артық мәліметтер қамтылған. «Метаморфтық тау жыныстары» тақырыпшада дәл осындай, ұғынуға ауыр терминдер легі берілген. «Көлдер мен мұздықтар» тақырыбында қажеттілік деңгейі төмен ұғымдар тізбегі берілген. Оқулық соңындағы глоссарий бөлімінде берілген термин сөздер ұғынуға тым ауыр және құрылымсыз нұсқада қамтылған. 9 сынып оқулығы «Географиялық зерттеулер әдістемелер» бөлімшесі бойынша қашықтық әдістері белсенді, белсенді емес болып бөлінеді. 11 сынып оқулығы «Картография және геоинформатика» бөлімшесі қашықтан зерделеу әдістері пассивті, активті деп бөлінеді [2; 3]. 10 сынып оқулығы «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімшесі бойынша «дешифровка» термині келесі оқулықта «бажайлау» деп те беріледі. Ал, эксперттік әдіс, 11 сынып оқулығы сараптамалық әдіс деп қолданылады [4]. Оқулықтарында терминдердің қолданысында жарыспалылық байқалады. Мысалы, ағза – организм, локальді – жергілікті.

«Географиялық нысан атаулары» ұғымының өзі бірде «халықтық терминдер», енді бірде «географиялық терминдер», «географиялық объектілер» деп аталады. Оқулықтарда геохронологиялық кесте, геохронологиялық шәкіл, жер қыртысы учаскелері, жер қыртысы бөліктері сөз тіркестері де алуан түрлі формада қолданылады.

Жалпы алғанда, 7 сынып оқулығында берілген глоссарий тізіміндегі термин сөздердің анықтамасы оқушылардың жас ерекшелігіне күрделі жазылған. 10 және 11 сыныптардың оқулығы жалпы тілі ауыр жазылған, термин сөздер де, мәтін де бір оқығанға түсініксіз, қайта нақтылап оқып түсінуге тура келеді.

Географиялық нысандарға қатысты терминдерді қолдану аясы сарапталды. Қазіргі кезде халықтың мәдениеті мен дүниетанымының, соның ішінде та-

биғаттану әлемінің аясында қалыптасқан халықтық терминдердің даму эволюциясы арнайы зерттеулерді талап етеді.

Әлеуметтік тұрмысымызда экономикалық география саласының инвестиция, маркетинг, менеджер, сөздерін қолдануға мәжбүр болсақ, осы салада дилер, брокер, модератор сөздері кәсіби терминге айналғанын байқауымыз. Жастар арасындағы сленг сөздерді қоспағанның өзінде енген ағылшын сөздерінің бейнесі ұлғаюда. Негізінен жаңа сөздердің пайда болуы біздің сөздік қорымызды кеңейтеді, бірақ, кірме сөздердің көптігі тіліміздің бірегей табиғи қалпына нұсқан келтіріп, тіліміздің тазалығын жояды.

Ғылым мен экономика және тілдік, ақпараттық қатынастар дами отыра адам өмірінің түрлі салаларға жіктелуіне байланысты, жер бетін сипаттау мағынасындағы лексикалық кешеннің элементтері әр түрлі салаларға бейімделіп, заман талаптарына сай қызметтерге ие болып отыр. Соның ішінде терминологиялық мәселелері бойынша туындайтын сұрақтар географиялық әрі филологиялық тұрғыдан жауабын күтетіні айқын [5].

Қорытындылай келе, пәнді меңгеру барысында оқушылар көптеген тарихи түсініктер мен терминдерді кездестіреді, олардың кейбіреулері қазақша аударылып, термин ретінде қабылданған болса, басқалары ежелгі латын және грек тілдерінде, сондай-ақ қазіргі шеттілдерде беріледі. География пәні бойынша мектеп оқулықтарында қолданылатын терминдердің ғылыми негізі мен әдіснамасын әліде жетілдіріп, мектеп терминологиясының жүйеленген базасын қалыптастыруды ұсынамыз. Анықталған мәселелердің шешімі академиялық терминдердің түпнұсқасы қолданыста болса жеткілікті қазақшаға аудару қажет етпейді.

Сондықтан мектеп оқулықтарында терминдерді оқыту әдіснамасын жүйеге келтіріп, барлығына ортақ әр сыныптарға нақты жүйелі терминологиялық әдістемелік құрал құрастырылуы қажет. Әдістемелік құралда география пәні бойынша түсініктер мен терминдердің маңызы, пайдалану әдістері және анықтамалары берілуі ұсынылады. Әдістемелік құралдың құрылымы оқушыларды қазіргі география пәні, географиялық үдерістің негізгі мәселелерінің қазіргі зерттелу дәрежесіне орай қалыптасқан географиялық түсініктер мен терминдерді меңгертуге, оларды өзіндік ой қорытуға дағдыландыру міндетіне бағдарлануы қажет [6].

Өкінішке қарай, мектепке арналған терминологиялық сөздік түрлері аз. Яғни, бүгінге дейін мектеп терминологиясы қазақ терминолог ғалымдарының зерттеу нысанына айналдыруды қажет етеді.

Жалпы бүгінгі басты міндет – тіл мәртебесіне сай терминдерді қолдану, шет тілінен аударылған терминдерді біріздендіріп, жүйелеу. Бұл міндеттің алдағы уақытта өзінің жүйелі шешімін табады деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қаратабанов Р.Ә., Қуанышева Г.А., Байметова Ж.Р., Джаналеева К.М. *8 сынып оқулығы 1,2 бөлім.* – Алматы, 2018. – 63 б.
2. Усиков В., Егорина А., Усикова А., Зэбенова Г. *9 сынып оқулығы 1,2 бөлім.* – Алматы, 2019. – 58 б.
3. Каймулдинова К., Әбілмәжінова С. *11 сынып оқулығы, ЖМБ.* – Алматы, 2020. – 10 б.
4. Каймулдинова К., Абдиманапова Б., Әбілмәжінова С. *10 сынып оқулығы ЖМБ.* – Алматы, 2019. – 20 б.
5. Интернет сілтемесі: <https://www.termincom.kz/articles/?id=33>
6. Ұ.Ә.Есназарова. *Қазақстанның физикалық және экономикалық географиясын оқыту.* Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. Алматы. Рауан. 1994,1996, -114 б.

ИНФОРМАТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Ахымбеков Ельдос Қонысбекович**

Күнделікті өмірде компьютерлік технологиялар игерілуде, бұл өз кезегінде компьютерлік терминологияның кеңінен танымал болуына, сонымен қатар оны кәсіби мамандардың ғана емес, қарапайым қазіргі заманғы желі пайдаланушыларының күнделікті жұмысында ауызша және жазбаша сөйлеуіне енгізуге әкеледі.

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептерде информатика пәнін оқыту әдістемесін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану өзекті мәселелердің бірі болып табылатынын айта кеткен жөн. Информатика жаратылыстану ғылымы болғандықтан терминологияның жоғары дәрежесімен сипатталады [1, 24].

Жалпы әдеби ұлттық тілдің бір қабаты – ғылым тілі, оның орталық орнын терминология алады. Терминология – терминдер жиынтығын білдіретін арнайы ғылыми-техникалық ұғымдарды білдіру, сақтау және беру құралы. Қазіргі тіл білімінде «термин» ұғымының әмбебап анықтамасы жоқ. Әрбір автор таңдаған тәсіл негізінде оны анықтайды. Кең мағынада термин деп ғылыми ұғымды білдіретін және арнайы білім жүйесіндегі тұрақты, қайталанатын элемент болып табылатын, онда белгілі бір жіктеу орнын алатын сөз немесе сөздердің тіркесімі түсініледі.

* Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты №94 ЖОББМ информатика пәні мұғалімі, yeldos.akhymbekov@mail.ru

Ақпараттық технологияның теориялық негізі информатиканың ең маңызды заңдылықтары болып табылады. Бұл тілде белгілі бір құбылыстарды немесе процестерді сипаттайтын жаңа арнайы ұғымдардың пайда болуына тікелей әкеледі. Осыған байланысты оларды терминдер арқылы атау аса қажет.

Орыс тілінде ХХ ғасырдың 90-жылдарында ағылшын тіліндегі информатика терминдерінің көптеп пайда болуы, ең алдымен, экстралингвистикалық себептермен түсіндіріледі. Алғашында ағылшын тілінен пайда болған компьютерлік терминология ағылшын тілінен шыққан терминдермен толықтырылды. Ақпараттық технологияның орыс терминологиялық жүйесіндегі ағылшын сөздерін алудың осы әдістерін аппараттық құрал терминдерінің мысалында қарастыруға болады. [2.45бет]

Күнделікті информатика сабағы барысында көптеген термин сөздерді жиі қолданудамыз. Мәселен компьютерлік технология саласы күрделі гибриді терминдермен сипатталады. Күрделі гибриді терминдер «шетелдік термин + орыс тілі термині» үлгісіне сәйкес жасалған терминдер ретінде түсініледі, мысалы, компьютерлік терминологияда: CD дискі, Bluetooth желісі, IP мекенжайы, т.б [3, б. 1079]. Оқушылар арасында информатика лексикасымен жұмыс істеудегі ең үлкен қиындық – көп компонентті терминдерді түсіну, яғни әр терминге сабақ барысында тоқталып, нақты түсінік жұмыстарын жасаудамын.

Информатика тілі мәтінмен жұмыс істеуді көрсететін көптеген термин сөздерді қамтиды: бұл мәтіннің құрылымдық бөліктері де, оны жасауға, өзгертуге және тексеруге жауапты бағдарламалар (абзац, курсив, тақырып, жоларалық интервал, өлшем, шрифт, гипермәтін, анимация, диаграмма шебері, мәтіндік редактор, графикалық редактор). Қолданбалы программаның өңдеу объектісі құжат деп аталады. Компьютердегі ақпарат жүйеленеді. Осылайша, қатты немесе иілгіш дискіге жазылған байттардың атаулы жиыны файл терминімен белгіленеді. Оның мекен-жайы, аты бар. Ақпаратты сақтаудың басқа түріне – көшіруге ерекше көңіл бөлінеді. Осы мақсатта сканер мен скриншот жасалады. [3.21бет]

Информатиканың екінші даму кезеңінің терминдерін талдау мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді: бұл ғылымның сөздік қоры бағдарламалар және олармен әртүрлі операциялар, ақпарат түрлері және олармен жасалатын әртүрлі операциялар сияқты бұрыннан белгілі топтардың қосылуы есебінен кеңейді. оны сақтауға және тасымалдауға арналған құрылғылар. Терминдердің жаңа тақырыптық тобы пайда болды - құжаттар, мәтіндер және олармен жұмыс.

Ақпараттық технология тілін толықтыру жолдары мен терминдерді қалыптастыру әдістері шамамен өзгеріссіз қалды: тікелей қарыз алу (адаптер, интерфейс, пиксель), белгілі сөздердің жаңа мағыналарын дамыту (блокнот, құжат, вирус, жарлық), әртүрлі сөзжасам тәсілдері (мысалы, құрама терминдік

файл жүйесіндегі бірінші сөз жұрнақ әдісі арқылы жасалады; аббревиатура), үйлестіру (иерархиялық құрылым, дыбыстық карта) немесе басқару (меню жолы, мәліметтер қорын басқару) негізінде күрделі атауларды жасау Жүйе). Префикс сөзжасам әдістерінің арасында қолданылмайды, бірақ алынған сөздердің ішінде Excel бағдарламасындағы жұмыс кітабын қамтитын бір термин кездеседі.

Ақпараттық технологияның үшінші кезеңі ақпараттандырудың әлеуметтік аспектілеріне (коммуникациялық технологиялардың дамуы) назар аударады. 2006 жылдан қазіргі уақытқа дейін ғылыми зерттеулердің кешенді пәнаралық саласы қалыптасты. Сондай-ақ, бұл кезең интернет дәуірінің басы деп айта аласыз және интернетке қатысты барлық ресурстар рунет деп аталды. Бұл сөздерде оқушылар арасында кеңінен қолданылып, олардың термин сөздерді меңгеруіне айтарлықтай ықпалын тигізуде.

Ғаламдық желіні пайдалану мүмкіндігін беретін компаниялар провайдерлер, ал олардың қызметтері трафик деп аталады. Енді жаһандық желі арқылы бүкіл дүние жүзіндегі адамдармен байланысу, телеконференциялар ұйымдастыру, электронды пошта арқылы ақпарат алмасу мүмкін болды. [4.9бет]

Сіз әртүрлі байланыс режимдерін пайдалана аласыз - онлайн (Онлайн, On-line) немесе офлайн (Офлайн, Офлайн) чат. Әрине, мұндай қызметтің қауіпсіздігі де маңызды. Сондықтан пошта жәшігінде құпия сөз және логин бар, аутентификация нәтижесінде поштаңызға кіруге болады. Осындай интернет қызметтерінің пайда болуымен, мектеп оқушылары информатика пәнінде күн сайын көптеген термин сөздерді игеруде.

Жалпы ақпараттық қауіпсіздікке және жеке ақпараттық қауіпсіздікке ерекше назар аударылады, өйткені ақпараттық қауіп төндіретін вирустар (компьютерлік вирустар) пайда болады. Антивирустық бағдарламалар ақпаратты қорғау үшін жасалады. Осылайша антивирус термині де оқушылар арасында кеңінен қолданылуда.

Әлемдік коммуникацияның жаңа түрінің ашылуына байланысты компьютердің өзі де жаңартылуда. Оның модемі, көпірі, сонымен қатар жаңа бағдарламалық қамтамасыз ету мүмкіндіктері – алмасу буфері, брендмауэр, веб-дизайн бар. Сонымен қатар, ғалымдар жасанды интеллект құру жұмыстарын жалғастыруда. Информатика сөздігінде ғылыми білімнің осы саласына сол немесе басқа қатысы бар адамдардың есімдері ретінде қызмет ететін лексемалар кездеседі - желі әкімшісі, пайдаланушы, веб-шебер, хакер.

Компьютерлік технологияның барлық дерлік адамдарға қолжетімділігі терминдер мен кәсібиліктің тар шеңберден шығуына мүмкіндік берді. Біздің ойымызша, информатика сөздігінің басқа ғылымдар сөздігінен маңызды айырмашылығының бірі осында. «Компьютер гектері» арасында кең таралған сленг қарапайым қолданушылар арасында біртіндеп тарала бастады.

Кәсіби термин сөздер оқушылар арасында қиын немесе түсініксіз кейбір шетелдік сөздерді эмоционалдылықпен және бейнелеумен толтыра отырып (ICQ - ICQ, диск) ауыстыру мақсатымен жасалған. Бұл қасиет фразеологиялық тіркестердің кәсіпқойлықтың бір бөлігі ретінде пайда болуына әкелді (тінтуірмен жұмыс істеу, ақауды жылтырату - бағдарламаны жөндеу, үш сау-сақпен сәлемдесу - Ctrl-Alt-Del пернелерімен шығу, өзгеріс желі - операциялық жүйені өзгерту). [5.52бет]

Қорытындылай келе информатика пәніндегі лингвистикалық талдауға сүйене отырып, терминология кәсіби қарым-қатынас тілінің өзегін құрайды деген қорытынды жасауға болады. Информатика саласындағы терминология неғұрлым мұқият талдауды, сондай-ақ саланы терең білуді талап ететін бір компонентті және көп компонентті термин сөздерден тұратыны белгілі. Көп-компонентті терминдердің едәуір саны мақалада зерттелетін саланың терминологиялық жүйесі қалыптасып келе жатыр деген пікірді растап, информатиканың инновациялық сала екендігіне тағы бір дәлел болады. Бұл зерттеуде жүргізілген талдау информатика терминдері қазіргі ғылым тілінде әлі де дамып, қалыптасып келе жатқанын дәлелдеуге мүмкіндік береді, өйткені ағылшын сөздері қазақ тілімен толық игерілмеген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мартемьянова М. А., *Основные способы образования терминов нанотехнологий* // Вестник Челябинского государственного университета. Филология. Искусствоведение. 2010. Вып. 45, № 21. С. 58–61.
2. Буянова Л. Ю., Устинова Н. Н. *Функциональность лингвистической терминологии: коммуникативно-дидактический аспект* // *Лингвистическое образование: профессия, миссия, карьера: материалы Всероссийской науч.-практ. конфер.* (25–27 сентября 2003 г.). Ставрополь, 2003.
3. Милуд М.Р. *Структурные особенности профессионально-коммуникативных подъязыков компьютерной терминологии и нанотехнологии* // *Коммуникативные исследования.* 2019. Т. 6. № 4. С. 1072–1091. DOI: 10.24147/2413-6182.2019.6(4).1072–1091.
4. Лейчик В.М. *Оптимальная длина и оптимальная структура термина* // *Вопросы языкознания.* – 1981. – №2. – С. 63-73.
5. Лихолитов П.В. *Компьютерный жаргон* // *Русская речь.* – 1997. – №3. – С. 55-58.

МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІНЕ СӘЙКЕСТІГІ

*Дюсембина Жанар Кәкенқызы**

*«Ғылым үшін қателіктің бір ауыздан
екінші ауызға көшуінен өткен зиян жоқ»*

Л.Н.Гумилев

Қазақ тіліндегі ең алғашқы оқулық он тоғызыншы ғасырда кирилл әріптерімен жарияланған ұлт ұстазы, көрнекті ағартушы Ыбырай Алтынсарин жазған оқулық. Әлихан Бөкейханұлының дүниетануға, Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет және қазақ тіліне, Міржақып Дулатұлының «Есеп құралы», Жүсіпбек Аймауытұлының «Психологиясы», Мағжан Жұмабайұлының «Педагогика», Халел Досмұхамедұлының биологияға арналған кітаптары бар. Ал математика пәнінінен қазақ тілінде жазылған алғашқы оқулықтар Әлімхан Ермеқұлының «Математикасы» мен геолог-ғалым Қаныш Сәтпаевтың жазған оқулықтары.

Алашорда үкіметінің министрі болған профессор Әлімхан Ермековтың «Ұлы математика курсы» оқулығы жоғарғы техникалық оқу орындары мен педагогикалық институттарға арналып жазылған. Оқулық қазақ тілінде, латын әліпбиімен жазылып 1935 жылы Қызылорда қаласындағы «Қазақстан» атты баспадан шығарылды. Сонымен қатар, 1936 жылы «Қазақ тілінің математика терминдері» түсіндірме сөздігі жарық көрді.

Реформаға жиі ұшырайтын екі сала болса, соның бірі – білім. Неше жылдан бері бұл салада өзгерістер жиі орын алуда. Білім саласы да бір орнында тоқтап қалмай, әрі қарай дамуы керек. Ғылым мен технологияның қарқынды дамуы оқыту әдістемелеріне де түбегейлі өзгерістер енгізуді талап етіп отыр. Осыған сәйкес білім берудің басты құралы – оқулықтар да заман талабына сай өзгеруі тиіс. Еліміздің тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін бүгінгі талаптарға сай оқулықтар дайындала бастады. Мектептерді оқулықпен қамтамасыз етуге тікелей ҚР Білім және ғылым министрлігі жауап береді. Бірақ оқулықтардағы олқылықтар мәселесі әлі де басты назарда.

Еліміздің тәуелсіздік алуымен жалғаса, 1993 жылдан бастап математика оқулықтары қазақ тілінде жазылып, қолданыла бастады. Оның үстіне, ондай оқулықтарды әрбір сынып үшін бұрынғыдай біреуден емес, 3-4 түрлі етіп жазуға қолымыз жетті. Осы аралықта 7-8 сыныптар үшін ғана тоғыз оқулық басылып шықты. Ниет дұрыс. Бірақ, мектептегі математика пәні мұғалім-

** Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің алгебра және геометрия кафедрасының доценті, т.ғ.к., zdyusembina@mail.ru*

дерінің «енді қолымызға сапалы оқулық тиетін шығар» деген көптен бергі үміттері ақталмады. Өйткені, жаңа оқулықтардағы қателіктер бұрынғыдан көбеймесе, азаймай отыр.

Оқулықта қазіргі маман, оқырмандарға таныс емес, қазіргі математика еңбектерінде кездесе бермейтін мынадай терминдер мен сөз тіркестерін ұшыратамыз: өлшеуіш, кіндік, құбылма шама, тұйықтаушы вектор, ішкері бөлу, керме, ерікті тұрақты параметр, өсімше, тұйықтауыш т.б. Бұлардың кейбіреуі орыс тіліндегі мынадай терминдердің (масштаб-өлшеуіш, центр-кіндік, переменная величина-құбылма шама) баламасы ретінде қолданылған болу керек. Қазіргі математика саласында бұл нұсқалардың орнына мына терминдер қолданысқа енген: масштаб-масштаб, центр-центр, құбылма шама-айнымалы (өзгермелі) шама.

Мәселен қазіргі қолданылып жүрген оқулықтарымызда, сөздіктерімізде, математикалық әдебиетіміз бен ғылыми-методикалық журналымызда жорамал сан (мнимое число), қиялдағы геометрия (воображаемая геометрия), бөлгіш группа (подгруппа), қозғалмалы бегун (бегунок) терминдері кездеседі. Бұл топтағы терминдердің элементі артық немесе терминнің өзі терминделіп отырған ұғым мазмұнына қайшы болып келетіндіктен, немесе ұғым реляциясын сипаттамайтындықтан бұрыс терминдер дейміз. Ғылыми және техникалық терминологияда мұндай терминдердің кездесуін ұғымды баста дұрыс атамау мен термин элементін жүйесіз құрудан әрі дұрыс, қысқа терминдерді құру қиындығынан көруге болады. Бұрыс терминдердің оқу үдісінде қолданылу оқушыларда бұлыңғыр және теріс түсінік тудырып, оларға әсер етеді. Әрі терминнің тұрақсыздығына әкеп соқтырады. Математика ғылымына деген оқушылардың дұрыс көзқарастарын қалыптастыру мақсатында бұрыс терминдерді жетілдіру немесе алмастыру қажет. Ғылым үшін де, педагогикаға да мұндай терминдерден пайда шамалы.

Кейде, практикада бір ұғымды екі не бірнеше термин арқылы беру сөздіктерде, оқулықтарда баспасөз беттерінде кездесіп қалады. Мысалы: система, жүйе – система; движок, жылжыма – движок; есептегіш, есептеуіш, счетчик – счетчик; потенцирлеу, потенциалдау – потенцирование терминдері бір ғана ұғымды сипаттап, синонимдік қатарды тудырып отыр. Синонимдік терминдердің бірқатарының түпкі мағынасы нақты мағынасына сәйкес келсе, екіншілерінде бұлар жартылай сәйкес келуі мүмкін. Мәселен, текше – куб, шаршы – квадрат, синонимдері мазмұны жағынан түпкі мағынасын бере алмайды. Ал шешу (процесс), шешім (нәтиже) синонимдері ұғымның мағынасын дәлме-дәл жеткізеді.

Математикада синонимдік терминдерді қатар пайдалану зиянды. Өйткені, кей жағдайда, қолдану барысында олардың біреуі шеттеп, өрісі тарылса, екіншісінің пайдалану шеңбері кеңейеді. Сөйтіп, дәлме-дәл келетін мағына-

сы жартылай сәйкес келетін мағынасына ауысуы мүмкін. Бұған дәлел ретінде шешу және шешім, азайту және алу терминдерін келтіруге болады. Сондықтан да ғылыми және техникалық терминологиядағы жұрттың уақытын алатын терминдердің синонимділігінің пайдасы шамалы. Ол терминнің айқын мағынасына, дәлме-дәлдігіне нұқсан келтіреді.

Синонимдік терминдер шеттен келген сөздер мен ана тіліміздегі сөздердің қатар қолданылуынан, мысалы: лимит – шек, константа – тұрақты, образ – бейне, ана тіліміздегі реңкі әр түрлі сөздерді қатар қолданудан, мысалы: жарым-жарты, екі-қос-жүп, шешу-шығару, орыс тіліндегі синонимдік терминдерді аударудан және алудан, мысалы: нақты сан (действительное число) – заттық сан (вещественное число), радикал – түбір (корень), есептік линейка (счетная линейка) – логарифмдік есептеу линейкасы (логарифмическая счетная линейка) туып отыр.

Сондықтан синонимдік терминдер ішінен ұғымның мағынасына дәлме-дәл келетінін, көбірек жаңа математикалық сөз тудырып алуға болатынын, оқушыға түсініктісін таңдау керек.

Педагогикалық көзқарастан туатын, бірақ ресми түрде қабылдауға болмайтын, мысалы $2/5$ бөлшегін түсіндіру барысында екінің беске қатынасы деп те, екінің беске бөлгендегі бөлінді деп те айтудың ешқандай зияны жоқ. Қайта оқушының логикасын дамытуға әсер етеді.

Егерде бірнеше ұғымды бір атау арқылы берсек, онда көп мәнді, басқаша айтқанда, омонимдік терминдерді тудырып аламыз.

Қазіргі қолданылып жүрген математика терминдерінің кемшіліктерінің бірі – осы көп мәнді терминдердің терминологиядан орын алуы. Мысалы, квадратура терминін есітсек, квадрат бірлікте өрнектелген аудан шамасы туралы да, берілген фигураға тең шамалас квадрат салу есебі туралы да, интегралды есептеу туралы да ойлауымыз мүмкін. Сол сияқты метр сөзін естіп ұзындық өлшемінің негізгі бірлігі немесе ұзындық өлшеуіш құралы туралы айтып тұр дейміз. Куб атауы – әрі геометриялық бейнені, әрі санның үшінші дәрежесін көрсетеді.

Терминдердің бұл сияқты көп мәнділігі оның нақтылығын жоғалтып, түсіндіруші мен оқушының өзара түсінбестігін тудырады. Дұдамал ой туғызып, мамандарды шатастырады. Математикалық әдебиетті оқуымыз қиындай түседі. Ақырында, терминнің өз міндетін атқару функциясы айқындалмай, тұрақсызданады.

Терминнің айтылып отырылған ұғымды айырып-танытып беру функциясы болатындығын, термин үшін осы алынып отырылған пәнде дыбыстық құрамы жағынан бұрын кездесетін сөзді пайдаланбау керек екендігі талабы ескерілмегендіктен көп мәнді термин пайда болған.

Қазақ тіліндегі математика терминологиясындағы көп мәнді термин-

дердің бір бөлегі аудару арқылы орыс тілінен ауысса, бір бөлегі ана тіліміздің ерекшелігінен туған. Мысалы, түбір (корень), шешу (решение), интеграл, градус орыс тілінен аудару арқылы келсе, көлем сөзінің әрі аудан (площадь), әрі көлем (объем) ұғымдарына өкілдік етуі қазақ тілінің өз ерекшелігінен туған.

Қорыта айтқанда, синонимдік және омонимдік терминдер тіл ерекшелігімізден туған негізгі кемшіліктер. Тіпті негізгі терминдерді қазақшаға аударған қазақ терминология маманы бар. Ш.Біләлов терминжасам тәсілдерін өзінше түсіндірген. Мысалы, бірінші нұсқадан - көрме (хорда), жарма (биссектриса), кейіптеме (формула), түзгі (элемент), қосым (интеграл), ажырам (дифференциал), үстеме (мантисса), бүйірлік (абсцисса), беттік (ордината), төбелік (апликаата), қиынды (сектор), тікше (прямоугольник)... Екіншіден, жаңа сөз сөздердің бірігуі арқылы жасалады: теңқиық (ромб), ішжиын (подмножество), қиықша (параллелограмм), қиықжақ (параллелепипед), костабан (трапеция), кілшоқы (пирамида), екімүше (бином), баскерме (диаметр)... Үшіншіден, сөз тіркестері арқылы жасалады: алғашқы берне (первообразная)...» . Алайда, практика көрсеткендей толықтау қазақ тіліне көшу де оңтайсыз әдіс. Ғылыми-техникалық терминология комитетінің тәжірибесі мұндай терминдер кемшілігін қолдан реттеу керектігін де көрсетеді.

Математикалық терминдер, таңбалар мен символдар оқушы мен оқытушы арасындағы, сондай-ақ жеке оқушыға жаңа білімді, ақпаратты тиімді түрде тасымаладаушы, жеткізуші ролін атқарады. Оқулықтарымыздағы осындай ала-құлалықтар ертерек түзелмесе, мектеп оқушыларының олардан жүйелі білім алуы қиындай түсері сөзсіз. Ғылым дамымаса, қоғамның дамуы тоқырайды. Ғылымды дамыту дегеніміз – сол ғылымдағы ескірген, қате ұғымдар мен қажеттілігі кеміген, басы артық нәрселерден бірте-бірте арылу, оның орнына жаңаларын жасау. Ал, ол жаңалықтарды оқыту үдерісіне енгізуді реттеп отыратын және жүзеге асыратын құралдардың ең бастылары оқу стандарты, оқу бағдарламасы мен оқулықтар екеніне дау болмаса керек. Оқулық – жай ғылыми еңбек емес. «Оқулық – даналыққа апаратын жолдың бастамасы» (А.Байтұрсынұлы). Сол оқулықпен қаншама ұрпаққа білім беріледі. Жүйелі білім аламын, ғылымды игеремін деп талпынып жүрген мектеп оқушыларына жалған мағлұмат беруге ешкімнің құқы болмаса керек. Осы жерде, оқулықтардағы біз атаған кемшіліктер онда орын алған қателіктердің кейбірі ғана екенін тағы да назарға салып өткіміз келеді.

«Жақсы оқулық – ұлттың игілігі, оның рухани құндылығы. Бұл іс қазір ұлттық сипат алып, мемлекеттік маңыз беріліп отыр. Осы негізде Білім және ғылым министрлігі Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, Сингапур, Оңтүстік Корея сияқты бірқатар шетелдердің оқулықтар жасау тәжірибелеріне талдау жасады. Қазір оқу әдебиеттерін сараптамадан өткізу бірнеше кезеңнен өтеді.

Алдымен мемлекеттік сараптамаға келгенге дейін жазылған оқулық макеті баспалардың өз ішіндегі оқулық мазмұнының жалпыға бірдей мемлекеттік оқу стандарттарына сәйкес келуін бақылайтын арнайы топтан өткізіледі. Ол мемлекеттік сараптамадан өткізу үшін Білім және ғылым министрлігіне ұсынылып, республикалық ғылыми-тәжірибелік сарапшылар комиссиясына беріледі. Былтыр республикалық комиссияға ұсынылған 1109 оқу әдебиетінің 97-сі сараптамадан өтпеген. Сараптама бойынша 173 оқулықтың 26-сы типтік оқу жүйесіне сәйкес келмейтінін анықталған. 14 оқулықта тақырыптардың ауытқулары кездескен, 23 оқулықта оқу бағдарламалары толық қамтылмаған. 39 оқулыққа оқушының логикалық, интеллектуалдық әлеуетін, шығармашылығын, өзін өзі дамытуына байланысты тақырыптар енгізілмеген. 23 оқулықта иллюстрацияларға атаулар мен түсініктемелер берілмеген. 14 оқулықтағы материалдар ғылымның қазіргі дамуына сәйкес келмейді. 22 оқулықта материалдар кеңінен жүйелі логикалық тұрғыда баяндалмаған. 54 оқулықта түрлі қателерге жол берілген. 10 оқулықтың материалдарында оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілмеген.

Оқулықта кездесетін әрбір қате мағлұмат, басқаны айтпағанда, ең алдымен осы пәнді оқытып жүрген мыңдаған мұғалімнің онсыз да мандымай жүрген беделін одан да төмендете түсетінін ешкім ойлай да бермейді. Мысалы, оқулықта қателік кездесіп жатса, оны байқаған мұғалім қателікті түзетіп оқытады, нақтылы дәлелдермен оған оқушының көзін жеткізеді. Ондай қателік тағы да қайталанып, мұғалім оларды түзете берген соң алдымен оқушының, олар арқылы ата-аналардың, тіпті, мектеп басшыларының ол мұғалімнің кәсіптік біліктілігіне деген сенімі кемиді, көзқарасы өзгереді. Өйткені, олардың барлығының да мұғалімнен гөрі оқулық авторларының біліктілігін жоғары бағалайтыны, атағы мен беделіне көбірек сенетіні анық.

Қорыта айтқанда, мектепте қазір қолданылып жүрген математика оқулықтарының барлығын, қандай жолмен болса да, қайта сараптаудан өткізіп, ондағы қателіктерді бірден бірге көшіре бермей, тез арада түзету жұмыстарын ұйымдастыру керек деп ойлаймын. Дұрыс жазылған оқулықты таңдап алу ниетімен, әр сыныпқа арнап бірнеше баламалы оқулықтар жаздыру – құптарлық іс.

Тәуелсіздік алғаннан бері оқулықтар жазу, олардың сапасын жақсарту бағытында біршама жұмыстар атқарылды, жетістіктеріміз бар. Сонымен қатар біраз оқулықтар мен проблемалар әлі де алдан шығуда.. Жалпы сапалы жазылған оқулықтар – білім мен ғылымның қайнар көзі, ұлтымыздың рухани құндылығы. Сондықтан дамыған 30 елдің қатарына қосылуды мақсат етіп отырған еліміздің жаңа буыны үшін мектеп оқулықтарының саспасына айрықша көңіл бөлуіміз қажет. Оқулық оқушының білім алуында үлкен рөл атқарады. Мектеп қабырғасында оқушылар білім-дағдыларын, қабілеттерін

шыңдап, өмірлік ұстанымдарын айқындайды. Оқулық әрдайым жаңартылып, дамып отыру керек. Мемлекеттік тілді оқыту да сапалы оқулықтан басталады. Сапалы оқулық -сапалы білім кепілі, сапалы білім – саналы ұрпақ кепілі, саналы ұрпақ – ел ертеңі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. *Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері.* – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
2. Елубаев С. *Орта мектепте математиканы оқыту процесінде терминдер мен символдарды пайдалану.* – Алматы: Мектеп, 1984. – 96-бет.
3. “QAZAQ GAZETTERI” газеті, 06 Сәуір, 2016
4. “Қазақ үні” газеті, 10.10.2023

ХИМИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

*Айнагул Коллек**

«Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап»

А. Байтұрсынұлы

Әр пәнді оқытуда ондағы сөздердің дұрыс жазылғанына, аудармасының дұрыстығына баса мән беруіміз керек. Сол себепті «Химия» пәнін оқытуда оның тілін химия ғылымының бір бөлігі ретінде қарастыруымыз керек. Әр ғылымның зерттейтін алаңы, зерттеу нәтижесінде алынған білім жүйесі, оны тіркеп, заттандырытын таңбалар жүйесі болады.

Білім – сананың қызметі, ол бақыланатын, зерттелетін объектіге айналу үшін тіл арқылы берілуі керек. Сонымен, **химиялық тіл дегеніміз** – химиялық білімді тіркейтін, сақтайтын, бірден-бірге жеткізетін арнайы таңбалар жүйесі.

Химия тілінің бір-бірімен тығыз байланысты үш бөлігі бар.

Олар: ғылыми терминология, терминдер және терминдер жүйесі. Химиялық терминдер – ғылыми ұғымдардың атаулары. Химиялық элемент, атом, зат және химиялық реакция ұғымдары анықталғаннан кейін ғана химия ғылым ретінде қалыптасты. Химияның ғылыми ұғымдары молайған сайын оларды бейнелейтін терминдер жүйесі байып, толыса түсті.

Бұрынғы грек немесе латын тілдерінен аударылған терминдердің мағына-

* Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Жаратылыстану ғылымдары факультеті Химия кафедрасының қауымдастырылған профессоры, х.э.к., aynagulk@mail.ru

сы қандай, олар қазақ тілінің нақты мағынасын аша ала ма, олар қолданысқа ене ме, жоқ әлде тасада қалып қоя ма? Қоғамдағы терминдердің қызметі қандай? – деген сұрақтар жаңадан көрініс тауып отырған термин төңірегінде үнемі туындап отырады. Олардың әрбірі қоғам тарапынан қолдауды, тілдік тұрғыдан жүйелеуді қажет етеді.

XX ғасыр басында А. Байтұрсынұлы бастаған оқыған зиялылар ұлттық ғылым тілін қалыптастыруды, қазақ тілін білім-ғылым тіліне айналдыруды өздеріне міндет санап, терминқорды қазақ тілі негізінде жасауды мақсат етті.

1990 жылдардан бері қарай ұлттық ғылыми терминологияны дамытудың жаңа принциптерін жасау күн тәртібіне қойылды. Көптеген жаңа терминдер жасалып қолданысқа ене бастады. Жасалып жатқан терминдердің бәрін бірдей мінсіз деп айта алмаймыз. Олардың ішінде терминологиялық жүйе мен терминдерге қойылатын талаптарға жауап бере алмайтындары да бар. Қазіргі терминологиядағы шешімін таппай жүрген мәселенің бірі халықаралық деп аталатын терминдерді ұлт тіліне аудару, жазу, қабылдау тәртібінің белгіленбеуі. Сондай-ақ көптеген терминдердің терминология комиссиясы бекіткен қазақша баламалары бола тұра тұрақты қолданылмай немесе бұрынғысынша шет тілдеріндегі нұсқалары жарыса қолданылып жүруі.

Қазіргі химия тілінің ұлттық терминологиялық базасын қалыптастыруда И.Нұғыманов, М.Нұғыманов, Н.Нұрахметов, С.Ақаев т.б. еңбектерін айтуға болады.

Белгілі болған химиялық элементтер мен қосылыстарды түгел қамтитын химия тілінің номенклатуралық жүйесін түзу қажеттілігі туды.

Француз ғалымдары А. Лавуазье, Бертолле және т.б. ғалымдардың ұсынған жаңа ғылыми номенклатураның мынадай принциптері белгіленді:

- әр қосылыстың бір ғана атауының болуы;
- затқа атау беруде оның құрамына енетін бөліктерінің атынан құрастырылуы;
- атау түбірі грек және латын тілдерінен алынуы;
- күрделі қосылыстың атауы екі сөзден тұруы қажет: біріншісі заттың тобын (класын); екіншісі заттың өзіне тиесілі атауын білдіруі;
- бір элемент бірнеше қосылыс түзсе, әр қосылыстың атауы қосымшасы арқылы даралануы тиіс.

Кез келген тілдің терминологиялық жүйесінде тегі бір ұғымдардың түрлерін білдіретін атаулар жиі кездеседі. Мұндай термин сөздер логикалық жүйеге сәйкес ұғым мазмұнын дәл беру мақсатымен қайшы болып келеді. Мәселен, қышқылдар тобына жататын заттар радикалының құрамына кіретін негізгі элементінің атына қышқыл деген сөзді тіркестіру арқылы күкірт қышқылы, азот қышқылы, май қышқылы, пропион қышқылы; ал химиялық

элемент тотығу дәрежесі әртүрлі бірнеше қышқыл түзсе, сөз қосымшалары арқылы өзгешеленеді: күкіртті қышқыл, азотты қышқыл, хлорлы қышқыл, хлорлау қышқыл т.б.

Демек, күкіртті, азотты, хлорлы, хлорлау қатыстық мағынадағы сөздер екінші бірзатқа (қышқылға) қатысы арқылы элементтің тотығу дәрежесіне қарай түрлі қышқылдар түзу процесінің атауына айналып, соған сәйкес тіркесті күрделі атауларды құрайтын болған. Сонымен қатар қазақ тілінің химиялық терминология жүйесінде заттың құрамымен байланысты қалыптасқан қосылыс, қоспа терминдері кездеседі. О бастағы негізін жалпы халықтық тілден алатын «бір нәрсеге екінші бір нәрсені әкеліп біріктіру, бір нәрсенің үстіне екінші нәрсені үстеу, араластыру» деген мағынадағы «қос + ыл + ыс» жұрнақтарының жалғануы арқылы қосылудың бір түрі екендігін; «қосу + па» екі немесе одан да көп заттардан тұратын химиялық элемент екендігін танытады.

Мектеп оқулықтарында көптеген сөздер, мысалы, қоспа, қышқыл, тұздар атаулары бойынша терминдер дұрыс жолға қойылып, оқушыларға түсінікті мағынада аударылып қолданылып келеді.

Сонымен қатар грек немесе латын тіліндегі мағынасында қолданылып келген кейбір сөздерді 2000 жылдардан кейін аударып қолданысқа енгізу алға қойылып келеді.

Мәселен, 7-сыныптың химия оқулығында біртекті (гомогенді) қоспаларды бөлу үдерісінде «дистилдеу» сөзін «айдау» деп аударған. Бірақ *дистилдеу* – сұйық қоспаларды бір-бірінен бөліп алу – деген мағынаны білдіреді. Сол себепті дистилдеу деген сөзді солай қалдыру керек сияқты, сонымен қатар сөздікте «дистилдеу-дистилляция» деп аударылған (termincom.kz). Себебі айдау деген сөз – перегонка деген сөздің аудармасына жақын келеді.

«Штатив» деген сөзді «тұрғы» деп аударған, бұл да дұрыс емес. Штатив сөзінің мағынасы – «құрал-жабдық элементтерін тік және горизонталь жазықтықта бекітуге арналған құрал», сол себепті тұрғы деген аударма сәйкес келмейді. Қалдыбай Бектайұлының сөздігінде «штатив» деген сөзді – *таяныш* деп аударған, ал termincom.kz сайты бойынша 2016 жылғы бекітілген термині «*үштаған*», ал 2012-2015 жылғы терминдер аудармасы бойынша «*штатив прибора*» - «*аспап тағаны*» деп аударылған.

100-бетте «белок» деген сөзді «нәруыз» деп аударған, белок сөзі көптеген ғылыми оқулықтарда «ақуыз» деп қолданылады, сонымен қатар Республикалық терминология комиссиясы бекіткен терминдер тізбесіндегі аудармасы «ақуыз-белок» (2021 жылы бекітілген, termincom.kz). сол себепті «ақуыз» деп аударған дұрыс деп ойлаймын.

8 сынып оқулығында «инертті газ» деген сөздегі «инертті» сөзін «бекзат» деп аударған, бұл химиялық ұғымды толық ашпайды. Терминдер жи-

нағында «*инертный газ-инертті газ*» деп аударылған (1971-1981 жж. бекітілген термин).

Сонымен қатар, анықтамалар жазған кезде сөйлемдердің мағынасы ашылатындай, жалғау жұрнақтарды дұрыс қолдану қажет. Мысалы: «Элемент атомдарының электрондарды беруі металдық, ал қосуы – бейметалдық қасиеттерді сипаттайды» деген анықтама берілген, бұл жерде электрондарды қосуы емес «*қосып алуы*» деп сөйлемді нақты, түсінікті жазу қажет. Азоттың (III) оксидінің емес, азот (III) оксидінің болуы керек, атомдардың сандарының қатынасын анықтауға болады – *атом сандарының қатынасын анықтауға болады* деп жазу керек еді.

Молекула құрылысты химиялық таза заттың құрамы алыну әдісіне байланыссыз тұрақты болады. Бұл сөйлемді *молекулалық құрылысы белгілі химиялық таза заттың құрамы алыну әдісіне қарамастан тұрақты болады* – деп жазған түсінікті болар еді.

Жылыжай эффектісі термині *жылу эффектісі* деген ұғым болуы керек (termincom.kz 2023 жылы бекітілген термин) тепловой эффект – жылу әсері немесе тепловой эффект – жылу эффекті деп аударылған, жылыжай эффектісі деген химиялық ұғымға сәйкеспейді, жылыжай-теплица деген мағынаны білдіреді, ал тепловой эффект аудармасы – жылу эффекті болуы тиіс, тепло – жылу, жылы деген мағынаны білдіреді.

Бекерді бекерге шығару деген термин қолданылған, оны *жоққа шығару* деп аударған дұрыс болады.

Амфотерлі сөзі екіұдайлы деп аударылған, екіұдай деген аударма амфотерлі сөзіне келмейді. Бұл «амфотерус» деген грек тілінен енген *екіжақты* деген мағынаны білдіретін сөз. Бұрын амфотерлі сөзінің аудармасы «*екідайлы*» деп қолданылып келген, бұл аудармасы екі жақты ұғымына әлдеқайда жақын, termincom.kz сайтының 2023 жылы бекітілген термині бойынша «амфотерный оксид – амфотерлі оксид», ал «амфотерный электролит – екідайлы электролит» деп аударылған.

Қазақта ұдайы деген сөз бар, ол үнемі деген мағынаны білдіреді, сол себепті «*екіұдайлы*» деген сөз «*екіжақты*» сөзінің мағынасын толық аша алмайды.

7-сынып оқулығында *процесс* деген сөз аударылмаған, ал 8-сынып оқулығында *үдеріс* деп аударылған. Латын тілінде *processus* «*ілгерілеу, даму, қандай да бір нәтижеге жету үшін жасалған әрекеттердің жиынтығы, ағыны, жүрісі*» деген мағынаны білдіреді. Сол себепті барлық оқулықта бірдей аудармасымен *үдеріс* деп беруіміз немесе *процесс* деп қалдыруымыз қажет. Республикалық терминология комиссиясы бекіткен терминдер тізбесіндегі аудармасы «*процесс*» (2023 жылы бекітілген термин termincom.kz).

Барлық термин сөздердің аудармасын дұрыс емес деуден аулақпын,

бірақ оқулық жазған кезде авторлар қазақ тілін және терминнің, терминдік тіркестердің жасалу ережелерін толық меңгерген болуы керек. Олай болмағанда, қазақша жазылған оқулықты қайта дұрыстау қажеттілігі туындауы мүмкін.

Химия пәнінің оқулықтарын оқушылар түсініп оқуы үшін терминдердің аудармасы сапалы, мағынасы түсінікті жазылуы керек. Сонымен қатар, оқулықтағы анықтамалар түсінікті тілде болуы қажет және термин сөздерді аударған кезде Қазақстан Республикасының Республикалық терминология комиссиясы бекіткен терминдер жарияланған termincom.kz сайты, химия пәнінен жазылған түсіндірмелі сөздіктерді негізге ала отырып жазу керек. Әркім өз білгенінше аударған оқулықтың сапасы болмайды.

Мектеп оқулықтарын құрастыру барысында немесе жазылған оқулықтарды сараптамадан өткізген кезде қазақ тілінің барлық ережелерін, сондай-ақ қазақ тіліндегі жалғау жұрнақтардың қолданылу ережелерін білетін мамандар қатысқаны жөн болар еді.

Кейбір авторлар оқулықтарды жазғаннан кейін сараптамадан өткізгендігі туралы сыни пікір алған кезде өздерінің таныстарына жүгінеді, пікір жазған адам ол оқулықты оқыды ма, жоқ па ол жағы беймәлім. Тағы бір айта кететін жайт, оқулықтардың мазмұнын талқылаған кезде бір адам емес, бірнеше адам, яғни мектеп мұғалімдері мен ғалымдар бірлесе отырып, оқулықтың әр сөзін оқып, сараптама жасап, өз пікірлерін ортаға салу керек деп ойлаймын.

М.Дулатов айтқандай, қазақ тілін іске асыратын болсақ, қазақ әдебиетін күшейтеміз десек, ең алдымен істің санын салмақтамай, сапасын ескеруіміз керек. Ол үшін қазақ тіліндегі терминдердің, сөздердің кемшілігін жою керек. Оны жою үшін әуелі бастапқы кемшіліктің қандай екенін білу керек.

ГЕОГРАФИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АТАУЛАРМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ

*Мазбаев Орденбек Блисбекович**

«Жаратылыстану» термині екі сөзден, екі түбірден құралады: «жаратылыс» неғұрлым кең мағынадағы «табиғат» және «тану» - білу, зерттеу. Демек, терминнің сөзбе-сөз мағынасы – табиғат туралы білім. Жаратылыстану – табиғат туралы ғылымдардың жиынтығы, табиғат туралы ғылымдар кешені. Қазіргі кезде жаратылыстану физика, химия, биология, геология,

** Б.Алтынсарин атындағы ҰБА Жаратылыстану математика бағыты және Stem технология зертханасының бас ғылыми қызметкері., г.ғ.д., профессор.*

география, астрономия және т.б. ғылымдарды камтиды және де ол ғылымдар, өз кезегінде, тағы да косымша салаларға жіктеледі. Сондықтан да жаратылыстану табиғат нысандары мен табиғат құбылыстарына катысты көптеген мәселелерді әртүрлі қырларынан қарастырады. Сол себепті терминдерге деген көзқарасты жан-жақты ескерулеріміз қажет. Табиғатты зерттеу – адамның өзін қоршаған әлемді түсініп, білуге талпынысынан туындаған заңды құбылыс. Зерттеулер қоршаған табиғатқа катысты негізгі ұғымдардың, терминдер мен атаулардың шығуына, табиғат құбылыстарының көрініс беруі, өзгеру заңдылықтары туралы пікірлердің қалыптасуына алып келеді. Табиғатқа, ондағы жүріп жатқан құбылыстарға катысты көзқарастар адамзат өркениеті дамуының әртүрлі кезеңдерінде ғылыми жүйелер мен философиялық мектептердің негізінде пайда болды. Жаратылыстану саласындағы зерттеулердің нәтижелері техникалық, технологиялық терминдерге катысты екендігін көреміз, экономиканың түрлі салаларында күнделікті адамзат тұрмысының ажырамас бөлігі ретінде қолданыста.

Терминдердің қолданысы адамзат мәдениетінің құрамдас бөлігі болып қалыптасып келеді. Терминдердің атаулары әр ғылым саласында түрлі мағынаны беретіні анық. Географиялық атаулар мен терминдер қолданысы мазмұн мен мағыналық тұрғыда айырмашылықтарға ие. Техникалық терминдердің айырмашылығы – қолдану бағытына сәйкестігі және оны танып білуінде, философиядан айырмашылығы – ғылыми қорытындылары эмпирикалық тексеруді қажет етуінде. Сонымен қатар ғылым ешқашанда терминдерге катысты мәселелерді толықтай шеше алмайды [1].

Терминдердің халықаралық атаулармен үйлесімділігі тек географияға ғана емес басқа пәндерге де тікелей қатысы бар. Географиялық қоршаған орта компоненттерінің орналасуы мен өзара әрекеттесуінің заңдары мен заңдылықтары және олардың әртүрлі деңгейлердегі комбинациясы, қолданыстағы кейбір терминдердің күрделілігі және пәндік саланың кеңдігі пәнді географиялық ғылымдар жүйесін құрайтын бірқатар мамандандырылған (салалық) ғылыми пәндерге бөлуге әкелді. География физикалық, экономикалық-әлеуметтік тармақтарға бөлінеді. Халықаралық атауға ие терминдер көптеп кездеседі.

География – ерекше дүниетанымдық пән. Сонымен бірге географиялық білім ғаламдық, аймақтық және жергілікті деңгейдегі әлеуметтік-экономикалық және ғаламдық-экологиялық тұрақты даму проблемаларын шешу үшін де қажет. Географиялық білімнің негізгі мазмұнын меңгеруде білім алушылар геоэкономика, геоэкология, демография, әлемтану, және т.б. ғылым салалары бойынша түрлі терминдерді қолданып келеді.

География жаратылыстану (7-9 сыныптар) және қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы (10-11 сыныптар) оқу пәндеріне кіретін бірден-бір мектеп

пәні болып табылады. Географиядан берілетін білімнің маңыздылығы қоршаған ортаға қатысты оқушылардың көзқарастары, ұстанымдары, тәртіп нормалары, өмірлік біліктіліктерінің жүйесін және алған білімдері негізінде табиғи, шаруашылық, әлеуметтік және әр түрлі аумақтардың экологиялық жағдайларын бағалауға қатысты біліктерін қалыптастыруға бағытталумен ерекшеленеді. Бірақ қазіргі кезде кей оқулықтар мен оқу бағдарламаларында географиялық терминдердің бұрмаланып берілуі оқу процесіндегі ең басты мәселелердің бірі болып отыр.

Ал жалпы қазір біздің сөздік қорымызда 27 мыңнан астам термин бар. Олардың бәрі тіл ғалымдарының мұқият тексеріп, жан-жақты зерттеп, мақұлдауымен бекітілген. Бүгін ғалымдар медицина, физика, химия мен ақпараттық технология саласында аударылған сөздердің қаншалықты дұрыс аударылғанын қарастыруда.

Мысалы еуропалық тілдердің көпшілігінде, соның ішінде орыс тілінде де, «культура» сөзі бар. Бастапқыда латын тілінен (лат. cultura «егу, өңдеу, тәрбиелеу, даму, дәріптеу») алынып, кең таралып кеткен. Осыған байланысты, оқулықтарда мәдени өсімдіктер, мәдени орта терминдері қолданыста жүр.

Бір анығы, уақыт өте келе бәрі өзгереді. Кей сөздер өледі, жаңа сөздер қолданысқа енеді. Қазіргі мектеп оқулықтарында қолданыста жүрген кей терминдерге назар аударатын болсақ:

Аккумуляциялық процесс – су, жел, т.б. әсерінен әр түрлі бос жатқан минерал шөгінділері мен органикалық тұнбалардың бір жерге жиналуы, үйілуі.

Аллювий – үйінді жыныстардың өзен суымен шайылып, өзен арналарына жиналған шөгіндісі.

Альпілік тектогенез – жер қыртысының неоген дәуірінен осы кезге дейінгі тауларды жаратушы қозғалысы.

Мортмасса – өсімдіктер мен жануарлардың қурап қалған қалдықтары.

Морфомүсін – сыртқы күштердің (су, жел, мұздық, т.б.) әсерімен түзілетін жер бедері пішінінің кешені (өзен аңғары, құмды шағыл, т.б.).

Морфоқұрылым – ішкі және сыртқы, әсіресе ішкі күштердің басым әрекет етуінен түзілген жер бедері пішіндерінің кешені. Мысалы: тау жотасы, тау іші жазығы, т.б.

Неоген дәуірі – жердің геологиялық тарихындағы кайнозой эрасының жаңа дәуірі, қазіргі өтіп жатқан антропоген дәуірінің алдында өткен.

Неотектоникалық қозғалыс – неоген, антропоген дәуірлеріндегі жер қыртысы қозғалысы.

Нивальды белдеу – таудағы мәңгі қар басқан белдеу.

Оазис (жазира) – шөл мен шөлейттегі тұщы суы бар көгектарлды алқап.

(Жазира немесе тұщы суы бар көгектарлды алқапты қалай түсінуге болады?)

Андезит – орташа қышқыл темір мен магнийге бай эффузивтік тау жынысы.

Сірекар – фирн, **қарғын** – снежница сөздері ене қойған жоқ.

Топырақ үрленуі – дефляция сөзі неге қалмасқа?

Акведук (лат. *aqua* «вода», *duco* «веду») сөзінің қазақша нұсқасы **тарнау** сөзін ешкім түсініп жатқан жоқ.

Ұйықтану, тұнба шөгу – заиление, **абразивы** – түрпітас сөзі мағынасынан ауытқып кеткен.

Шірік тұнба сөзі *сапропель* (греч. *σαπρός* «гнилой», *πηλός* «глина») түрінде беріліп жүр. Бұл терминді барлық тілде сапропель деп неге атамасқа? Батпақтың түрін тұнба деп атауға келмейді.

Депрессия – жер бетінің немесе жер қыртысының ойыс жері.

Дигрессиялық ландшафт өзгерісі – ландшафтының құнарсыздануы.

Көрсетілген терминдер қатарынан шеттілдік атаулардың өзгертіліп берілген нұсқаларын көруге болады. Біраз терминдер құлаққа сіңіп өз орнын тапқандай.

Литосфера бөліміндегі терминдерге тоқталсақ: **спрединг** (ағылш. *spread* «созу, кеңейту») – тақталардың мұхит ортасы төңірегіндегі айырыстары.

Субдукция – спрединг процесі нәтижесінде континент жағалауларына жылжып жеткен мұхиттық литосфераның сол литосфера қозғалысына қарсы бағытталған немесе «тыныш тұрған» континенттік литосфера астына қарай сұғынуы. **Коллизия** (лат. *collisio* «қақтығыс») – қарама-қарсы мүдделер мен күштердің, көзқарастардың қақтығысы. Коллизия термині географияда материктер тақталарының соғысуы. Бұл термин әдебиет пен өнер туындыларындағы тартыстың, сезім арпалысының шебер бейнеленуін көрсету үшін де қолданылады. Осы тұста көрсетілгендей қазіргі кезде шетелдік терминдер қолданысы әлі де болса ретке келмегендігін көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан кей терминдердің түсініксіз екендігін, мазмұндық сәйкестігінің жоқтығын байқауға болады. Осыған орай терминдік мәселелер жеке ғылым салалары бойынша қарастырылып ретке келтірілуі шарт. Себебі интернет жүйесі мен оқулықтарда кеткен қателер оқырманды шатастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазіргі жаратылыстану концепциялары: оқу кұралы / К. Кошкимбаев, Г.А. Тусупбекова, А. Ыдырыс, Г.К. Атанбаева [және т.б.]. - Алматы: Қазак университеті, 2018.-252 б

2. Элеуметтанудың түсіндірме сөздігі [Мәтін] / К. Биекенов М. Садырова ... – Алматы : Сөздік-Словарь, 2007. - 342, [1] б. . . – 2000 дана – 9965-822-10-7 (мұқ.) : 517, 22 тг.

ОРТА БІЛІМ БЕРУДЕ ИНФОРМАТИКА ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

*Алматова Асем Муратовна**

Ақпараттық технологияның екпінді өрлеуі қазіргі таңда көпшіліктің компьютермен тілдесуінің күнделікті қажеттілігіне айналып отыр. Тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болған кезден бастап, мүмкіндігінше барлық салалар бойынша терминдердің қазақша баламаларын қолдану дәстүрге айналды. Осы жақсы дәстүр аясында күнделікті шығып отыратын мерзімдік басылым беттерінде, теледидар, радио хабарларында, сондай-ақ, көпшілікке арналған ғылыми еңбектер мен арнаулы сөздіктерде қазақша жаңа терминдер мен атаулар жиі ұшырасатын болды. Өткен жүзжылдықтың екінші жартысындағы негізгі құбылыс, ғаламдық деңгейде компьютерлік техника және технологияның таралуы болды. Дәл сондай қарқынмен, бұл пәндік салаға қызмет көрсететін арнайы тілдермен ұлттық терминология дамып келеді.

Компьютерлік технология компьютерлік тілдің лексикасының арнайы бөлшегі ретінде кибернетика, робототехника, бионика және т.с.с пәндік салаларда қолданылады. Барлық әлеуметтік топтардың, әртүрлі жас арасында жылдам қарқынмен таралуына байланысты компьютерлік терминология басқа салалардың арнайы лексикалары іспеттес жаңа сөздермен толықтырылып келеді.

Қазіргі уақытта барлық әлемде есептеу техникасының және компьютерлік технологияның дамуына үлкен назар аударылуда. Осыған байланысты дәл қазіргі кезде бірінші шығатын жаңа сөздер компьютерлік технология саласына тиесілі. Компьютерлік техника бағдарламалаушыларының және бағдарлама жасақтаушылардың жаңа терминдері, жабық лексикондарынан жалпы қолданысқа ауыса бастады. Себебі, компьютер қолданушылары күрт өсіп отырды және осы оқиғамен қатарлас лингвистика көзқарасынан заңдылық болып табылатын өзіне тән компьютерлік сленгі пайда болды. Дегенмен арнайы мамандардың жеткіліксіз болуы, компьютерлік терминдерді сапалы аудару мәселесі әлі де жетілдіруді қажет етеді. Көп адамдардың компьютерлік және инновациялық технологиялардың тікелей қатысты болуына орай, аталған мәселе бүгінгі күнде де өзекті болып табылады.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде ғылыми-техникалық прогрестің арқасында тілдегі тек мамандарға ғана қолжетімді арнайы терминдердің күрт өсуін байқауға болады. Мысалы, медициналық терминдердің сөздіктері 50-60 мың терминнен, информатика сөздіктері – 10 мыңнан немесе одан да көп және т.б [1].

* Ақмола облысы Целиноград ауданы Қоянды ауылының №2 ЖОББМ информатика пәні мұғалімі, alasmur01@mail.ru

Қазіргі таңда Қазақстанда әлемдік ақпараттық-білім беру кеңістігіне еруге бағытталған жаңа білім беру жүйесі қалыптасып келеді. «Ақпараттық коммуникациялық технология» (АКТ) сияқты танымал ұғым компьютерден басқа да технологияларды да қарастырады. Мысалға, барлық адамдар қолданатын теледидар, ұялы байланыс, заманауи түрлі техникалар.

Міне, осылай күнделікті өмірімізде мықтап орын алған ақпараттық коммуникациялық технологияның ішінде компьютерлік технологияны оқыту қазір аса өзекті. Осыған байланысты компьютерлік терминдер жүйесін сабақ барысында қолдануда мұғалім терминологиялық жұмысты кездейсоқ сипатта емес, белгілі мақсат қойып жүргізуі тиіс. Себебі теориялық материалды меңгеруде немесе оның практикалық қолданылуында оқушылар білімінде кемшіліктер кездеседі. Себебі, алғашқы компьютерлер мен компьютерлік технологиялар АҚШ-та пайда болғандықтан, терминдердің басым көпшілігі шетел тілінен бастау алған. Информатика пәнін оқытуда терминдердің ағылшын, орыс, қазақ тіліндегі нұсқаларын қолдануға тура келеді. Атап айтқанда, процессор, флэш, драйвер, коммутатор, транслятор, т.б. Сондай-ақ, терминдер мен түсініктердің қазақ тіліндегі аудармаларының нақты болмауы да оқушылардың түсінікті дұрыс қабылдай алмауына әсерін тигізеді. Мысалы, Software термині 9 сынып оқулықтарында бірнеше нұсқадағы аудармада берілген.

№	Баспа атауы	Software / Программное обеспечение
1	Алматы мектеп	Бағдарламалық жасақтама
2	Атамұра	Бағдарламалық қамтамасыз ету
3	Арман ПВ	Программалық жасақтама
4	Алматы кітап	Программалық жабдықтау

Осындай мәселелердің алдын алуда мұғалім терминнің мағынасын тереңірек түсіндіріп, меңгерту мәселелерін білгені жөн. Ол үшін терминнің мағынасын мұғалімнің өзі жете білуі қажет, яғни:

- терминнің айтылуы мен жазылуын;
- термин мен терминделіп отырған ұғым арасындағы байланысты;
- үйренушінің жас деңгейіне орай термин өкілдік ететін ұғым анықтама-сын;
- пайдаланып отырған терминнің тұрмыстық мағынасының информатикалық мағынасынан айырмашылығын;
- терминнің не оның буынының шығу тарихын;
- терминнің даму және оның белгілі мазмұнда теорияны дамытудағы рөлін;
- термин өкілдік ететін ұғымның таңбасын білу деген сөз.

Компьютерлік технологияларды қолданудың мақсаты – ақпаратты сақтау,

өңдеу және жіберудің техникалық және бағдарламалық құралдарының жиынтығын қамтитын оқу-ақпараттық ортаны ұйымдастыру. Мектептегі ақпараттық білім беру ортасы ақпараттандырудың әртүрлі формаларын қамтиды: ақпараттық қамтамасыз ету (оқу жоспары, сабақ кестесі, сыныптардың жүктемесі); оқу-әдістемелік кешендер (пәндер және тақырыптар бойынша терминологиялық сөздік қор ресурстарын, зертханалық және практикалық сабақтарын, бақылау сұрақтарын және т.б. жасау); ақпараттық білім беру ортасы (тест, телесеминар (онлайн), телеконференция (оффлайн), хабарландырулар тақтасы, тапсырмалар мен жауаптар алуға қолдау көрсету және т.с.с) [4]. Пәннің оқу-әдістемелік кешенін құрастыруда тақырыптардағы терминологиялық сөздік қор ресурстарын міндетті түрде тілдік мақсаттарды жүзеге асыру үшін назарға алынады. Қазіргі таңда, пәндер, тақырыптар және сабақтар бойынша терминологиялық сөздіктер құруға байланысты үлкен тәжірибелер жинақталды. Атап айтсақ, А.М. Джумағалиева, А.Ж. Нургазинова, Л.Қ. Смаилова, А.Ш. Күлмұратова, Информатика (Ақпараттық жүйелер) оқулық, Республикалық терминология комиссиясымен бекітілетін терминдері <https://termincom.kz/> информатика пәні бойынша салалық сөздіктер [5].

Білім беру үрдісін тиімді ұйымдастыру барысында терминологиялық сөздік маңызды рөл атқарады. Оқулық ретінде қолданылатын қағаз басылымдар сияқты электронды сөздіктердің де артықшылықтары мен ерекшеліктері бар. Оларға тоқтала кетсек: компьютер жадысы немесе дискіде ықшам түрде сақтау, гипермәтіндік мүмкіндіктері, ұтқырлығы, өзгерістер мен қосымшаларды жылдам енгізе алу мүмкіндігі, электронды пошта арқылы алмасу мүмкіндігі. Бұл - оқу пәні бойынша дидактикалық, әдістемелік және ақпараттық-анықтамалық материалдардан тұратын автоматтандырылған оқыту жүйесі, сондай-ақ оларды кешенді түрде өз бетіне үйреніп және алған білімді бақылауға мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтамалардан тұрады [2].

Білім беру үдерісінің әлсіз жері, олардың білім беру үдерісіне енуі, себебі техникалық бағытта оқу материалдары жеткіліксіз (электронды түрдегі), ал қолда бар оқулықтар жоғары біліктілікті қажет етеді. Осылайша, электронды ақпарат көздерінің жинақталуы және оларға оңай қол жеткізу мәселесі өте өзекті болып отыр. Бұл ретте мұғалім, тек оқытылатын оқу материалдары үшін оптималды оқыту құралдарын таңдап қана қоймай, сонымен бірге оларды әр түрлі электронды ресурстарды пайдалана отырып өзі құруы тиіс. Алайда, сабақ барысында тақырып бойынша толық ақпарат алу үшін сандық білім көздерін пайдалануға болады. Мысалы:

- электрондық кітапхана – әртүрлі электронды құжаттардың жиынтығын (әдебиет туындыларын, анықтамалар және тағы басқалардан тұратын электронды басылымдар) өнімді түрде сақтау және тиімді түрде пайдалануға мүмкіндік беретін үлестірілген ақпараттық жүйе;


- электронды көрнекілікті оқулықтар кітапханасы – мазмұны берілген пәндік облыстағы объектілер, үдерістер, құбылыстарды сипаттайтын мультимедиялық компоненттер жиынтығының көмегімен берілетін оқулықтар;


- электрондық энциклопедия – белгілі бір білім облысын қамтитын, әртүрлі бағыттар бойынша ақпараттың үлкен көлемінен тұратын оқулық. Мұндай басылым иллюстративті, бейне және аудио- бөліктер, анимация және үш өлшемді модельдермен жабдықталған;

- мультимедиялық оқулықтар – бұл өз бетінше немесе мұғалімнің қатысуымен оқу, не болмаса оның үлкен бөлімін компьютер арқылы меңгеруге мүмкіндік беретін бағдарламалық-әдістемелік кешен болып табылады (мысалы, <https://quizlet.com>) [3].

Қазіргі таңда, мектеп мұғалімдері тәжірибесінде билигуалды білім беру, сонымен қатар кіріктіре оқыту әдіс-тәсілдері кең қолданысқа ие. Үштілді білім беру саясатын қазір қолдаушылар да, қарсылық білдірушілер де жетерлік. Ал біздің салада терминнің үш тілдегі нұсқасын білу үшін үш тілді білу артық етпейді. Оның себебі терминнің көпшілігі бізге ағылшын тілінен не басқа шеттілдік терминдер орыс тілі арқылы келіп жатыр. Қазақ тіліндегі аудармасын түсіну үшін біз түпнұсқа тіліндегі терминнің аталуын білуіміз қажет.

Жоғарыда айтып өткен сөздердің аудармасын қолданылу бойынша нұсқаларын қаншалықты қолданылатынын анықтау үшін, бірнеше сөздерден тұратын сауалнама жүргізіп, нәтижесінде Software, Database терминдерінің барлық нұсқасы қолданылатынын байқадым (1 сурет). Бұған себеп, бекітілген салалық сөздіктерде де әртүрлі берілгендігі деп ойлаймын. Яғни, информатика пәні бойынша салалық сөздіктерде бірізділікті сақтау қажеттігі ұсынылады.





1-сурет. Информатика терминдерінің қазақ тіліндегі аудармасын қолданылу бойынша таңдау сауалнамасының нәтижесі

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Монахова Л.Ю., Монахова А.А. *Терминологический аспект проблемы информатизации образования// Человек и образование.* – 2008 №3 – С.68
2. Никитина Г.В. *Терминология педагогической информатики // Г.Р.Державина атындағы АРСИИ екінші конференция еңбектері жинағы.* СПб, 2007-386
3. Романенко В.Н. *Динамика развития научно-технических терминов. Возникновение новых терминов // Вестник СПбГУ.-2010.-№3-С.82*
4. Джумагалиева А.М., Нургазинова А.Ж., Смаилова Л.Қ., Күлмұратова А.Ш. *Информатика (ақпараттық жүйелер) оқулық,* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен Алматы, 2011
5. https://termincom.kz/school_terminology
6. <https://quizlet.com>

МЕКТЕП ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУ МАҚСАТЫНДА ОҚУ ҮРДІСІН ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОСПАРЛАУ

*Есенгельдинова Айгүл Төлегенқызы**

Жаңартылған орта білім беру жүйесі жағдайында «білім, біліктілік, дағдыдан» күзіреттілікке негізделген білім беруге көшу қағидасы жүзеге асы-

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультетінің докторант, eat.0785@mail.ru
Ғылыми жетекші: PhD Султанбекова С.А.

рылуда. Негізгі орта білім берудің базалық мазмұны көптілді білім беру саясатының аясында іске асырылады. Ағылшын тілінде білім беру мазмұны білім алушыларға ауызша және жазбаша таныстырылымдарды пайдалана отырып, ресми және бейресми қарым-қатынасты қамтитын интерактивті тапсырмалар арқылы ағылшын тілінде сөйлесу мүмкіндігін ұсынуға; жаһандық және білім беру тақырыптарындағы күрделі мәтіндердің жалпы мазмұнын түсінуге, еркін және сауатты сөйлеу дағдыларын және өз пікірін айта білуді қалыптастыруға бағытталған. Оқу үдерісін ұйымдастыру, мәселені талқылауда белсенділік таныту, көзқарастарды уәждеу, сындарлы шешімді қарастыру және қабылдау бастамасын көтеру арқылы білім алушының өз тәжірибесін игертуді ұйымдастыруға негізделген оқытудың интерактивті әдістерін қолдануды көздейді. Материалдық-техникалық база білім сапасының кепілі болып табылады, сондықтан білім беру саясатында ең алдымен инфрақұрылымдық мәселелерді шешу маңызды [1].

Ағымдағы қазақстандық білім беру жүйесін модернизациялаудың басты бағыттары қосымша таңдау бойынша сағаттарды қосу және STEM білім беру, тәрбие компоненттері, білім алушыларды ерте әлеуметтендіру мен кәсіби бағдар беру тәсілдеріне негізделген жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша оқытуды күшейтуге байланысты оқушының оқу жүктемесін өзгерту, білім берудің инклюзивтілігін күшейту, тұрғылықты жері мен оқу тіліне қарамастан сапалы білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі кезде заманауи Қазақстанда білім беру саласындағы әдістемелік зерттеулердің маңызды рөлін жоққа шығаруға болмайды, себебі қоғамның даму деңгейі нақты терминологияның дамуы мен жетілдірілу деңгейінің күйімен анықталады. Терминология мамандандырылған көптілді қарым-қатынас үшін қажет. Терминологияны оқыту білім алушыларға мәдениетаралық қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін кәсіби жағдайларда пайдалы болуы мүмкін мамандандырылған терминдерді анықтауды және меңгеруді қамтиды.

Берілген мақаланың өзектілігі мен ғылыми жаңалығы, ең алдымен, білім алушылардың терминологиялық сөздігін қалыптастырудағы лингводидактикалық тәсілдердің бірі ретінде кәсіби бағдарланған жалпы білім беретін пәнді оқыту процесін әдістемелік жоспарлауды зерттеуде жатыр. Зерттеудің мақсаты орта мектептерде берілген пәндердің жаңа терминологиясын оқыту аясында оқыту процесін жоспарлау мен дайындаудың артықшылықтары мен кемшіліктерін айқындау, сонымен қатар мұғалімдердің ағылшын тілінде оқыту мен оқуға деген көзқарасын анықтау болып табылады. Зерттеудің міндеттері терминологиялық материалды тиімді меңгеруге оң немесе теріс әсер ететін факторларды анықтау мақсатында жалпы білім беретін пәндерді шет тілінде оқытудың оқыту процесін қадағалау болып табылады.

Зерттеуде бақылау, мониторинг және салыстырмалы-салғастырмалы талдау әдістері пайдаланылды. Зерттеу пәндері Астана қаласындағы екі мектеп-гимназиясы болды, атап айтқанда ағылшын тілінде оқытылатын жаратылыстану-ғылыми бағыттағы пәндер бойынша (физика, химия, биология, информатика) 9 сыныптың 4 тобы болды. 2022-2023 оқу жылының үшінші және төртінші тоқсанында, ғылыми зерттеу аясында, мен жалпы оқу пәнін оқытудың күйі мен оқыту сапасын және оны білім алушылардың меңгеру деңгейін мониторингілеу мақсатында әрі қарай салыстырмалы талдау жүргізу үшін әртүрлі пәндер бойынша бір параллельдің топтарындағы оқу сабақтарына қатыстым.

Сонымен, жаратылыстану-ғылыми бағыттағы пәндерге, атап айтқанда физика, химия, биология және информатика сабақтарына қатысу барысында мұғалімдердің оқу процесіне дайындығында үлкен айырмашылық айқындалды. Оқу процесінің барысында, терминологиялық сөздік құруда сабақтардың белгілі бір кемшіліктері мен артықшылықтары байқалды. Артықшылықтары ретінде білім алушылар әртүрлі іс-әрекет түрлеріне тартылған, білім алушылардың терминнің аудармасын немесе жазылуын дұрыс таңдауы үшін Quizlet секілді мультимедиялық технологиялар мен сөздік ойындар пайдаланылған сабаққа жақсы дайындық, білім алушылардың белсенділігін арттыру үшін әрекеттер түрлерін өзгерту; сонымен қатар оқу-әдістемелік кешенде берілген тапсырмаларға қосымша мультимедиялық тапсырмаларды қолдану жүргізілген сабаққа жақсы дайындық анықталды. Кемшіліктер туралы айтатын болсақ, білім алушылардың терминологиялық сөздігін түсіндіру мен пысықтауда тек ағылшын тілінен орыс/қазақ тіліне аудару әдісін ғана қолдана отырып, интерактивті цифрлық технологияларды мұғалімдер барлығы бірдей қолданбайтынын; тапсырмаларды орындау кезінде оқушыларды жұпқа және шағын топтарға бөлмейтінін; жаңа сөздерді зерделеу кезінде көрнекілік қағидасын жеткіліксіз қолданатынын атап өттім.

Білім алушылардың терминологиялық сөздігін қалыптастыру факторы тиімді оқу процесі вариативтілігінің бастапқы нүктесі болуы тиіс. Оқытудың тұлғаға бағытталған лингводидактикалық тәсілі жағдайында жаңа терминологияны оқытуға тиімді жағдай жасау үшін педагог әрбір сабақты жоспарлау кезеңінде бар күш-жігерін салуы қажет. Ең алдымен, оқытудың лингводидактикалық негіздері ретінде, белсенділігі білім алушылардың терминологиялық сөздікті ғана емес, тұтастай алғанда бүкіл оқу пәнін меңгерудегі үлгеріміне тікелей әсер ететін әр түрлі оқыту әдістерін қолдану қажет. Мұндай формалардың рөлін білім алушылардан белсенді ізденіс әрекетін, материалды ұсынудың жаңашылдығын, эмоционалды мәнерді, шығармашылық тапсырмаларды талап ететін проблемалық жағдаяттарды құру атқарады. Бүгінгі таңдағы өзекті дидактикалық бағыт шығармашылыққа бағытталған оқыту болып табылады – мұнда тапсырмалардың көпшілігі шығармашылық мә-

нерде. Коммуникативті-бағдарлы әдістің шығармашылық элементі шет тілін оқу процесінде өнімді іс-әрекетте қолдануды ұйымдастыруға және кез келген жағдайда қарым-қатынасты қамтуға мүмкіндік береді. Үлгілік құрылымның орнына, зерделенетін терминдермен ойынға негізделген сабақтарды пайдалану қажет. Бұл конференция сабақтары, викториналар, лингвистикалық ойындар және тағы басқалар болып табылады.

Ғылыми-зерттеу жұмысының барысында Астана қаласындағы зерттеу жүргізілетін мектеп-гимназияларының базасында ағылшын тілінде сабақ беретін пән мұғалімдері арасында оқу үдерісін әдістемелік жоспарлаудың жалпы және ерекше заңдылықтарын айқындау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға ағылшын тілінде сабақ беретін сегіз пән мұғалімі қатысты. Зерттеудің нәтижесінде келесі жалпы сипаттамалар анықталды: пән мұғалімдері оқу процесінде отандық және шетелдік оқу құралдарын пайдаланады (75%-ға дейін); сабақтың теориялық және практикалық бөліктеріне көбірек көңіл бөлу керек деп санайды (95% дейін); оқу процесінде оқушылардың тапсырмаларды орындау вариативтілігі (жұптық, топтық, жеке) және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі сабақта маңызды және тиімді деп санайды (100%); оқытуға шығармашылық көзқарас және оқытудың инновациялық технологияларын енгізу білім алушыларды сапалы оқыту үшін, оның ішінде терминологиялық лексиканы зерделеу үшін (87,5%-ға дейін) ең табыстысы болып табылады; сабақты жоспарлауда, ұйымдастыруда және өткізуде қиындықтар мен кемшіліктер бірдей – оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мен жабдықтың жеткіліксіздігі, сондай-ақ білім алушылардың өздерінің шетел тілін меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігі (85%-ға дейін). Бірыңғай стандартты тапсырмалар кешенінің болмауы және тест тапсырмаларын өз бетінше құрастыру қажеттігі туралы жалпы пікір туралы да айта кету қажет, бұл сабаққа дайындалу кезінде көп уақытты қажет етіп, пәндер бойынша мұғалімдер арасындағы ынтымақтас-тықтың болмауына алып келеді.

Зерттеу жұмысымда тұжырымдары мен нәтижелері мектеп терминологиясын оқыту әдістемесін жетілдіру және жүйелеу бойынша келесі ұсыныстар болып табылды:

- мұғалімдердің білім берудің цифрлық технологияларын меңгеруі және оларды пәндік терминологияны таныстыру және пысықтау кезінде оқу процесінде пайдалануы;
- жұптық және топтық жұмыстарды әртүрлі ойындар мен викториналар түрінде қолдану арқылы жұмысты жүйелеу;
- сабақта тиімді пайдалану және оқушылардың білімін бағалау үшін тест тапсырмаларын дайындау бойынша бірлескен талқылауларды енгізу;
- ағылшын тілінде оқытылатын пәндер бойынша терминологиялық лекси-

каны оқыту процесінде мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекет саласындағы теориялық дайындығын күшейту;

- мектептер мен кабинеттерді қаржылық тұрғыдан заманауи оқу құралдарымен және соңғы үлгідегі оқу-әдістемелік кешендермен (арнайы екі және үш тілді сөздіктер мен глоссарийлер, әдістемелік ұсыныстар және т.б.) қамтамасыз ету.

«Педагог» кәсіби стандартындағы мұғалімнің әдістемелік құзыреттеріне келесі міндеттер жатады: пәнді, тілді және мәдени құндылықтарды сапалы оқытуды қамтамасыз ететін көптілді ортада тиімді оқытудың теориялық білімі мен практикалық дағдыларын білеу және игеру; білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеу процесін қалыптастыру; сабақты жоспарлау, жоспар әзірлеу және өткізу кезінде бағалау әдістерін меңгеру; оқыту мен тәрбиелеу мүмкіндіктерін кеңейту үшін оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолдану; оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарына сәйкес білім беру процесін жоспарлау және басқалары [2].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 24.11.2022 №941.
2. «Педагог» кәсіптік стандарты, 2022 ж. 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.

ФИЗИКА ТЕРМИНДЕРІН МЕҢГЕРТУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

*Хонорбай Анаргүл Хонорбайқызы**

Физика пәні мұғалімінің негізгі мақсаттары физиканы оқыту сапасын, нәтижесін, ғылыми деңгейін және оқушылардың физикалық сауаттылығын дамыту.

Физикалық термин – физикалық ұғымның атауы болып табылатын сөз немесе сөз тіркесі. Физикалық ұғым – физикалық объектілер мен физикалық құбылыстардың бейнесі. Физика терминдерін дұрыс ұғып, қолдану деңгейі физика ғылымын меңгерудің маңызды көрсеткіші. Физика ғылымында қазақша терминдерді жасау және қалыптастыру 1925 жылдан бастап қолға алынған. Хасен Әбішев жасаған алғашқы сөздік 1974 жылы Елден Аққошқаровтың авторлығымен жетілдірілді. 1981 жылы Атамұратова Қалқатай Мұқамбетқалиевнаның физика терминдерінің орысша-қазақша сөздігінде 21 мың термин қамтылған.

** Астана қаласы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицейінің физика пәні мұғалімі.*

Жаңа буын оқулықтарында терминдерді, олардың мән-мағынасын түсіндіру барысында пәндік мазмұнға сәйкес шығармашылықты дамытуға арналған міндетті тапсырмалардың көп болуы, терминдерге берілген анықтамаларымен ерекшеленеді. Мысалы, жаңа қазіргі жалпы орта білім беру мекемелерінде қолданылатын 11-сыныпқа арналған физика оқулығында (авторлары: Б.А.Кронгард, Д.М.Қазақбаева, О.Имамбеков, Т.Қыстаубаев) 101 терминнің анықтамасы берілсе, 10-сынып физикасында қарастырылмаған.

Мысалы, «Әртүрлі ортадағы электр тогы» тарауында, «Металдардағы электр тогы» тақырыбында «электрондар дрейфі» термині кездеседі. Бұл процесс статистикалық өрістің әсерінен зарядталған бөлшектердің реттелген қозғалысы, электрондардың дрейфінің жылдамдығы. Бұл термин география, оптика және анатомия салаларында қолданылады.

Ғаламторда *дрейфтің* бірнеше түрлері жайлы ақпарат та кездеседі. Ал осы термин оқулықтағы тараудың ең маңызды тақырыптары жайлы айтатын бетте де көрсетілмеген. Менің ойымша, 10 сынып жаңа буын оқулығына да терминдер түсінігін қалыптастыру қажет.

Ғылыми әдебиеттермен жұмыс кезінде, ғаламтор арқылы материал жинақтағанда терминдерді дұрыс ұғынып, меңгеру – физиканы оқудағы күрделі мәселелердің бірі. Пән ерекшелігіне байланысты тақырып мазмұнында кейбір терминдердің қосымша түсінігінің болмауы да оқушының білімін тиянақтауға кедергі келтіреді. Мысалы, 10-сынып оқулығындағы «Сұйықтар мен газдар механикасы» тарауында «Бернулли теңдеуі» атты тақырыпты түсіндірген кезде үш биіктік теңдеуінің бірі пьезометриялық биіктік туралы айтқанда пьезометр терминіне түсінік беру қажет. *Пьезометр* – гидростатикалық қысымды өлшеу үшін жердің деңгейінен төмен орнатылған ашық яки жабық түтік.

Мысалы, бұрынғы кітаптардағы *нить* – қыл сым яки қыл, *сетка* – тор терминдері аударылмай келген еді. Қазіргі кезең жаңа буын оқулықтарына түзетіліп енгізілгені қуантады. Физиканы білу, ең алдымен, физикалық шаманың мағынасын және тілін түсінуден басталады. Бұл орайда, физикалық өлшем бірліктерді білу, тарата алу, түрлендірудің маңызы зор. Физикалық шамаларды санада бекіту үшін оқушылардан қосымша дәптерге көшіру арқылы есте сақтауын талап еткен жөн. Өйткені шаманың енгізілгенін, оның енгізілу тәсілінің мәнін, шаманың негізін, шаманы енгізу нені білдіретінін түсіндіруде оқушылар жиі қиналады.

Олардың көбі оқулықтардағы және оқу құралдарындағы физикалық шамалардың талқылануының жеткіліксіздігінен туындайды. Оқушылардың физикалық шамаларды меңгерудегі жетіспеушіліктері қатарына төмендегілерді жатқызуға болады.

1. Физика ғылымының терминдерінің тілдік ерекшеліктері, құрылымының

толық ашып көрсетілуі оқулықта және көмекші оқу-құралдарында, қазіргі жаңа мазмұндағы кабинет жүйесіндегі таблицаларда болмауы;

2. Физикалық шаманы сипаттауының жеткіліксіздігі;

3. Физикалық шамалардың сол құбылыстағы қатысы бар шамамен арақатынасының ашылмауы.

Оқушылардың ғылыми жұмыспен айналысуына көмектескен кезде анық көзге түскен проблемалар:

1. Терминдер аударма түсініктерін физикалық тарау бойынша өзара бір-бірімен тығыз байланысқан терминдер жинағы ретінде қарастыру керек деп ойлаймын;

2. Ол үшін физикалық түсініктер жүйесін құру;

3. Алынған терминнің басқа да құбылыстармен байланысын көрсету;

4. Ұғымдардың анықтамамен қатар жазылуы;

5. Ұлттық сөз қорын пайдалану;

Физикалық терминдерді меңгерту әдістері.

I. Жаңа термин мағынасын анықтау.

Электр заряды – физикалық шама. Мысалы, электр заряды – дене электрлену кезінде өзара әрекеттесу қабілетіне ие болуы.

II. Мағынасының түсінікті болуын бақылау.

Денелердің үйкелу нәтижесінде пайда болған зарядты, яғни электрлік әрекеттесу қабілетін көрнекі құралдар арқылы көрсетіп барып сұрақтар қою.

III. Жаңа терминді оқушыға таныс сөздер, құбылыстар арқылы салыстыра түсінуге жетелеу.

Бір аттас, әр аттас зарядтардың пайда болуын, зарядтардың бөлінуі. Электроскоп құрылғысымен танысу. Барлық денелердің молекуладан тұратынын, молекуланың атомдарға бөлінетінін еске түсіру, атомның құрылысын аша отырып, элементар заряд шамасын түсінуі.

IV. Ана тілінде қандай мағына беретінін түсіну, дәптерге жазу.

Электр – материя бөлшектерінің қозғалысынан пайда болатын қуат күшінің бірі. Заряд – белгілі бір денедегі электр қуаты. Янтарь – грек сөзі «электрон». Осы сөзден «электр» сөзі шыққан. Біздің заманымызға дейінгі 600-жылдары ертедегі гректер қатты шайыр күйіндегі құрғақ, сары янтарьдың теріге немесе жүнге үйкегенде шашты, жапырақты т.б. өзіне тартатындығын анықтап, шайырды «электрон» деген.

V. Басқа терминдермен және пәнаралық байланысын ашу.

Мысалы:

Нүктелік заряд – өлшемдері өзара әрекеттесетін денелердің арақашықтығынан бірнеше есе кіші болатын денеде орналасатын заряд.

Элементар заряд – электронның электр заряды. Өзара әрекеттесу кезінде электрондарын жоғалтса, онда атомның оң заряды артады. Ондай күйде атом

оң ион деп аталады. Керісінше, атомға артық электрондар келіп түссе атом теріс зарядқа ие болып, теріс ион деп аталады.

VI. Кейбір физикалық шама өлшем бірліктері жаңалық ашқан ғалымдар құрметіне аталады. Өлшем бірлік адамның есімі болғандықтан жазылу ерекшелігін білу. Кулон – өте үлкен заряд. Денелер электрленуі тәжірибесінде 1 Кулонға қарағанда миллион, миллиард есе кіші зарядтар алынған. ХБЖ да электр зарядының өлшем бірлігіне француз ғалымы Ш.Кулон құрметіне бір кулон алынды. Жазылуы: 1Кл

VII. Ұғым мағынасын білдірмейтін терминдердің ерекшелігін түсіндіру. Мұндай терминдердің қысқаша шығу тарихы, алғашқы кездегі қолдану аясы. Куаттың бірліктен тыс өлшемі: Ат күші. Кезінде Уатт жасаған машинаның бірін насосты жүргізіп тұрған атпен алмастыру қажет болады. Келісім бойынша мұндай машина аттың бір күнде істейтін жұмысын өндіруге тиіс еді.

VIII. Терминдерді меңгерту жұмысында қосымша әдебиетті пайдалануға үйрету.

Оқушының жас ерекшелігіне және қарастырып отырған терминнің сипатына қарай ұсынатын әдебиеттер әртүрлі. Мысалы, терминнің этимологиясына байланысты жұмыстарда «Словарь иностранных слов», «Физика терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» және «Қазақ тілінің сөздігі» энциклопедиялары қолданылады. Ғылыми терминдердің байланысын ашуда ғылыми-көпшілік әдебиеттер мен журналдар пайдаланылады.

IX. Физикалық диктант жазу, АҚТ пайдалану арқылы бекіту.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

*Наурызалина Гулнур Амановна**

Қазақ тіл біліміндегі терминология ғылымының дамуы жиырмасыншы ғасырдың 30-жылдарынан басталды. Ғалым Ш.Құрманбайұлы: «Сол 30-жылдарға дейінгі жиырма жылдай уақытты қамтитын алаш оқығандарының терминологияны дамытуда ұстанған бағыт-бағдары басқа арнаға бұрылды. Ендігі жерде кеңес одағы халықтарына ортақ жалпыкеңестік терминологиялық қор құру мақсаты қойылды. Одақты құрайтын барлық ұлттық республикалар орыс тілінің терминологиясын үлгі ете отырып, ұлтаралық тіл мәртебесіне ие осы тілмен ортақтығы мол терминологиялық қор қалыптастыру көзделді. Терминологияның халықаралық сипатын арттыруға баса мән берілді»,– деп

** Ақтөбе облысы Алға ауданы №4 Алға орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, gulnur05011985@gmail.com*

сол кездегі біздің ұлттық құндылықтарымыздың қысымға түсе бастағанын Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялыларының қиындыққа тап болғанын көрсетеді [1].

Бұл кезеңде терминологиялық сөздіктер, термин мәселелері жөніндегі алғашқы мақалалар жарық көре бастады. Осы кезеңде термин жасау ісімен қазақ зиялылары: А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Аманжолов сияқты т.б. көптеген ғалымдар айналысып, зерттеулер жүргізді.

Қазақ тілі оқулықтарындағы терминдердің қолданылуы деген мәселе көтерілгенде, көкейде бірден бірнеше сұрақ туындайды. Олар:

1. Мектеп бағдарламасында термин сөздердің оқытылу жайы, қай сыныптарда, қандай дәрежеде?

2. Қазақ тілі оқулықтарындағы термин сөздердің қолданылуы, қандай да бір қиындықтар бар ма?

3. Қазақ тілінің ғылым тілі ретінде танылуындағы термин сөздердің рөлі, әсері қаншалықты?

Қазақ тіліндегі термин жасаудың үлгісін көрсеткен Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми терминологияны қалыптастырудағы қосқан үлесі зор. Алғашқы сауат ашу құралы ретінде жазған «Оқу құралында», «Әліпби» мен «Тіл-құрал» еңбегінде қазақ тіл біліміндегі басты, негізгі терминдерді жасады. Ғалым тілді жұмсай білу, сөзден сөз жасап шығару – екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс екендігін тілге тиек еткен. Ғалымның аталмыш еңбектерінің өзінде қазіргі кезге дейін қолданылып жүрген зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, шылау, жалғау, жұрнақ, т.б терминдерді жолықтыруға болады. Осы жерде айта кететін жайт – ғалым тек қазақ тіл біліміне тән термин атауларын емес, барлық ғылым салаларына тән терминдер жүйесін жасаған. Әдебиетші ғалым Р.Нұрғали Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегі жөнінде: «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған», – деген пікір айтады.

Ахмет Байтұрсынұлының термин жасаудағы басты ұстанымдары:

1. Терминнің түсініктілігі;

2. Терминнің ана тілі негізінде жасалуы;

3. Көпшілік түсінбейтін, бірақ қолданыста бар арабша, парсыша терминдерді қолданыстан тыс шығару;

4. Қажеті мол жағдайда жат тілдің терминін де қолдану (Еуропа және араб, парсы тілдерінен) [2].

Сол сияқты ғалым Ө.Айтбаев «Қазақ сөзі» атты зерттеуінде А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» атты еңбегін зерделей отырып: «А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер жүйесі, бір қарағанда оп-оңай болып көрінгенмен, ол – өте

күрделі де терең ізденістер нәтижесінде пайда болған ғылыми туынды», – дей отырып, А.Байтұрсынұлы жасаған термин сөздердің басты ерекшеліктерін саралай келе, ол терминдерге тән нәрселер ретінде мыналарды көрсетеді:

- анықталатын ұғымның дәлдігі;
- таңбаланған атаудың қазақилығы;
- терминнің жалқылық сипатының болуы;
- терминнің нақтылығы [3].

Алаш қайраткерлерінің бірі – ғалым Х.Досмұхамедұлы 1923 жылғы мақаласында өзге тілден енген термин сөздерді қабылдағанда ұлт тілінің фоно-морфологиялық заңдылықтарына сәйкестендіріп алу қажеттігі жайында айта келіп, мынадай тұжырым айтады: «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады», – деген пікірі күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ.

Қазақ тіліндегі аталмыш ғалымдармен қоса, қазақ терминологиясының мәселелерімен айналысып, терминжасам мәселелеріне өзіндік үлес қосқан ұлт зиялысы – М.Әуезов. М.Әуезовтің терминжасам мәселесімен айналысқанын көрсететін бірден-бір еңбектері – «Ғылым тілі» (1917) және «Қайсысын қолданамыз?» атты мақалалары. Аталмыш мақалаларында ғалым қоғам дамыған сайын күннен күнге мұқтаждарының көбейетіндігін айта келіп, қазіргі күнгі халық мұқтажы ғылым тілі екендігін тілге тиек етеді. Бұл мақалаларында ғалым ғылым тілін қазақша жасау мәселелерін көтере отырып, халық рухы біріксе, саясат сол халық рухына қарай бет алар болса, ғылым тілі ешуақытта өзге арнаға бұрылмайтындығын ұғынуымыз керектігін айтады.

Терминжасам тәсілдері жайында профессор Ш.Құрманбайұлы: «Ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы етістік терминдердің ішінде ең көп ұшырасатыны – тұйық етістік. Етістіктің бұл түрі арқылы жасалған терминдерді арнаулы салалардың барлығынан дерлік табуға болады. Мысалы, тіл білімінде – жіктеу, септеу, қиысу, қабысу, матасу, меңгеру, үстеу, жалғау т.б.; әдебиеттануда – шендестіру, әсірелеу, дамыту, теңеу, суреттеу, толғау т.б., Терминологияда сын есімдердің де өзіндік орны бар. Сын есімдер негізінен тіркесті терминдердің құрамында кездеседі. Мысалы, жай сөйлем (тіл білімі), қара өлең (әдебиеттану), сары дақ (физиология), ащы ішек (медицина) Терминологияда сын есімнің зат есім сияқты дербес ешбір сөзбен тіркеспей терминденуі де ұшырасады. Мәселен, сезікті (подозреваемый) деп, заң ғылымында – «қылмыс істеді деген күдікпен ұсталған және айып тағылмастан бұрын бұлтартпау шарасы қолданылған адамды» айтады», - деп терминдердің әр саладағы қолданысына тоқталады. [5, 158-161 бб.].

Мектеп оқулықтарындағы терминдердің қолданылуын айтпас бұрын, осы қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі рөлінің қаншалық күйде екендігін ға-

лымдардың пайымдаулары, пікірлері арқылы саралайық. Академик Өмірзақ Айтбайұлы: «Тілдің өміршеңдігінің басты кепілі – оның ғылым тіліне айналуы. Ғылым тілінің тірегі – терминология. Ұлттық терминология өркендемей, ұлт тілінің де өрісінің кеңейе қоюы неғайбыл» деген ой айта келе, ғылыми зерттеулерді қазақ тілінде жүргізуді міндеттейтін, ынталандыратын шаралар кешенін қолға алу, шет тіліндегі терминдерді қазақ тіліне аудару мәселесіне де тоқталды.

Лингвист ғалым Жамал Айтқалиқызы Манкеева: «Қазақ тіл білімінің негізін салушылар – А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов атап көрсеткендей, тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, оның танымдық құрал ретіндегі қызметіне де айрықша назар аударуымыз қажет» дей келе, «Адамтанымдық үрдіс тілді ұлттың болмысын, болашағын, кешегісін тану мәселесімен қоса қарастырады. Осы орайда қазақ тілі білімінің негізін салған А.Байтұрсынұлының «Қазақ тілінің барлық мүмкіншілігін сарқа пайдалану керек. Ол болмаған кезде барып, басқа тілден кірме сөздер алынғаны жөн» деген тұжырымын, сонымен қатар академик Әбдуәли Қайдардың «Тілші ғалым тамыршы сияқты болуы керек, сонда ғана тілдің терең мазмұнындағы ұғымдарды танимыз» деген қағидасын ғалымдар басты назарда ұстап келеді», – деп дәлелдер келтіреді.

Жоғарыда айтылған «Қазақ тілі оқулықтарындағы термин сөздердің қолданылуы, қандай да бір қиындықтар бар ма?» деген мәселелерді көтеру барысында жаңартылған білім бағдарламасы бойынша дайындалған оқулықтардағы берілген терминдер жөнінде мектеп мұғалімдерінің пікірін тыңдап саралай келе, бірнеше проблемалық мәселелерге тоқталмақпыз.

Қазақ тілі оқулығында басқа ғылымның, нақты айтқанда жаратылыстану ғылымдарының терминдері өте көп. Қазақ тілінің терминдері шет қалып жатыр. Тіл білімінің терминологиясы жүйелі түрде меңгертілсе, білім алушылар грамматикалық норманы игереді, сауаттылығы да артады. Бұл мәселе барлық сыныптың оқулықтарында кездеседі.

1) 9-сынып «Арман-ПВ» баспасы 42-бетте «Ресми іскерлік стильге» берілген түсінікте «аббревиатура» термині беріледі. Ал «Қысқарған сөздер» тақырыбы өтілгенде, бұл термин қолданылмайды. Сондықтан «Қысқарған сөздер» деп оқушыға түсінікті терминмен берілсе, түсінікті болар еді. Терминдерді қолдануда бірізділік болып, бір сөздің бір ғана баламасы ұсынылса, ал аударуға келмейтін халықаралық терминдер сол күйінде қолданылса, дұрыс болар еді.

2) 1-сынып оқушыларына «Фольклор», «Инфографика» деген терминдер ауыр келеді. Оқулықтарға терминдер жас ерекшелігіне сай енгізілсе.

3) 10-сыныптың қазақ тілі оқулығында тілдік бағдарда «Сөзжасамдық тәсілдер» деп берілген де, астына схемамен синтетикалық (сөз тудырушы), аналитикалық (күрделі сөздер), лексика-семантикалық (заттанған сөздер) деп

үш тармақшаға бөліп қойған. Тапсырмалар да осы ғылыми тілмен берілген. Оның орнына оқушыларға сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалған сөздерді тап, күрделі сөздерді анықта деп берілсе, дұрыс болар еді.

4) Барлық сыныптарда терминдер бірізділікпен, жүйелі түрде беріліп, тіл білімі терминдері рет-ретімен қарастырылса деген тілегіміз бар. Мысалы: 5-сыныптағы «Қазақ тілінің» 61-бетінде «Көп мағыналы сөздер» мен «Омоним» тақырыптары қатар берілген. Бір қарағанда, бұлар бір-біріне ұқсас сияқты көрінеді. Бірақ беретін мағынасы, табиғаты әр басқа. Сыртқы тұлғасы ұқсас сияқты көрінгендіктен, бұл терминдерді меңгеруде оқушылар шатастып, қабылдай алмай жатады. Мұндай қиындық келтіретін түрлі терминді қатар беру дұрыс емес. «Синоним, Антоним, Омонимдерді» жеке беріп, «Көп мағыналы сөздерді» жеке берген дұрыс. Осы сияқты 5-сыныпта 71-бетінде лексикология саласын оқып отырып, морфологияға ауысып кетеміз. Бірден «Туынды сөздер» туралы тақырып басталып кетеді. Тіл білімінің әр саласы араласып жүргендіктен, әрине терминдері де араласады. Бұл баланың термин сөздерді түсініп, есте сақтауына, қабылдауына біршама қиындық келтіреді.

5) 11-сыныптың («Мектеп» баспасы 2020ж) қазақ тілі оқулығында орфография мен орфоэпия, стиль және шешендік сөздерге қатысты терминдер жүйелі түрде берілмеген. «Грамматикалық материал», «Есте сақта!» деп әр жерден үзіп беріледі де, нақтылық жоқ.

Жалпы негізінде мектеп бағдарламасында меңгерілуге тиіс білімнің терминдері көпшілігі бірізді, қалыпқа түскен, жүйелі терминдер. Бірлі-жарым кейде жарыса қолданылып қалатындары да кездеседі. Мысалы: «аббревиатура», «қысқарған сөз»» деген сияқты жарыса қолданылып жүрген терминдер оқушыларды шатастырады. Ал сонда мәселе тудырып отырған не нәрсе? Ол жаңағы жоғарыда мысалдар келтіре отырып көрсеткеніміздей, жаңартылған оқу бағдарламасындағы грамматикалық жүйенің сақталмауынан оқулықта тіл білімі терминдерінің баланың жас ерекшелігін ескермей, жүйесіз түрде берілуі дер едік.

Қорыта келе, қазақ тілінде термин жасау, жасалған терминдерді қалыптастыру, оларды оқулыққа енгізу мәселесі – қадағалап отыруды, жауапкершілікті қажет етеді. Термин жасаудағы реттілік пен жүйелілік сақталмаған жағдайда, бұзылары анық. Қазіргі ұлт тілінде терминжасам мәселелері жан-жақты зерттеліп, жандана түссе деген игі тілегіміз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. *Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография.* – Алматы: Сардар, 2014. – 928 бет.
2. Байтұрсынов А. *Тіл тағылымы (Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектер).* – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

3. Айтбайұлы Ө. *Қазақ сөзі: (Қазақ терминологиясының негіздері)*. – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
4. Әбдуәли Қайдар. *Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас*. – Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.
5. Құрманбайұлы Ш. *Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал)*. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ТЕОРИЯЛЫҚ-ПРАКТИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ

*Түлекова Гүлназ Хажымұратқызы**
*Суранчиева Назгүл Рысахынқызы**
*Елубай Асем Мамешқызы**

Білім беру әдістері теориялық әдістеменің негізгі мәселелері болып саналады. Тілден теориялық білім мен практикалық дағды беруде білім беру әдістері жиі қолданылады. Әдіс грек тілінен енген сөз. Оның бастапқы ұғымы “зерттеу” деген мағынаны аңғартқан. Бертін келе алғашқы мағынасын кеңейтіп, “белгілі бір пәнді оқытудың әдісі” дегенді білдіреді. Сөйтіп әдіс қазақ тілінен теориялық білім берудің тәсілдерін, соған байланысты практикалық дағды мен тәлім – тәрбие берудің амалдарын саралайды, соны іс – тәжірибе жүзінде іске асырудың тәсілі мен жолдарының дәл жүйесін көрсетеді. Оқушылардың қазақ тілінен алған білімі мен білігін және іс – тәжірибелік дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыс жүйесі оқыту әдістерінің құрылымына тікелей байланысты [1; 12]. Сонымен қатар мұғалім басшылығымен орындалатын оқушы жұмысының тұрақты сатысы оқыту әдістерінің мазмұнына қатысты. Білім беру әдістері қазақ тілінің теориялық материалдарын психикалық қызмет негізінде меңгертіп, оны оқушылар ойында қалыптастыруды және практикада шебер қолдана білуді үйрететін тәсілдер құрамы болып табылады.

Тілдерден білім беру әдістері сан алуан. Осы әдістерді әдістеде жіктеп көрсетудің мәні зор. Жіктеп көрсетуде, біріншіден, оқушыға берілетін білімнің сапасы артады, екіншіден, оқушымен жүргізілетін жұмыстың дәлдігі нығаяды, үшіншіден, мұғалімнің атқаратын жұмысы жеңілдейді. Әрине,

* Азаматтық авиация академиясының профессоры, ф.ғ.к., gulnaz.tulekova@mail.ru

* Азаматтық авиация академиясының сеньор – лекторы, nazgul_87@bk.ru

* Азаматтық авиация академиясының оқытушы-зерттеушісі, smailova_ase@mail.ru

білім беру әдістерін таңдап, қолдану, оны қай уақытта іске асыру және білім беру әдістерін қай материалға байланысты сұрыптап алу методиканың қиын әрі күрделі мәселелері. Сондықтан оқушыларға ұсынылатын тілідік материалдардың көлемін дұрыс таңдап, сұрыптау өте қажет іс болып табылары сөзсіз. Оқушыларға берілетін білім мазмұнының көлемі мен ғылыми сапасын зерделеу білім беру әдістерінің іске асырылуын жеңілдетеді. Білім беру әдістерін іске асыруда оларды топтастыру, жіктеу ең қажетті мәселе болып табылады. Оқушылар тілді практикалық – теориялық және теориялық – практикалық жақтан меңгереді. Тілден білім беру әдістерін топтастыру әдістеменің соңғы жетістіктеріне негізделеді.

Негізгі бөлім. Білім беру әдістеріне педагогика теориясында төмендегідей анықтама берілгін: “... білім беру әдістері оқушылардың білім мен білігін, олардың практикалық дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыстарының тәсілі және оқушылар жүргізетін жұмыстың мұғалімнің басшылығымен орындалатын бірден – бір тәсіл” [1; 47].

Оқыту әдісі-жалпы дидактикалық ұғым ретінде бұл оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мақсаттарына жетуге бағытталған мұғалім мен оқушылардың өзара байланысты іс-әрекетінің тәсілдерінің жиынтығы.

Оқыту әдістері өзара байланысты екі топқа біріктіріледі:

- оқыту әдістері-көрсету, түсіндіру, жаттығуды ұйымдастыру, практиканы ұйымдастыру, түзету, бағалау;

- оқыту әдістері-таныстыру, түсіну, жаттығуға қатысу, тәжірибе, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бақылау.

Тілдерін оқыту әдістемесі үшін келесі әдістер жетекші болып саналады: көрсету, түсіндіру, практика.

Оқыту әдістері әртүрлі критерийлер бойынша жіктеледі:білім алу және дағдыларды қалыптастыру көзі бойынша-мұғалімнің сөзі, әңгіме, тілді талдау, жаттығулар, кітаппен жұмыс, экскурсия, көрнекілік құралдарын пайдалану;

білім алушылардың оқу процесіне қатысу дәрежесі мен сипаты бойынша-оқытудың белсенді, пассивті әдістері;

оқушылардың жұмыс сипаты бойынша – ауызша және жазбаша, сынып және үй, жеке және ұжымдық.

Қазіргі уақытта оқытудың белсенділік тәсіліне негізделген оқыту әдістерінің жіктелуі кеңінен қолданылды. Осыған байланысты:

Оқу пәнін меңгеруді қамтамасыз ететін әдістер (ауызша, көрнекі, практикалық, репродуктивті, проблемалық – іздеу, индуктивті, дедуктивті);

Оқу қызметін ынталандыратын және ынталандыратын әдістер (танымдық ойындар, оқу пікірталастары, проблемалық жағдайлар);

Бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері (сауалнама, сынақ, емтихан және т.б.).

Қабылдау-әдістеменің негізгі категориясы, оқытушының қызметіндегі

ең кіші оқу бірлігі, практикалық сабақтың белгілі бір кезеңінде мұғалімнің нақты міндетін шешуге бағытталған қарапайым әдістемелік әрекет.

Қабылдау оқыту әдісінің мазмұнының ажырамас бөлігі болып табылады және оны әдістеменің негізгі категорияларының иерархиясындағы бастапқы кезең ретінде қарастырған жөн.

Мысалы, жаңа материалды түсіндіруге байланысты әдістер болуы мүмкін: сипаттама, салыстыру, салыстыру, бақылау.

Оқытудың нақты әдістерінің мақсаты: білім беру, дағдыларды қалыптастыру, оқу процесінің жеке мәселелерін шешу үшін оқушылардың оқу іс-әрекетін ынталандыру.

Әдістің теориялық мақсаты білім берудің мақсатына негізделеді де, әр алуан жұмыс жүйесі арқылы жүзеге асады. Осы үрдісте мынадай ойлау дағдылары қалыптасады: тілдік материалдарды талдау, талданған объектілерді түсіндіру, объектілерді дәлелдеу, объектілердің өзіндік белгілерін санамалап көрсету, тақырыпты оқыту, оқыту үстінде қатесін түзету, тақырыптың анықтамасы мен ережесін айту, бірнеше мысалдарды оқушылардың өздеріне тапқызып талдату. Білім мен дағдының өзара кірігуі арқылы білім беру әдісінің құрлымын білуге жол ашады, мұғалім мен оқушының қарым – қатынасы күшейіп, мұғалімнің білім беру шеберліктері төселеді, теориялық және практикалық әдістерді саралап, қолдануға жаттығады. Осының нәтижесінде қазақ тілінің оқыту әдістері жүйеленіп, білім берудің сапасы артады [2; 25].

Тілдерден білім беру әдістерін жіктеуде төмендегі әдістемелік мәселелер өлшем етіп алынады. Олар мыналар: тілден білім беру әдістері білім алу көздеріне байланысты жіктеледі. Біз оқушылардың қазақ тілінен теориялық білім алуы мен практикалық дағды қалыптастыруының негізіне тоқтап кетуді жөн санадық. Оқушылар алған білімдері мен дағдысын ұжыммен қарым-қатынас жасау негізінде кеңейтеді. Көрген – білгенін әңгіме етеді, сөйтіп қарым-қатынас жасау негізінде белгілі бір білім негіздерін молайтады. Тілдік материалдарды іс жүзінде қолдануды оқушылар көркем әдебиетті оқу үстінде түсінеді. Оқушылар білім мен дағдыны қазақ тіліне байланысты жүргізілетін тәлім-тәрбие сабақтары мен сыныптан тыс орындалатын жұмыстар бойынша алады. Білім мен дағды мұғалімнің түсіндіруі бойынша жеткізіледі. Білім мен білік қазақ тілі оқулығы бойынша қалыптасады, білім мен дағды арнайы таңдалған дидактикалық материалдар – диктант, мазмұндама, үлестірмелі қима қағаздар және түрлі көрнекі құралдар негізінде шоғырланады [2; 65].

Тілден білім беру әдістері белгілі әдіскер ғалымдардың айтқан әдістемелік пікірлеріне байланысты жіктеледі. Профессор А.В. Текучев “Методика русского языка в средней школе” деген еңбегінде білім беру әдістерін білім алу көздеріне қарай жіктеуді мақұлдайды. Орыс тілін оқытудың

зандылықтарын көп зерттеген әдіскер ғалым профессор Л.П. Федоренко теориялық методиканы зерттеудің мәселелері жайында: “Важными вопросами теории методики автор считает следующие: принципы методики русского языка, вытекающие из закономерностей усвоения родного языка; теоретический анализ средств передачи знаний, в частности анализ методов обучения родному языку” деп орынды атап көрсеткен. Ана тілін оқыту әдістемесін негізгі мәселелерін зерттеу қазіргі заманғы әдістеменің басты міндеті болып отыр. Тілдерді оқыту әдістемесіне байланысты жазылған құнды зерттеулер де осы мақсатқа арналады. Мұнда білім беру әдістерінің біраз түрлері жан – жақты баяндалады.

Сөйтіп тілден білім беру әдістерін оқушылардың білім алу көздеріне негіздей отырып, оларды төмендегіше топтастыруға болады: практикалық жақтан үйрету әдістері. Бұл әдістердің құрамына мыналар кіреді: тілді әдебиет материалымен байланыстырып өту әдісі, түсініксіз сөздерді үйрету әдісі, диалогтық және монологтық сөйлеуді үйрету әдісі, ауызша түсіндіру әдісі, ауызша мазмұндау әдісі және мәнерлеп оқу әдісі, қазақ тілін теориялық жақтан үйрету әдістері. “Бұған мына топтағы әдістер жатқызылады: әңгіме әдісі, хабарлау әдісі, түсіндіру әдісі, тәжірибе әдісі және кітапты пайдалану әдісі, қазақ тілін теориялық – практикалық жақтан үйрету әдістері. Яғни дайын материалды талдау әдісі, фонетикалық талдау әдісі, морфологиялық талдау әдісі, синтаксистік талдау әдісі, тілдік материалдың түрін өзгерту әдісі, тілдік тапсырмалары бар мазмұндау әдісі, қазақ тілі бойынша сөйлем құрату әдісі, тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру әдісі, орфографиялық талдау әдісі, көшіріп жазу әдісі, диктант жазу әдістері.”

Ф.Оразбаева орыс аудиториясында қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқытуда сүйенетін ұстанымдарға тұтастық (комплекстік); сөйлесімге қатысты басты ережелерді меңгеру; грамматикалық заңдылықтарды есте сақтауға, жазуға үйрету; сөйлесімнің түрлерін меңгеру; ынталандыру; тақырыпты игеру; сөйлеуге қатысты ішкі күшті пайдалану; орта мен жағдайды ескеруді жатқызады [1].

Тілден саналы әрі тиянақты алған білімдерін іс жүзіне асыруда жүйелі жұмыс тәртібі үлкен рөл атқарады. Сондықтан өнімді әдістерді әдістемелік қағидаларға сәйкес жүргізіп отыру мақсаты көзделеді. Жоғарыда айтылған әдістерді іске асыру арнайы таңдалған материалдар негізінде жүргізілетін жұмыстың психологиясына байланысты. Әдістің қолдану жүйесі білім алу көздеріне негізделі отырып, мына сынды жұмыстың басты үрдістерін ескертеді: әдістің іске асырылу жүйесі объектіні меңгертудің психологиялық басқыштарына қатысты. Тақырыптың өзіндік белгілерін тірек ету. Тақырыптың әсерлігі мен мәнерлігін күшейту. Ауызша сөйлеу дағдысын арттыру. Жазу сауаттыл ығын арттыру. Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу белсенділігі мен саналығын күшейту тағы басқа қадағалаған жөн.

Тіл үйренушінің іскерлік, белсенділік, өзіндік шығармашылығының негізгі факторы – оның мықты оқу уәждемесі, өзіндік терең пайымдауы мен дәлелі. Оқытушы ұйымдастыратын сөйлеу әрекетінің түрлері тіл үйренушінің қатысымдық қажеттілігіне қарай уәждеме туғызуға бағытталуы тиіс. Қатысым уәждемесінің қалыптасу жолдары:

1. Үйренетін тілде телебағдарламалар көру, радиобағдарламалар тыңдау, оларды талдау;
2. Көркем әдебиет оқу, оқығаны туралы әңгімелесу;
3. Сол тілдің атақты өкілдерімен кездесу, әңгімелесу;
4. Сол тілде ғана сөйлеуге арналған жазғы лагерлер ұйымдастыру;
5. Оқу үдерісін жеделдету;
6. Жүйелі бақылау және проблемалармен жұмыс жүргізу;
7. Интерактивті оқыту әдістерін қолдану;
8. Оқу үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу.

Е.И.Пассов қарым-қатынас жасауға қатысымдық жолмен оқытудың бес ұстанымын ұсынады: «1.Сөйлеу-ойлау белсенділігі ұстанымы; Жекешелендіру ұстанымы; 3.Функционалдық ұстанымы; 4.Жағдаят ұстанымы; 5.Жаңашылдық ұстанымы» [5].

Қорытынды. Сөйтіп әдістің іске асырылу жүйесі лингвистикалық фактілерді тірек етіп, психологиялық факторлар негізінде дидактикалық – методикалық принциптер бойынша жүзеге асады. Таза практикалық жұмысарды орындауда түсініксіз сөздерді түсіндіру, ауызекі тілді дамыту, мәнерлеп оқу, қосымша әдеби кітаптармен жұмыс істеу және оны іс – тәжірибеде пайдалана білуге және олармен жұмыс істеу тәсілдері жұмсалады [3; 32]. Теориялық тілдік материалды оқытуда әңгіме, хабарлау, тәжірибие, түсіндіру, кітапты пайдалану әдістері қолданылады. Ал әрі теориялық, әрі практикалық масатта жүргізілетін әдістер жүйесіне жүргізілетін әдістер жүйесіне мыналар кіреді: қазақ тілі тақырыптарын талдау, тілдік материалдың түрін өзгерту, тілдік тапсырмаларды мазмұндау, шығарма жаздыру, орфографиялы талдау, көшіріп жазу, диктантты оқыту, орфографияны үйрету, дұрыс сөйлеу дағдысына еліктеу, дыбыстау мүшелерінің қызыметін түсіндіру, дұрыс айту ережелерін меңгеру, көрнекі құралды пайдалану, өлең ұйқастарының айтылуын үйрету.

Сауатты және дұрыс жазу шеберлігі төселіп, өзінің тілін стилистикалық тұрғыдан жетілдіреді, ғылыми, саяси және көркем шығармаларды талғап оқу қабілеті артаы. Оқушылар қоғамдық құбылыстарды тіл арқылы біліп, сезіну, түсіну және үйрену жолымен білімдері мен дағдыларын қалыптастырады.

Тілдерді практикалық жақтан үйрету әдістері сабақ жүргізу үстінде іске асырылады. Бұл арқылы оқушылар сөздің мағыналық қасиетін, табиғатын, сөздік қоры мен грамматикалық құрылысын сезінеді, ауызекі тілдің бай-

лығы мен әдеби тілдің өзіндік белгілерін үйренеді. Мәдениетті сөйлеу үлгісін қалыптастырып, дұрыс оқып, оқығанын қайталап айтып беруге жаттығады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас теориясы және негіздері, Алматы, 2000.
2. Басымов Қ.А. Грамматиканы оқыту жөнінде, Ауыл мұғалімі, 1938.
3. Кәтембаева Б. Қазақ тілінен методикалық нұсқау. Алматы, 1993.
4. Исабаев А. Қазақ тілі фонетикасын оқытудың методикалық негіздері., Алматы, 1984.
5. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. – М., 1989.

ПРОБЛЕМА ВНЕДРЕНИЯ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОЙ ЛЕКСИКИ ШКОЛЬНЫХ УЧЕБНИКОВ В КОРПУС НАУЧНЫХ ТЕКСТОВ И ЕЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ

*Левченко Наталья Викторовна**

В настоящее время растет необходимость совершенствования способов введения терминологии в школьных учебниках. Определение терминов и понятий их разъяснение, широкий охват области наук естествознания [1]. Развитие науки и ее открытия, стремительное увеличение системы научных знаний — все это ведет к необходимости постоянно совершенствовать наши школьные учебники, а также систематизировать полученные знания и разрабатывать методики преподавания научных дисциплин в образовательных организациях. Современное общество требует уникальной формы описания получаемых данных, которая позволила бы сделать научные открытия человечества понятными каждому. Часто язык, научный язык, на котором написаны статьи, научные труды, монографии и другие исследования перегружаются терминами, что делает понимание таких текстов весьма затруднительным даже для компетентных специалистов. Проблема восприятия современных научных источников без знания терминологической лексики ведет к недопониманию научных основ, дальнейших научных исследований и соответственно открытий, их важности и актуальности, по сути превращая достижения человечества в пустой звук. Поэтому важно, чтобы используемые термины и специальная лексика были достаточно освоены наукой, а появление новых

* Алматы қаласы №52 ЖОББМ көркем еңбекті кәсіптік оқыту пәнінің мұғалімі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты, levchenko.natalya.80@bk.ru

терминов и научных слов было четко и доступно разъяснено современному обществу.

Обширно стало распространение терминов выходящими за границы научных произведений. Идет повышение и насыщение терминами современной речи. Существует несколько современных проблем внедрения терминологической лексики и первое, несмотря на бесконечное количество словарей по терминологии естествознания и других наук, использование последних не представляется чем-то необходимым и важным в труде учителей или учащихся [2]. Потому что в век информационных технологий, информация находится по одному буквальному нажатию пальцем на соответствующую виртуальную кнопку в современных гаджетах, и вся необходимая информация приходит с глобального поисковика Википедии, а зачастую любой ученик и даже преподаватель останавливаются на первых двух или трех страницах в браузере, и далее все практически замирает мертвой точке познания. Происходит следующее: информация, находящаяся в строках поисковика, не отображает полную картину и суть вещей, поэтому, будучи серьезно ограниченными во времени, учащиеся довольствуются поверхностной информацией с обилием научной терминологии, тем самым, не получая должных знаний. Не задумываясь о смысле слов, не пытаясь глубоко вникнуть в суть, теряя ориентиры из-за незнания специальной научной терминологии, пользователи не улавливают сути, не могут выстраивать логику и систематизацию в изучении научных материалов. При этом падает качество знаний, ориентированное на количественное наполнение содержимого домашнего задания.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қазақ тілі мемлекеттік тілі болып саналады. Ал «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы бойынша мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады. Осы актілердің қатарында заңдар да кіреді. Осыған орай, олардың қазақ тілінің ережелері мен талаптарына бағынуы белгілі аксиома. Оған қоса заңның үздіксіз дамуымен қатар, оның тілінің¹ тұрақты болуы да объективті заңдылық. Мемлекет заңнама мен оның тілінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге тәсілдер, құралдар мен ресурстар кешенін жұмылдырады. Осындай тұрақтылықты қамтамасыз ете алатын құралдардың бірегейі заң техникасы болып табылады.

Қазақ тілі де басқа тілдер сияқты жанды құбылыс ретінде үнемі даму үстінде. Осындай заңдылық заң тіліне де қатысты. Мәселен, өткен ғасырдың 90-шы жылдары басым түрде заңдарда кең қолданылған «заң қалыптары», «заң құжаттары» және т.с.с. сөздер мен сөз тіркестері қазіргі құқықтық лексика айналымынан шығып қалды. Тек қана өзінің қоғам мен мемлекет талаптарын толық қанағаттандыра алған (тілдік табиғаты дұрыс негізделген) тіл бірліктері заң мен құқыққа мінсіз қызмет атқарып келеді. Олардың арасында, мысалы «заңнама» деген ұғым ерекше орын алады.

Тілдің өзгеріп, толығып отыруының да өз заңдылықтары бар. Сондықтан «негізгі сөздік қордағы түбір сөздерден туынды сөздер жасалып, тілдің бүтіндей лексикасы толығып, дамып отырады» [1] деген пікірді толық қолдай отырып, осындай үдерістің, жалпы аударма сипатындағы болса да, заң тіліне де қатысты деуге болады.

Осындай динамикалы сипаттағы тіл мен осы мақала объектісінің бірі болып отырған заң техникасы ұғымы статикалық қасиеттерімен ерекшеленеді². Оның талаптары заңнамада бекітіледі. Мәселен, «Құқықтық актілер

* Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика орталығының басышысы, з.ғ.к., доцент.

¹ Басқа тілдердің теория мен практикасында өз орнын алатын «заң тілі» деген ұғым қазақ тілінде лексикалық бірлік есебінде мойындалмай келеді. Қазақ тілінің теориясы жағынан зерделенбеген не кемшіліктері бар болар, бірақ құқық саласында «заң тілі» ұғымы түсінікті әрі өзінің функциялық міндеттерін толықтай атқара алады деуге тұрарлық.

² Заң техникасы бойынша ғылыми еңбектер жоқтың қасында. Бұл жағдай оның не құқық саласына, не таза тіл саласына жатпайынан туындаған болуы қажет. Сондықтан болашақ заңгерлер мен филологтарды арнайы заң тілі мамандарын оқытатын бағдарламалар қажет. Ол туралы ұсыныстардың көтерілгеніне он жылдан асты, бірақ әлі мәселе сол күйінде қалуда.

туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Құқықтық актілер туралы заң) 1-бабы 3) тармақшасына сәйкес заң техникасы – құқықтық актілерді ресімдеу тәсілдерінің, талаптары мен қағидаларының жиынтығы болып табылады³.

Мақала тақырыбы тұрғысынан қарағанда қазақ тілі мен заң техникасы арасында біраз ортақ және қарама-қайшылық тұстар жетерлік. Осы екі құбылыстың негіздеріне тереңдемегеннің өзінде олардың бірқатары заңның атауын ресімдеуде, заңда санамаланып берілетін ұғымдарды ресімдеуде, кезеңдік лексикада (уақыт аспектісінде), әдеби және ресми сөздердің қолданылуында, шартты сөздерді қолдану бойынша көптеген мәселе орын алып отырғанын байқауға болады. Мәселен, Құқықтық актілер туралы заңның 22-бабына сай нормативтік құқықтық актілердің⁴ деректемелерінде міндетті түрде акт нысанына нұсқау болуға тиіс. Сондықтан кез келген заңның тақырыбының алдында «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы», «Қазақстан Республикасының конституциялық заңы», «Қазақстан Республикасының кодексі», «Қазақстан Республикасының шоғырландырылған заңы», «Қазақстан Республикасының заңы» деген нұсқалар көрсетіледі. Осы құқықтық талап қазақ тілінің ережелеріне қайшы келеді, яғни ол сөйлем тәртібінің бұзылуына алып келеді. Мәселен, алдымен «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ»⁵ деген тіркес, сонан соң ғана нормативтік құқықтық актінің реттеу нысанасын білдіретін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»⁶ деген тіркес жазылады. Осы мысалдан қазақ тілі мен заң техникасының айқын қарама-қайшылығын көруге болады. Осыған ұқсас мысалдарды тікелей

³ Құқық теориясында заң техникасының кең және тар мағынасы деген көзқарас бар. Осыған орай, Қазақстанда тар мағынадағы заң техникасы қолданылады деп топшылауға болады.

⁴ Аталған заң заң шығару процесінде тек қана заңды ресімдеуге қойылатын талаптарды қамтуы және онда бекітілген деректемелердің заңға ғана тиісті екенін ескеріп, «нормативтік құқықтық акті» деген ұғымның орнына «заң» деген ұғымды қолдану мәселесі Құқықтық актілер туралы заңның келесі редакциясына енгізу қажет, өйткені аталған ұғымға сәйкес келмейтін құқықтық нысандар бар. Мәселен, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің деректемелері шектеулі.

⁵ Міндетті түрде бас әріптермен жазылады. Ал шындығында бірінші әріптен басқасын бас әріптен жазуға грамматикалық негіз жоқ.

⁶ Қазақ тілінің сөйлем тәртібі бойынша бұл нормативтік құқықтық актінің дұрыс атауы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы» болуға тиіс.

заң техникасына жатпайтын болса да халықаралық шарттардан да келтіруге болады⁷.

Қазақ тілі мен заң тілінің тағы бір ұштаспайтын тұсы санамаланған ұғымдарды қолданудан көрінеді. Мұндай жағдай, әдетте, белгілі бір субъектілердің құқықтары мен міндеттерін ресімдеуде орын алады. Мәселен, «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 2 қазандағы № 30-VIII ҚРЗ⁸ 6-бабында қоғамдық бақылау субъектілерінің қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға қатысуының шарттары бекітілген. Онда:

«2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар;

...

б) шетелдік қатысуы бар коммерциялық емес ұйымдар, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тоқтатыла тұрған не оған тыйым салынған коммерциялық емес ұйымдар қоғамдық бақылау субъектілері бола алмайды.» делінген. Қазақ Республикасының заңнамасына өзгертулер мен толықтырулар енгізудің үздіксіз үдеріс екенін ескеретін болсақ⁹ келесі жолы осы бапқа толықтырулар енгізгенде міндетті түрде пайда болады. Мәселен, осы 2-тармаққа 7) тармақша енгізіледі деп есептейік. Әзірге

⁷ «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румынияның Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 2 шілдедегі № 119-V Заңы», «Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 22 шілдедегі № 339-V ҚРЗ, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Индонезия Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 қыркүйектегі № 720 қаулысы, «Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 30 қарашадағы № 208-IV Заңы» деген мысалдардағы ерекше көрсетілген «Инвестицияларды» және «Табысқа» деген сөздерді қазақ тілінің ережелері тұрғысынан бас әріппен жазуға негіз жоқ. Оған қоса, «№ 339-V ҚРЗ» сияқты қызметтік сөздердің де сөйлемдік маңызы жоқ. Оларды ресімдеу тек қана заң техникасының талаптарына қатысты.

⁸ Шартты түрде бұл атау да қазақ тілінің грамматикасына сай келмейді.

⁹ Қолданыстағы 3 мыңнан астам заңның нысанындағы 300-дей заңның шегінде, яғни жуық түрде қолданыстағы заңнаманың 90 пайызы өзгертіліп отырады. Бұл құқықтықпен қатар тілдік те мәселе, өйткені заман талабына орай және қазақ тілінің өзгеруіне орай оның лексикалық базасы да өзгеріп отырады. Осыған орай бір заңның өзінде сөздердің бірізділігін қамтамасыз ету үлкен мәселе болып табылады. Мұндай жағдай әсіресе 2000 жылға дейін қабылданған заңдарға тән.

заңнаманың аудармалы сипатта екенін ескеріп¹⁰ қазақ тілінің грамматикасы мен заң техникасының талаптарын басшылыққа алып оны сауатты ресімдейтін мамандарды табу қиын. Сондықтан орыс тіліндегі нұсқаны аудару салу үрдісі көп кездеседі. Ғылыми лингвистикалық сараптамаға келіп түскен жобалардың бірінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығы орындаушылардың ойы бойынша «в подпункте 6) слова «настоящего Кодекса.» заменить словами «настоящего Кодекса;» деген тіркесті «б) тармақшадағы «осы Кодекстің» деген сөздер «осы Кодекстің» деген сөздермен ауыстырылсын.» деген нұсқамен қамтамасыз етілді. Бұл әрине, жаңсақ ой, өйткені тырнақшада көрсетілген сөздер бірдей, оларды ауыстырғаннан ешнәрсе өзгермейді. Кем дегенде «Мәтін бойынша: «б) тармақшаға орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;» деп ресімдеуге болатын еді. Ал, шындығында қазақ тілінің де, заң техникасының тұрғысынан да дұрысы мынадай редакция болуға тиіс болатын: «б) тармақшадағы «жасаған жағдайда қолданылмайды.» деген сөздер «жасаған жағдайда;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын: «7) әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда қолданылмайды.». бір жағынан күрделі болып көрінетін мұндай тәсіл өте маңызды. Олай болмаса қолданыстағы заңнамада кезінде орын алған жайт қайталануы мүмкін.

Егер жоғарыда көрсетілген заңның 2-тармағы 7) тармақшамен толықтырылатын болса, әзірлеушілер орыс тіліндегі мәтінді тікелей аудару салмай заң техникасының әлеуетін толық пайдалануға тиімдетті болады. Сондықтан олар алдымен б) тармақшаны «б) шетелдік қатысуы бар коммерциялық емес ұйымдар;» деген редакцияда жазып оның «сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тоқтатыла тұрған не оған тыйым салынған коммерциялық емес ұйымдар қоғамдық бақылау субъектілері бола алмайды.» деген бөлігін жаңа 7) тармақшаның редакциясына қосуға тиіс. Сонда ғана норма дұрыс болады, яғни ой соңғы тармақшамен аяқталатын болады. Олай етілмесе қолданыстағы заңнамада көп кездесетін құқықтық олқылық пайда болады. Мәселен, «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2003 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен аталған заңның 17-бабына өзгеріс енгізілді, атап айтқанда, оның

3) тармақшасы алып тасталды. Соның нәтижесінде баптың орыс тіліндегі нұсқасы былай болды: «Статья 17. Права нотариуса

Нотариус вправе:

1) совершать нотариальные действия, предусмотренные настоящим Зако-

¹⁰ Заңның орыс тіліндегі мәтініне толықтыру енгізудің еш қиындығы жоқ. Онда «дополнить пунктом 7 следующего содержания» деп ресімделеді де, толықтыру енгізіле салады.

ном и другими законодательными актами Республики Казахстан, в интересах физических и юридических лиц, обратившихся к нему;

...

б) заниматься научной, педагогической и творческой деятельностью;

7) (исключен ЗРК от 05.05.2003 № 408)». Ал, оның қазақ тіліндегі нұсқасы: «17-бап. Нотариустың құқықтары

Нотариус:

1) өзіне жүгінген жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне сәйкес осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде көзделген нотариаттық іс-әрекеттер жасауға;

...

б) ғылыми, педагогтік және шығармашылық қызметпен айналысуға;

7) <*> (ҚР 2003.05.05 № 408 Заңымен)», яғни норма аяқталмай қалды, өйткені 7) тармақшадағы норманың баяндауышы болып тұрған «құқылы» деген сөз ескерілмеді.

Қазақ тілінің ережелерін сақтамау осылайша өрескел құқықтық қатеге - нотариустардың құқықтарын 10 жыл бойы шектеуге алып келді. Бұл жайт заң шығарушыларға тек 2015 жылы белгілі болды. Сондықтан «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігі жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңымен аталған бап «8) татуластыру рәсімдерін жүргізуге құқылы.» деген редакциядағы

8) тармақшамен толықтырылды. Бұл ретте қазіргі уақытта заңдардың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз ету талабының бұзылғанын айта кеткен артық емес, өйткені орыс тіліндегі

«8) проводить примирительные процедуры.» деген мәтінде «вправе» деген сөз жоқ. Алайда 2005 жылы алып тасталған «құқылы» деген сөз осылайша қайтарылды. Норма енді толық болды.

Құқық салаларының лексикасын да осы тақырыптағы мәселеге жатқызуға болады. Шартты болса да «қылмыстық лексиканың не ұғымдардың таршылығы» деген мәселе қылмыс саласын реттеуге теріс әсерін тигізери анық. Мәселен, бар болса да «соттылық», «сотталғандық» сияқты терминдер тілдік те, құқықтық та жағынан мәселелі. Конституцияның 77-бабы

3-тармағының 3) тармақшасындағы «өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды»¹¹ деген нормадағы «соттылық» сөзі халық түгілі, мамандардың өздеріне де түсініксіз. Осы норма

¹¹ Норма «никому не может быть без его согласия изменена подсудность, предусмотренная для него законом» деген орыс тіліндегі норманың аудармасы. Ал Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде осы норма «Ешкімнің өзі үшін заңмен көзделген соттылығы оның келісімінсіз өзгертіле алмайды.» деп аударылған. Конституция мен кодекстегі мәтіндердің айырмашылығы бар. Қай нұсқаның дұрыс екені де беймәлім.

бойынша әр адамның соттылығы бар деген тұжырымға келуге болады. Ол әрине - қате. Бұл жерде мәселе - соттылықта емес, қылмысты қарайтын сотта.

Қазақ тіліне аударуы қиын «уголовное преступление» деген ұғымның «қылмыстық сипаттағы қылмыс», «қылмыстық құқық бұзушылық» сияқты нұсқалары болды. Қазіргі уақытта «қылмыстық әрекет» деген нұсқасы кең қолданылады. Алайда бұл аумағы кең ұғым болып табылады. Қылмыстық сипаттағы кез келген әрекетті «қылмыстық» деуге болады. Мәселен, еш мақсатсыз ұялы телефон арқылы келіп жататын аудио және видео түріндегі материалдарды, кез келген жарнаманы тарату да соған жатқызуға болады.

Құқықтық жағынан негізгі ойды жеткізіп тұрған «субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер», «сотталғандық әрбір қылмыс үшін жеке жойылады, бұл ретте жою мерзімдері», «алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге», «тұл еркек / тұл ер (жесір) / Тұл ер / тұл ер адам / тұл (ер) / Әйелі өлген»¹², «Шетелдік азамат өлген соң», «Қазақстан Республикасының азаматы өлген соң» және т.с.с. сөздер мен сөз тіркестері де тілдік табиғаттарын нақтылауды қажет етеді.

Жоғарыда келтірілген аудармалық мәселелердің қатарына кейбір жобаларда кездескен «невозможстігі» (невозможность), «селолық көшкін» (село-оползне-лавинной безопасности), «сейсмикалық микроб карталары» (карты сейсмического микрозонирования) және т.с.с. аударма «маржандарын» жатқауға болады. Мұндай қазақ тіліндегі және құқықтық олқылықтарды барынша азайту қажет.

Қазақ тілі мен заң тілінің өзге де (бірізділік мәселесі, заңдық күші бойынша жоғары тұрған нормативтік құқықтық акті нормасының басымдығы, шартты сөздерді (мәселен, «храповик», «собачка», «кулачок», «юбка», «лягушка», «стакан», «козел»), «шляпка», «намордник», «сердечко» және т.с.с. орыс тілінде шарты болса да кең қолданыла беретін сөздердің баламасын). қолдану мен дұрыс ресімдеу сияқты мәселелері өз алдына проблема.

Жалпы мақалада көрсетілген практикалық мысалдар Құқықтық актілер туралы заңның 24-бабының 3-тармағының «нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер қамтылмауға тиіс» деген талаптарын орындауға кедергі келтіруде. Сондықтан оларды шешуге құқық және тіл мамандары қатысуға тиіс.

Қорытынды. Жалпы қазақ тілінің де, заң техникасының да мақсаты бір – заңдардың халыққа түсінікті болуын қамтамасыз ету екені баршаға аян. Бірақ

¹² Бұлар «вдовец» ұғымының баламалары.

кейбір жағдайларда олардың арасында қағидатты емес қарама-қайшылықтар орын алады. Оларды шешу кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Сондықтан олардың осындай тұстарын зерттеп, тілдік табиғатын ашудың тек қана теориялық емес, сонымен қатар практикалық мағызы да өте зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айнабаева Қ.Ә. *Заң техникасының қағидаларын сақтаудың маңыздылығы жайында* // Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының жаршысы. 2021. № 2(65). 159-164-б.
2. Давыдова М.Л. *Система и классификация средств юридической техники: традиционный и инновационный инструментарий профессиональной деятельности юриста* // [https://vestnik.semuniver.kz /index. php/ main/ article / view/ 483](https://vestnik.semuniver.kz/index.php/main/article/view/483). (қарау күні: 07.11.2023)
3. Сансызбай Ө. *Лексиканың лексикалық-семантикалық тәсіл арқылы толығыуы* // <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-ulymdar/39160/> (Қарау күні: 7.11.2023)
4. *Қазақстан Республикасының Конституциясы* // «Әділет» АҚЖ. (Қарау күні: 7.11.2023).
5. *«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы* // «Әділет» АҚЖ. (Қарау күні: 7.11.2023).
6. *Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы* // «Әділет» АҚЖ. (Қарау күні: 7.11.2023).
7. *Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару жұмысының қағидалары: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысымен бекітілген* // «Әділет» АҚЖ. (Қарау күні: 7.11.2023).
8. *Ғылыми сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу, сондай-ақ ғылыми құқықтық сарапшыларды іріктеу қағидалары: ҚР ӘМ, ҰЭМ, СЖҚА бірлескен бұйрықтарымен бекітілген* // «Әділет» АҚЖ. (Қарау күні: 7.11.2023).
9. *Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 10 қаулысымен бекітілген* // «Әділет» АҚЖ. (Қарау күні: 7.11.2023).

Қазіргі уақытта заң ғылымы саласында да, заңнамаларды қолдану тәжірибелерінде де заң терминдерін реттеу және белгілі бір жүйеге келтіру мәселесіне жеткілікті көңіл бөлінбей отыр. Әсіресе, мемлекеттік тілді қолдану аясында заң терминдерін пайдалану тәжірибесі ешқандай сын көтермейді. Біздің пікірімізше басты себеп заң терминологиясы заң ғылымымен оның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылмай, қатар дамымай, көлеңкеде қалып отырғанымен байланысты.

Қоғамдық өмірде нарықтық қатынастардың тереңдеп дамуы, шетел инвесторларының еліміздің экономикасына қызығушылық танытуының нәтижесінде құқықтық айналымдарға көптеген жаңа терминдер еніп жатыр.

Ал, нақты заң ғылымы мен практикасы саласына келетін болсақ, заң терминдерінің дұрыс анықталмауы құқық қолдану тәжірибесінде қателіктерге жол бастауы мүмкін.

Құқық нормасы – нақты, белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттейтін қағида. Жалпы құқықтық нормалардың мазмұны мен мағынасы, құқықтық табиғаты халыққа түсінікті және орнымен қолданылады. Ал, заң терминдерін қолдану тәжірибесінде мұндай бірізділік, тұрақтылық сақталмайды.

Қазіргі уақытта Отандық заң ғылымының алдында заң терминологиясының құрылымы мен құрамын зерделеу, заң терминологиясының дереккөздерін анықтау, оларды белгілі бір жүйеге келтіру міндеті тұр. Аталған мәселе тек заң терминологиясын заң ғылымының ажырамас, құрамдас бөлігі ретінде қарастырғанда ғана оң шешімін табатынына сенімдіміз. Заң терминдері белгілі бір жүйеге келтірілген жағдайда ғана құқықтық нормалар мәнімен, әртүрлі талдауларға ұшырамай, өз мағынасында қолданылатын болады.

Біздің зайырлы, құқықтық мемлекетте өмір сүріп отырғанымызға қарамастан әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдар мен заң қызметкерлері заң терминдерінің орнымен қолданылуына жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмейді. Нәтижесінде «ала-құла» заңнама қолдану практикасы қалыптасып, әсіресе мемлекеттік тілдің қадыр-қасиетіне нұқсан келіп отыр.

Енді талдап отырған мәселенің объективті және субъективті алғышарттары туралы жеке пікірлерімізді білдірсек.

Елімізде заң шығарушы орган – Парламент екені белгілі.

* Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ассистент-профессоры, заң ғылымдарының кандидаты

Жыл сайын қоғамдық сұраныстарды қанағаттандыратын әртүрлі мазмұндағы ондаған заңдар қабылданып жатады. Аталған заңдар мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

Басты кемшілік – осы екі тілде қабылданған заң мәтіндерінің сәйкестігіне, мазмұндары мен мағыналарының дәлме-дәл келуіне жеткілікті көңіл бөлінбейді.

Екінші мәселе – заң жобалары негізінен орыс тілінде даярланып, талқылаудың барлық сатыларынан өтіп, сонан кейін ғана мемлекеттік тілге аударылады. Заңнама мәтіндерін аудару мәселесімен негізінен тіл мамандары айналысатыны тағы да белгілі жағдай. Осы ретте заң нормалары мен заң терминдерінің құқықтық мазмұны мен табиғатына тиісті көңіл бөлінбей, еркін шығармашылық әрекеттеріне жол беріліп, екі тілде қабылданған мәтіндердің мазмұны мен мағынасы арасында қарама-қайшы түсініктер қалыптасады.

Сөзіміз дәйекті болу үшін мысал ретінде, қазіргі уақытта қолданыста жүрген, 2016 жылдың бірінші қаңтарынан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексін алайық.

Елімізде жүргізіліп жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық реформаларды табысты жүзеге асыруда, азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету жолында аталған кодекстің рөлі өте зор екені белгілі.

Дегенмен, осы кодификацияланған нормалар жинағын қолдануда көптеген кедергілер кездесетінін жасырып қалу мүмкін емес. Басты кедергі – бірінші кезекте мемлекеттік және орыс тіліндегі заң терминдерінің мазмұны мен мәнінің сәйкес келмеуінде болып отыр.

Яғни, екі тілде қолданылған бір заң термині бір ғана құқықтық норманы емес, мазмұны мен мәні жағынан екі түрлі құқықтық салдарды айқындайды.

Біздің пікірімізше, кодекстің атауы орыс тілінен мемлекеттік тілге дұрыс аударылмаған. Заңгерлер қауымына түсінікті бір мәселе - «процесс» деген құқықтық ұғым сот отырысында азаматтық дауларды зерделеу, талдау нәтижесінде шешім қабылдау дегенді білдіреді. Ал азаматтық процестік заңнамада сот залынан, процестен тыс жағдайларда жүзеге асырылатын әрекеттер жиынтығы бар емес пе, мысалы: жылжымайтын мүлікті қарау, жер телімдерін өлшеу, сот тапсырмаларын орындау т.с.с. Аталған әрекеттердің орындалуы іс бойынша заңды әрі негізді шешім қабылдауға тікелей әсер ететінін ескерсек, кодекстің мемлекеттік тілде «Азаматтық процестік кодекс» деп аталуы оның құқықтық мазмұнына сай келмейді деп есептейміз. Бұрын қолданыста болған, 1999 жылы қабылданған кодекс мемлекеттік тілде «Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексі» деп аталған еді. Міне, осы атау (термин) өте сәтті қолданылған және азамат-

тық дауды реттеудің барлық құқықтық сатыларын толық қамтитын қағидалар жинағы еді. Ал, қолданыстағы кодекс қабылданған кезде заң шығарушы орган неліктен кодекстің «процестік» кодекс деп аталуына ғылыми түсініктеме бермеді.

Аталған кодексте құқықтық терминдердің дұрыс аударылмауы оны тәжірибе жүзінде қолдануда үлкен қиындықтар тудырып отыр. Мысалы: «приостановление» және «прекращение» деген заң терминдері «тоқтату» деп аударылған. Бұл терминдердің құқықтық табиғаты мен құқықтық салдарлары әртүрлі екені ескерілмеген. Бұл жағдай заңнама мәтіндерін, заң терминдерін аудару жұмысына тәжірибелі, білікті заңгер мамандардың қатыстырылмауынан туындап отыр. Тізіп жаза берсек, осы бір ғана заң актісінде жіберілген кемшіліктер үлкен ойға, толғанысқа жетелейді. Заңдарды жоспарлау, дайындау, қабылдау процесінің болашағы қандай болады деген тығырыққа келіп тірелесің.

Мемлекеттік тіл болсын, басқа шеттілдері болсын, тілдің құндылығы қолданылатын терминдердің, сөз тіркестерінің нақтылығына, тазалығына, дәлме-дәл сәйкестігіне тікелей байланысты екенін естен шығармау қажет. Заң қолданушылар қабылданған заңдарды өз дәрежесінде пайдалануға мәжбүр екені де ақиқат. Тек бір ғана терминологиялық олқылықтары үшін заңның қайта қаралуы мүмкін емес қой.

Филология ғылымында «варваризм», яғни тілдің «шұбарлануы» деген ұғым бар екен. Қазіргі уақытта мемлекеттік тілде қабылданған заң актілерінің мәтіндерінде басқа тілдерден алынған терминдердің қолданылуы жиі үрдіс алып бара жатыр. Егер бұл практика жалғаса берсе, баға жетпес құндылығы бар, тазалығы бұлақ суындай тұнық, өзіне ғана тән қадыр-қасиеті бар, мәні мен мазмұны мұхиттан да терең ана тіліміздің болашағы не болмақ? Жауқазындай жайнап өсіп келе жатқан жас ұрпаққа қандай мұра қалдырамыз?

Заң ғылымы мен практикасында заң терминдерін мемлекеттік тілде қолдануда біраз объективті кедергілердің де бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Заң терминдерінің қазақ тіліндегі сөздіктері жоқтың қасы. Бұрнағы жылдары бірнеше сөздіктер жарық көрген еді. Бірақ осы «еңбектердің» ғылыми және практикалық құндылықтары өте төмен болғандықтан ешқандай қоғамдық сұранысқа ие бола алмады, тіпті ұмытылып кетті. Жоғарыда айтылғандай, аталған сөздіктер әр автордың қалауы бойынша дайындалып, бірізділік, жоспарлау сияқты талаптарға сай келмегендіктен пайдалануға жарамсыз болып қалды.

Біздің пікірімізше, осы проблемаларды шешудің басты жолы - заң жобаларын мемлекеттік тілде дайындау және қабылдау болып табылады. Бұл ұсынысымыз Ата Заңымыздың принциптерімен толық үндеседі және солай болуы тиіс деген сенімдеміз.

Заң жобаларын Парламентке ұсынатын субъектілердің қатарына Үкімет пен Парламент депутаттары жататыны белгілі. Осы ретте жаңадан сайланған Парламент Мәжілісі депутаттарының жұмысына үлкен үміт артамыз.

Сонымен қатар қызметтік өкілеттіктеріне байланысты аталған мәселемен еліміздің Әділет министрлігі де айналысады. Сонда қалай, аталған органдарда мемлекеттік тілде заң жобаларын дайындайтын мамандар жетіспей ме, немесе олардың алдына тиісті талаптар қойылмай ма, олардың жауапкершіліктері туралы ескертілмей ме?

«Ана тілімізді ардақтайық»-деп ұран салатын басшылар да, депутаттар да елімізде жеткілікті.

Біз мемлекеттік тілден басқа тілдер қолданылмасын деген ойдан мүлдем аулақпыз. Мәселе тілдерді, терминдерді қолданудағы жіберілген қателіктер төңірегінде болып отыр. Аталған кемшіліктер қабылданған заңдардың мәртебесін көтеруге, беделін түсірмеуге қызмет етсе деген толғаныста.

Парламент Мәжілісі аппаратының қызметкері Д.Омашұлы «Заң қай тілде жасалып жатыр?»-деген зерттеу мақаласында академик Ә.Қайдаровтың сонау 90-шы жылдардың басында айтқан: «Қазақ тілі терминологиясы әртүрлі жағдайларға байланысты бүгінде дағдарысқа ұшырап отыр: оның ғылыми принциптері жаңа үрдіске бағыт, бағдар беріп, алда жүріп отырудың орнына артта қалып, термин практикасы аяқ асты болып бара жатыр»-деген пікіріне сілтеме жасаған екен.

Осы пікірдің айтылғанына 30 жылдан астам уақыт өтсе де, әлі де өзінің күшін жоғалтпағанын бағалау қажет.

Терминология ғылымы әлі де тұралап тұр.

Келесі мәселе, елімізде мемлекеттік тілдегі заң терминдері белгілі бір жүйе бойынша сараланбаған. Сондықтан кейбір терминдер екі түрлі мағынада қолданылады. Бұл жағдай ресми процестік құжаттарды дайындағанда үлкен қиындықтарға жол ашады. Құжаттардың мағынасы мен мазмұнына нұқсан келеді.

Жалпы, «термин» деген сөз латын тілінде «шекаралық» деген мағынаны білдіреді екен. Сонда қолданылған әрбір термин айтылатын ойдың, тұжырымның, пікірдің «шекарасын» нақты ажыратуға қызмет етуге тиіс. Ал, біздің заң терминдерін қолдану тәжірибеміз осы талаптарға сай келе ме. Ойланып көрейікші.

Жоғары оқу орындарында білім алып жатқан болашақ заңгерлерді даярлау барысында мемлекеттік тілдегі әрбір заң терминінің мағынасын, мәнін ашуда кездесетін қиындықтар өз алдына бір төбе. Студенттер екі тілдегі заңнама мәтіндерін салыстыра отырып, өздерінің орынды пікірлерін баяндап жатады.

Заң терминдерінің айтылуы мен аудармасының арасында белгілі бір заңдылықтар бар екені анық. Аударма процесінің күрделі ғылым екені, біліктілік-

ті, табандылықты қажет ететіні түсінікті. Дегенмен, қоғамда болып жатқан қатынастарды реттеуде, даулар мен шиеленістерді шешу барысында қолданылатын заң нормаларының құндылығы терминология ғылымының даму барысына тікелей байланысты екенін түсіну қажет. Терминология ғылымының болашағына, оның ішінде заң терминдерін қолдану тәжірибесіне жауапты мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қызметі қоғам назарында болуы тиіс.

Мемлекеттік тіл – бірінші кезекте еліміздегі қызметтік тіл. Заңды дұрыс қолдану мемлекеттің саяси, әлеуметтік, экономикалық өміріндегі жауапты мәселелерді тиімді жолмен шешудің бірден-бір жолы.

Мемлекеттік тілімізді қадірлей, қастерлей отырып, заң терминологиясының дамуына, болашағына сара жол саламыз деген сенімдеміз.

ЗАҢДАҒЫ ҚАТЕЛЕР: СЕБЕБІ, САЛДАРЫ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕРІ

*Баймұрат Сағидолла Мүтиғоллаұлы**

Құрметті Төраға, құрметті семинарға қатысушылар!

Мақсұт Нәрікбаев Университетінде заңдағы қателерді анықтап, оларды түзету бойынша ғылыми жұмыс жүргізіліп жатқанын білесіздер. Заңдағы қателердің санын нақты анықтау мүмкін болмай отыр. Себебі, біз тапқан қателерді ешкім бірден дұрыстай қоймайды. Ал жаңа шығып жатқан заңдардан біз дәл сол қателерді және жаңа қателерді тауып жатырмыз. Себебі неде? Қарапайым адами фактор. Мен бұл сөзбен бірден кінәліні іздейік, оны жазалайық деп тұрған жоқпын. Менің мақсатым - мәселені шешу. Ал мәселені шешу үшін ауруды жасыруға болмайды.

Менің әруақытта еститінім, бүгін де ол туралы сөз қозғалып отыр, заңдарды қазақша жазайық деген мәселе. Біз заңның аударма екенін түсінеміз де, бірақ одан әрі неге екенін қазбалауға қорқамыз. Мәселе, аударма деп аталатын құбылыста немесе процесте емес. Мәселе – адамдарда. Аударманы жасайтын адамдарда. Нақтырақ айтсақ, заңды орысшадан қазақшаға аударатын аудармашыларда. Немесе заңның орыс мәтінін бірнеше аудармашыға бөліп қойып, осы да жетеді, деп ойлайтын адамдарда. Осы жерде тағы бір қайталайын, мен кінәлілерді емес, мәселені шешу жолын іздеп отырмын. Мәселені шешудің екі жолы бар. Біріншісі, саяси жолы. Ол жолмен осы жиналған құраммен шеше қоймаспыз деп ойлаймын. Екінші жолы, осы құрамда жиналған әр адамның деңгейінде әрекет ету. Мысалы, мен, ұстаз, ғалым, заңгер, мемлекеттік терми-

* Мақсұт Нәрікбаев Университеті «Құқықтану» оқу бағдарламасының жетекшісі, заң ғылымдарының магистрі

нологиялық комиссияның мүшесі ретінде, тіл комитеті өз функциясы аясында, мәжіліс депутаттары өз мандаты аясында, бірақ барлығымыз бір бағытта әрекет етсек, сонда біз бір нәтижеге міндетті түрде жетеміз деп ойлаймын.

Неге бір бағытта әрекет етуіміз керек? Себебі, құқық саласындағы терминологияға қатысты бізде ауызбіршілік жоқ. Заңшығару процесінің әр сатысындағы аудармашылар өздерінің енгізген сөздерін дұрыс санайды. Ал кейде, білмей жатса, қайдан қарарын білмейді, немесе ақыр соңында әйтеуір «рекомендация сипатында болса да, сөзді бекітетін мемлекеттік функциясы бар ғой» деп терминкомның сайтынан іздейді. Тапса және дұрыс деп ойласа, қолданады, таппаса немесе дұрыс емес деп ойласа, бірнәрсе ойлап табады. Сөйтіп, терминкомның бекітілген сөздері де назарға алынбай қалып жатады. Оны да түсінуге болады. Себебі терминкомның терминдер жинағы кейде іздеп отырған сөзді қамтымайды, ал кейде қамтып аудармасын берсе де, құқықтық мағынасы ескерілмейді. Содан қате бекітіліп жатады. Сондықтан барлығымызға бір ортақ ориентир керек. Заңгерлер болып жиналып, мына сөзді мына жағдайда былай айтамыз деп үзілді-кесілді шешім қабылдауымыз керек. Себебі, қателердің жыл сайын тола беруі қазақтың құқықтық сауатына зиян келтіріп жатыр, заң мектебіндегі ұстаз бен студент арасында, заңгер мен оның клиенті арасында, мемлекеттік орган мен еліміздің азаматтары арасында коммуникациялық жаңылыс белең алып кетті.

Енді осы коммуникациялық жаңылысқа әкелген кейбір сөздермен сіздерді таныстырайын.

Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы заң, 21-бап:

4. По просьбе залогодателя суд при наличии уважительных причин вправе в решении об обращении взыскания на заложенное недвижимое имущество отсрочить его реализацию на срок до одного года в случаях, когда:

1) исключен Законом РК от 02.07.2018 № 168-VI (вводится в действие по истечении десяти календарных дней со дня его первого официального опубликования);

2) предметом ипотеки является земельный участок из состава земель сельскохозяйственного назначения.

4. Кепіл ұстаушының өтініші бойынша дәлелді себептері болса, сот кепілге берілген жылжымайтын мүліктен айыпақы өндіріп алу туралы шешімде оның іске асырылуын, егер:

1) алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2) ипотеканың мәні ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің құрамындағы жер учаскесі болып табылса бір жыл мерзімге дейін кейінге қалдыруға хақылы.

залогодатель

Издеу

ІЗДЕУ НӘТИЖЕСІ

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1	кепіл беруші (мем. сатып алу)	залогодатель	1999 жылы бекітілген термин
2	кепіл беруші	залогодатель	Бекітілген терминдер жинағы
3	кепілзат беруші	залогодатель	Экономика және қаржы
4	кепіл беруші	залогодатель	Іс жүргізу және мұрағат ісі
5	кепілге беруші	залогодатель	Заңтану

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс, 127-бап:

4. За невыполнение требования, запроса суда, неявку в суд лица, участвующего в административном деле, несвоевременное извещение суда, несвоевременное представление отзыва, неподчинение распоряжениям председательствующего в судебном заседании, нарушение установленных в суде правил, а также иные действия (бездействия), явно свидетельствующие о неуважении к суду и (или) судье, суд вправе наложить денежное взыскание в размере двадцати месячных расчетных показателей.

4. Соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, өкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақтылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақтылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сондай-ақ сотты және (немесе) судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) үшін сот жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

отзыв

Іздеу

ІЗДЕУ НӘТИЖЕСІ

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1	әлеуметтік жақсы пікірлер алу	получение хороших социальных отзывов	2022 жылы бекітілген термин
2	кері шақырып алу грамотасы	отзывная грамота	2016 жылы бекітілген термин
3	еңбек демалысынан шақыртып алу	отзыв из трудового отпуска	2016 жылы бекітілген термин
4	кері шақырып алу грамотасы	грамота отзывная	2016 жылы бекітілген термин
5	кері шақыру	отзывать	2016 жылы бекітілген термин
6	кері қайтарып алу құқығы	право на отзыв	2016 жылы бекітілген термин
7	қайтарылмайтын аккредитив(банк ісі)	аккредитив безотзывный	2014 жылы бекітілген термин
8	кері шақырып алу, қайтарып алу(байланыс)	Отзыв	2004 жылы бекітілген термин
9	1.сын-пікір, 2.кері қайтарып алу (мем. сатып алу)	Отзыв	1999 жылы бекітілген термин
10	Депутатты кері шақырып алу (юриспр.)	Отзыв депутата	1971-1981 жж. бекітілген термин
11	Жазба пікір (әдеб.)	Отзыв	1971-1981 жж. бекітілген термин
12	Ілтипатшылдық (псих.)	Отзывчивость	1971-1981 жж. бекітілген термин
13	пікірлер бюллетені (кітапхана)	бюллетень отзывов	1971-1981 жж. бекітілген термин
14	Наразылықты қайтарып алу (юриспр.)	Отзыв протеста	1971-1981 жж. бекітілген термин

Конституция 4-бап:

3. Международные договоры, **ратифицированные** Республикой, имеют приоритет перед ее законами. Порядок и условия действия на территории Республики Казахстан международных договоров, участником которых является Казахстан, определяются законодательством Республики.

3. Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады.

Конституция 61-бап:

3. Парламент вправе издавать законы, которые регулируют важнейшие общественные отношения, устанавливают основополагающие принципы и нормы, касающиеся:

1) правосубъектности физических и юридических лиц, гражданских прав и свобод, ответственности физических и юридических лиц;

2) режима собственности и иных **вещных** прав;

Лаңғанды.

3. Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, мыналарға:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне;

2) меншік режиміне және өзге де **мүлктік** құқықтарға;

ратификация

Іздеу

ІЗДЕУ НӘТИЖЕСІ

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1	тұқымды стратификациялау	стратификация семян	2022 жылы бекітілген термин
2	стратификацияланған іріктеу	стратифицированный отбор	2021 жылы бекітілген термин
3	ратификациялау	ратификация	2020 жылы бекітілген термин

4	стратификация	стратификация	2019 жылы бекітілген термин
5	гратификация, сияпаттау,	гратификация	2017 жылы бекітілген термин
6	ратификациялық грамота	ратификационная грамота	2016 жылы бекітілген термин
7	стратификацияланған(статистика)	стратифицированный	2014 жылы бекітілген термин
8	Ратификация (заң)	Ратификация	2010 жылы бекітілген термин
9	Әлеуметтік стратификация (саясат)/(эконом.)	Социальная стратификация	1971-1981 жж. бекітілген термин
10	Ратификациялау, бекіту (іс жүрг.)/(заң)	Ратификация	1971-1981 жж. бекітілген термин

вещный

Іздеу

ІЗДЕУ НӘТИЖЕСІ

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1	Заттай кепілдікші	Вещный поручитель	Философия және саясаттану
2	заттай кепілдік беруші	вещный поручитель	Іс жүргізу және мұрағат ісі
3	Заттық кредит	Кредит вещный	Заңтану

Азаматтық кодекс, 8-бап:

5. Не допускаются действия граждан и юридических лиц, направленные на причинение вреда другому лицу, злоупотребление правом в иных формах, а также на осуществление права в противоречии с его назначением.

6. Никто не вправе извлекать преимущество из своего недобросовестного поведения.

7. В случае несоблюдения требований, предусмотренных [пунктами 3 – 6](#) настоящей статьи, суд может отказать [лицу](#) в защите принадлежащего ему права.

термин және бір ерекет жасау не болып табылады.

5. Азаматтар мен заңды тұлғалардың басқа тұлғаға зиян келтіруге, құқықты өзге нысандарда теріс пайдалануға, сондай-ақ құқықты оның мақсатына қайшы келетіндей етіп жүзеге асыруға бағытталған әрекеттеріне жол берілмейді.

6. Ешкім де өзінің теріс пиғылды мінез-құлқымен артықшылық алуға құқылы емес.

7. Осы баптың 3-6-тармақтарында көзделген талаптар сақталмаған жағдайда сот адамға тиесілі оның құқығын қорғаудан бас тарта алады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі, 4-бап:

2) заявитель – лицо, подавшее обращение в административный орган, должностному лицу для осуществления административной процедуры, а также лицо, в отношении которого принимается административный акт, совершается административное действие (бездействие) (адресат административного акта);

33) истец – лицо, которое обратилось в суд в защиту своих нарушенных или оспариваемых прав, свобод, законных интересов, либо лицо, в интересах которого подан иск прокурором, иным лицом, наделенным законами Республики Казахстан таким полномочием;

ары;

2) арыз иесі – әкімшілік рәсімді жүзеге асыру үшін әкімшілік органға, лауазымды адамға жолданым берген адам, сондай-ақ өзіне қатысты әкімшілік акт қабылданатын, әкімшілік ерекет жасалатын (әрекетсіздік танылатын) адам (әкімшілік актінің адресаты);

33) талап қоюшы – өзінің бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінген адам не оның мүддесі үшін прокурор, Қазақстан Республикасының заңдарында осындай өкілеттік берілген өзге адам талап қоюды берген тұлға;

2	жануарға жауапты адам	ответственное лицо животного	2022 жылы бекітілген термин
3	акустикалық қаптама	облицовка акустическая	2021 жылы бекітілген термин
4	қаптама жиегі	бровка облицовки	2021 жылы бекітілген термин
5	ағаш қаптама	облицовка столярная	2021 жылы бекітілген термин
6	үлестес тұлға	аффилированное лицо	2018 жылы бекітілген термин
7	ықпалды тұлға	влиятельное лицо	2018 жылы бекітілген термин
8	өкілетті тұлға	лицо полномочное	2018 жылы бекітілген термин
9	белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адам	лицо, не имеющее определенного места жительства	2016 жылы бекітілген термин
10	заңды тұлға	лицо юридическое	2016 жылы бекітілген термин
11	коммуналдық заңды тұлға	лицо коммунальное юридическое	2016 жылы бекітілген термин

12	сенім білдірілген адам	поверенное лицо	2016 жылы бекітілген термин
13	сенім білдірілген адам	лицо доверенное	2016 жылы бекітілген термин
14	хабардар адам	осведомленное лицо	2016 жылы бекітілген термин
15	өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам	самостоятельно занятое лицо	2016 жылы бекітілген термин

Жер кодексі:

<p>Статья 31. Возникновение права землепользования</p> <p>1. Право землепользования возникает путем:</p> <p>1) предоставления права землепользования;</p> <p>2) передачи права землепользования;</p>	<p>31-бап. Жер пайдалану құқығының туындауы</p> <p>1. Жер пайдалану құқығы:</p> <p>1) жер пайдалану құқығын табыстау;</p> <p>2) жер пайдалану құқығын беру;</p>
<p>Статья 32. Предоставление права землепользования</p> <p>1. Предоставление права землепользования означает наделение лица правом землепользования непосредственно государством.</p>	<p>32-бап. Жер пайдалану құқығын табыстау</p> <p>1. Жер пайдалану құқығын табыстау тұлғаға жер пайдалану құқығын тікелей мемлекеттің беретінін білдіреді.</p>
<p>Статья 33. Передача права землепользования</p> <p>1. Передача права землепользования означает наделение лица правом землепользования другим землепользователем.</p> <p>Передача права землепользования производится на основе гражданско-правовых сделок, а также по иным основаниям, предусмотренным законодательством Республики Казахстан.</p>	<p>33-бап. Жер пайдалану құқығын беру</p> <p>1. Жер пайдалану құқығын беру тұлғаға жер пайдалану құқығын басқа жер пайдаланушының беретінін білдіреді.</p> <p>Жер пайдалану құқығын беру азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша жүргізіледі.</p>
<p>Статья 43. Порядок предоставления права на земельный участок</p>	<p>43-бап. Жер учаскесіне құқық беру тәртібі</p>
<p>Статья 44. Предоставление земельных участков для строительства объектов</p>	<p>44-бап. Жер учаскелерін объектілер құрылысы үшін беру</p>
<p>Статья 44-1. Предоставление земельного участка для строительства объекта в черте населенного пункта</p>	<p>44-1-бап. Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру</p>
<p>Статья 45. Предоставление земельных участков, не связанных со строительством</p>	<p>45-бап. Құрылысқа байланысты емес жер учаскелерін беру</p>
<p>Статья 46. Предоставление земельных участков кандасам</p>	<p>46-бап. Қандастарға жер учаскелерін беру</p>

предоставление

🔍 Іздеу

ІЗДЕУ НӘТИЖЕСІ

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1	беру, ұсыну, табыс ету (экономика және қаржы)	предоставление	2015 жылы бекітілген термин
2	беру, ұсыну, табыс ету	предоставление	Терминдер 2012-2015

табыстау

🔍 Іздеу

ІЗДЕУ НӘТИЖЕСІ

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1	табыстау актісі	передаточный акт	2016 жылы бекітілген термин

2	өкілеттікті табыстау (еңбек және халықты әлеуметтік қорғау)	делегирование полномочий	2005 жылы бекітілген термин
3	өкілеттікті табыстау	делегирование полномочий	Бекітілген терминдер жинағы
4	өнертабыс құқығын табыстау туралы шарт	договор о передаче прав на изобретение	Статистика, стандарттау және зияткерлік меншік
5	Өкілеттік беру, өкілеттікті табыстау	Наделение полномочиями, делегирование полномочий	Статистика, стандарттау және зияткерлік меншік
6	Құқықты табыстау туралы құжат	Документ о передаче прав	Статистика, стандарттау және зияткерлік меншік
7	Табыстау, беру	Передача	Статистика, стандарттау және зияткерлік меншік
№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1	жылудың берілуі	теплопередача	2023 жылы бекітілген термин
2	аса қысқа уақытта тарату	передача сверхкратовременная	2022 жылы бекітілген термин
3	массаберіліс	массопередача	2021 жылы бекітілген термин
4	оқыту моделін тарату	передача модели обучения	2021 жылы бекітілген термин
5	деректер тарату, деректер беру	передача данных	2016 жылы бекітілген термин
6	меншік құқығын беру	передача права собственности	2016 жылы бекітілген термин
7	құжаттарды сақтауға тапсыру	передача документов на хранение	2016 жылы бекітілген термин
8	деректерді беру	передача данных	2016 жылы бекітілген термин
9	гидравликалық беріліс (механика және машинатану)	передача гидравлическая	2015 жылы бекітілген термин
10	бұрандалы беріліс (механика және машинатану)	передача винтовая	2015 жылы бекітілген термин
11	цилиндрлік беріліс (механика және машинатану)	передача цилиндрическая	2015 жылы бекітілген термин
12	механикалық беріліс (механика және машинатану)	передача механическая	2015 жылы бекітілген термин
13	Беру, жіберу (ақпарат)	Передача	2004 жылы бекітілген термин
14	факсимильдік тарату (байланыс)	Факсимильная передача	2004 жылы бекітілген термин
15	Кадр беру (ақпарат)	Передача кадрa	2004 жылы бекітілген термин

Жер кодексі, 69-бап:

<p>4. Публичные сервитуты могут устанавливаться в случаях, если это необходимо для обеспечения интересов государства и местного населения или целей проведения разведки полезных ископаемых или геологического изучения, без изъятия земельных участков на основании решений местных исполнительных органов областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного значения, акимов городов районного значения, поселков, сел, сельских округов в пределах их компетенции по предоставлению земельных участков.</p> <p>Публичные сервитуты могут устанавливаться для:</p> <p>1) прохода или проезда через земельный участок к объектам общего пользования, кладбищам, погребениям и иным культовым объектам;</p>	<p>4. Жария сервитуттар, егер бұл мемлекеттің және жергілікті халықтың мүдделерін қамтамасыз ету немесе пайдалы қазбаларды барлауды немесе геологиялық зерттеуді жүргізу мақсаттары үшін қажет болған жағдайларда, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің шешімдері негізінде жер учаскелерін алып қоймастан, олардың жер учаскелерін беру жөніндегі құзыреттері шегінде белгіленуі мүмкін.</p> <p>Қауымдық сервитуттар:</p> <p>1) ортақ пайдаланудағы объектілерге, зираттарға, қорымдарға және өзге де гибадат объектілеріне жер учаскесі арқылы жаяу немесе көлікпен өту;</p>
<p>12. Жария сервитут белгілеу туралы</p> <p>Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 174 қаулысы</p> <p>31 желтоқсанына дейінгі мерзімге жария сервитут белгіленсін. 2. "Бейнеу аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада</p> <p>Жария сервитут белгілеу туралы</p>	<p>2. Қауымдық сервитут белгілеу туралы</p> <p>Ақмола облысы Шортанды ауданы Шортанды кенті әкімінің 2022 жылғы 22 ақпандағы № 3 шешімі</p> <p>31 желтоқсанына дейін осы шешімге қосымшаға сәйкес қауымдық сервитут белгіленсін. 2. "SlikNetCom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жер учаскесін талшықты</p> <p>Қауымдық сервитут белгілеу туралы</p>
<p>13. Жер учаскесіне жария сервитут белгілеу туралы</p> <p>Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 26 шілдедегі № 126 қаулысы</p>	<p>3. Қауымдық сервитут белгілеу туралы</p> <p>Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 25 ақпандағы № 31 қаулысы</p>

орналастыру үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес жер учаскелеріне 49 жыл мерзімге **жария сервитут** белгіленсін. 2. Осы қаулының орындалуын бақылау Исатай ауданы

Жер учаскесіне **жария сервитут** белгілеу туралы

14. "Транстелеком" акционерлік қоғамына жариялық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 12 қыркүйектегі № 279 қаулысы

"акционерлік қоғамына жер учаскесіне **жариялық сервитут** белгіленсін: Бейімбет Майлин ауданының Новоильинов ауылдық округі, Калинин ауылдық округі аумағында

"Транстелеком" акционерлік қоғамына **жариялық сервитут** белгілеу туралы

аумағындағы жалпы көлемі 25335 га жер учаскелері нәзер пайдаланушылардан алып қоймай, 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімге **қауымдық сервитут** белгіленсін

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

4. Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 7 қазандағы № 274 қаулысы

(ТОБЖ) салу үшін жалпы көлемі 0,78 гектар жер учаскелерін жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2023 жылдың қазан айына дейінгі мерзімге **қауымдық сервитут**

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

жария сервитут

Іздеу

ІЗДЕУ НӘТИЖЕСІ

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1	Жария сервитуттар	Публичные сервитуты	Заңтану

қауымдық

Іздеу

ІЗДЕУ НӘТИЖЕСІ

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1	алғашқы қауымдық мәдениет	культура первобытная	2018 жылы бекітілген термин
2	алғашқы қауымдық мәдениет	культура первобытная	Философия және саясаттану
3	Алғашқы қауымдық мәдениет	Культура первобытная	Философия және саясаттану

Азаматтық кодекс, 188-бап:

2. Собственнику принадлежит права владения, пользования и распоряжения своим имуществом.

Право владения представляет собой юридически обеспеченную возможность осуществлять фактическое обладание имуществом.

Право пользования представляет собой юридически обеспеченную возможность извлекать из имущества его полезные естественные свойства, а также получать от него выгоду. Выгода может выступать в виде дохода, приращения, плодов, приплода и в иных формах.

Право распоряжения представляет собой юридически обеспеченную возможность определять юридическую судьбу имущества.

2. Меншік иесінің өз мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы болады.

Иелену құқығы дегеніміз мүлкті іс жүзінде иеленуді жүзеге асыруды заң жүзінде қамтамасыз ету.

Пайдалану құқығы дегеніміз мүлктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі. Пайда кіріс, есім, жеміс, төл алу және өзге нысандарында болуы мүмкін.

Билік ету құқығы дегеніміз мүлктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі.

право распоряжения

Іздеу

ІЗДЕУ НӘТИЖЕСІ

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1	жер учаскесіне билік ету құқығы(нотариалдық қызмет)	право распоряжения земельным участком	2013 жылы бекітілген термин
2	билік правосы (заң.)	право распоряжения	1971-1981 жж. бекітілген термин
3	жер учаскесіне билік ету құқығы	право распоряжения земельным участком	Терминдер 2012-2015

Қылмыстық кодекс, 62-1 бап:

Статья 389. Самоуправство

1. Самоуправство, то есть самовольное, вопреки установленному законодательством Республики Казахстан порядку, осуществление своего действительного или предполагаемого права, оспариваемого другим лицом или организацией, –

389-бап. Өзінше билік ету

1. Өзінше билік ету, яғни Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке қарамастан, басқа адаммен немесе ұйыммен дауласып жатқан, өзінің нақты немесе болжамды құқығын өз бетінше жүзеге асыру –

Өктемсу? Озбырлық?

Өктемсіген озбырлық оқтан жаман,

Талтандайды тойынған сотқар надан (М.Әуезов, «Абай жолы»).

Самоуправство

Іздеу

ІЗДЕУ НӘТИЖЕСІ

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1	төтендік	Самоуправство	Пән сөздері
2	Жүгенсіздік, бетімен кетушілік	Самоуправство	Тарих
3	озбырлық; өз бетімен кетушілік	произвол, самоуправство	Іс жүргізу және мұрағат ісі
4	Озбырлық	Самоуправство	Заңтану

озбырлық

Іздеу

ІЗДЕУ НӘТИЖЕСІ

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1	озбырлық, өктемдік	деспотизм	2018 жылы бекітілген термин
2	Озбырлық	Деспотия	2016 жылы бекітілген термин

Біз ең алдымен, заңдағы қателердің масштабын түсініп алайық. Содан кейін, аудармашылардың қай жерде білімі жетпей жатқанын және сол процес-тегі терминкомның рөлін ашық көрейік. Содан кейін негізделген шешімдерге тоқталатын боламын.

Не істеу керек?

- ◆ Терминкомның құқықтық салалық комиссиясын құру керек.
- ◆ Құқықтық комиссия мүшелері тек қана қазақ тілін еркін кәсіби деңгей-де меңгерген заңгерлер құрауы тиіс.
- ◆ Құқықтық комиссия тек қана құқықтық терминдерді қарауы керек.
- ◆ Құқықтық комиссия шешімдері ТЕРМИНКОМ сайтында арнайы бөлек шығарылуы немесе жалпы тізімде арнайы белгіленіп тұруы қажет.
- ◆ Барлық мемлекеттік органдардың аудармашыларына арнайы үндеу жа-сау қажет. Тек қана арнайы құқықтық комиссиясының бекіткен терминдерін мойындап, қолдану қажеттігі туралы.

◆ Заңгер депутаттар арнайы құқықтық комиссияның шешімдерін барлық заң жобаларында қолдануды талап етуі керек.

◆ Барлық заң факультеттерінің басшыларына үндеу: оқулықтарда, дипломдық жұмыстар мен диссертацияларда, мақалаларда заңдағы қатені емес, терминком бекіткен терминді қолдану туралы.

ТЕРМИНКОМ ЖҰМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ ҰСЫНЫСТАРЫ:

◆ Қазақ тілінде жазылған сөздің нақты қай жерден алынғанын көрсету.

◆ Басқа тілден, әсіресе түркі тілдері, ағылшын тіліндегі баламаларын тексеріп, қолданған жерін мысалымен көрсету.

◆ Соңғы сөзді филология маманына емес, сол сөзді қолдана отырып ғылыми еңбек немесе оқулық жазған ғалымға қалдыру.

«СЕРВИС» ПЕН «КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ЖАРЫСПАЛЫ ҚОЛДАНЫСЫ ЖАЙЫНДА

*Махамбетова Айгүл Көбейсіңқызы**

Күнделікті тұрмыста, әсіресе экономика саласында кеңінен қолданылып жүрген «сервис» пен «көрсетілетін қызметтер» ұғымдары аражігінің ажыратылмауы, бірінің орнына бірі жұмсалып, олардың жарыспалы болуы талдау жүргізуге себеп болып отыр. «Сервис» ұғымының мазмұны жеткілікті түрде анықталмаған. Бұл, біздің пікірімізше, көрсетілетін қызметтің құрамы мен мазмұнының үнемі өзгеріп отыруына байланысты. Яғни адамның өмір сүру ортасының, бизнесті жүргізудің жайлы болуын қамтамасыз ететін жаңа қызмет түрлері көбейген сайын қаралып отырған дефиницияның шекарасы да кеңейіп отырады. «Сервистің» шығу тарихына тоқталсақ, ол ағылшын тілінен «service» – «қызмет, көрсетілетін қызмет, қызмет көрсету», французша «service», одан бұрын латынша «servitium» – «күлдық, ерікті болмау», «servus» түбірінен шыққан [1]. Қазіргі дереккөздерге сүйенсек, сервис дегеніміз тауарларды (бұйымдарды) өткізумен және пайдаланумен байланысты қызметтер кешенін қамтамасыз ететін маркетинг атқарымы [2; 662]. Ал кейбір қолданбалы зерттеулерде «сервис» санатының шекарасы көбінесе «халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуге» дейін тарылған, бұл тұрғыда «сервистік қызмет көрсету» ұғымы қызмет көрсету саласындағы кәсіпорынды білдіреді [3; 70].

Осы ұғым табиғатына нақтылықтың тән болмауын кейбір зерттеушілер «сервисті сипаттау мен өлшеудің қиындығымен байланыстырады, өйткені

* ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика орталығының жетекші ғылыми қызметкері

бұған оның дерексіз болуы (процесс тәріздес болуы), жеке тұлғаның оны субъективті қабылдауы, тіпті бір сервисті әртүрлі адамның түрліше қабылдауы, сатылатын қызмет үлгісін сатып алушыға көрсету мүмкіндігінің болмауы және т.с.с. қиындық келтіреді». Дей тұрғанмен зерттеушілердің көпшілігі сервис – тұтынушыға арнайы өнім-қызмет көрсетумен байланысты қызмет түрі, оның өз кезегінде бейматериалдық, сапаның тұрақсыз болуы, тұлғаға бағдарлау және т.с.с. сияқты ерекшеліктері бар деген тұжырыммен келіседі.

«Сервис» пен «көрсетілетін қызметтің» санаттары бірдей анықталатын ұстанымдар да аз емес. Мәселен, сервис:

- 1) қызметтер көрсету, халықтың тұрмыстық қажеттілігін қанағаттандыру;
- 2) интернетте қызмет көрсетуші ұсынатын, әртүрлі мамандарды тарта отырып көрсетілетін қызмет;
- 3) сервистік мақсатта компьютерде жұмыс істейтін, пайдаланушымен тікелей байланыспайтын бағдарлама. Бұған қоса төменде келтірілген мысалдарға да тоқталып өткен орынды.

«Сервис» ұғымы норма шығармашылығына алғаш рет

1990 жылы, ал заң мәтініне 1995 жылы енген, себебі аталған термин сол жылдары жарияланған Қазақ КСР Министрлер кеңесінің № 139 қаулысында және банктер мен банк қызметі саласындағы заңда кездеседі. Қазіргі кезде құқықтық актілерде қай мәнмәтінде қолданылып жүргенін мына кестеден көруге болады:

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Орыс тілінде</i>
жол бойы қызметі объектілері	объекты дорожного сервиса [4]
қызмет көрсету келісімдері	соглашения сервисного обслуживания [5]
қызмет көрсету белгілері	сервисные марки [6]
сервистік қызмет субъектілері	субъекты сервисной деятельности [7]
сервистік қызмет көрсету	сервисное обслуживание [8]

Осылай екі нұсқада пайдалану «Терминком.кз» электронды базасында да кездеседі. Онда «сервис» сөзі компьютерлік, бағдарламалық қызметке қатысты болған кезде ғана өзгеріссіз алынса, қалған жағдайда «қызмет» не «қызмет көрсету» деп алынған:

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Орыс тілінде</i>
сервистік бағдарламалық жа-сақтама	сервисное программное обеспечение (2023 жылы бекітілген термин)
интернет-сервис	интернет-сервис (2022 жылы бекітілген термин)

логистикалық сервис	логистический сервис (2021 жылы бекітілген термин)
жарнамалық қызмет	рекламный сервис (Мәдениет және өнер саласында)
сервистік функция	сервисная функция (Информатика және есептеуіш техника саласында)
қызмет көрсету сапасы	качество сервиса (Электроника, радиотехника және байланыс саласында)
ұяшықтардың тізімдемелік қызметі	каталожный сервис ячеек (Электроника, радиотехника және байланыс саласында)
Қызмет көрсету бюросы	Сервис-бюро (Сәулет және құрылыс саласында)
Сервистік қызмет көрсету	Обслуживание сервисное (Ауыл шаруашылығы саласында)

Ал Коммуналдық және инфрақұрылым қызметтерін реттеу барысында қолданылатын терминдердің глоссарийінде «сервис» лексемасы көрсетілетін қызмет (услуги) мағынасында алынған [9]:

<i>Ағылшын тілінде</i>	<i>Қазақ және орыс тілдерінде</i>
Bundled service – Including a variety of services in combination.	Кешенді көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметтер жиынтығы; Комплексная услуга – включает в себя набор услуг
Independent service provider (ISP)	Тәуелсіз қызмет көрсетуші (ISP); Независимый поставщик услуг
Universal service	Әмбебап көрсетілетін қызмет; Универсальная услуга

Талданған дереккөздерден «сервисті» үш баламамен ауыстырып берілгені анық байқалады. Кейбірінің жаңсақ екенін жоғарыда келтірілген ұстанымдармен негіздеуге болады. Оларды түйіндесек, «сервис» термині «қызмет көрсету» (обслуживание) ұғымына синоним болады әрі бұл – процесс, қызмет түрі болғандықтан, түпмәтінге қарай бірде сервис, бірде қызмет көрсету деп қолданылады.

Зерделеп отырған екінші ұғым «көрсетілетін қызмет», *біріншіден*, қызметті ұсынушы мен тұтынушының тікелей өзара іс-қимылының және біріншісінің тұтынушы қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі ішкі қызмет қорытындылары болса [10], екіншіден, басқаларға көмек, пайда әкелетін әрекет немесе біреудің қажеттіліктерін, мұқтаждығын қанағаттандыру үшін орындалатын жұмыс [11]. Кез келген субъектіге қызмет көрсету қажет болған нақ сол кезде қызмет ету мүмкін болатын және мүмкін болмайтын қызмет болып негізгі екі топқа бөлінеді. Кейбір зерттеушілер қызметті мұндай қажетсізді оның техникалық мүмкіндіктерімен байланыстырса, *екіншілері* экономикалық мұқтаждықпен байланыстырады. Көрсетілетін қызмет экономикалық категория ретінде белгілі бір экономикалық қатынастарды білдіреді, ол қызмет ретінде тұтынылатын еңбектің пайдалы әсеріне байланысты қатынастар ретінде түсіндіріледі.

Көрсетілетін қызметтер ұғымын сипаттайтын мынадай белгілерді атап өтуге болады:

1) көрсетіліп отырған қызмет пайдасының бар-жоғын тұтынушы оны тұтыну процесінде бағалайды;

2) көрсетілетін қызмет оны ұсынатын объектіден ешқашан дерлік бөлінбейді. Көрсетілетін қызмет дараланған. Оның сапасы мен субъективті қабылдануы – бір процестің өзара байланысты екі жағы. Осылайша «көрсетілетін қызмет» ұғымы белгілі бір еңбек өнімі немесе адамдардың белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұтынушылық құндылықты білдіретін нақты еңбек өнімі не «осы еңбектің пайдалы әсері» болып табылады

[12, С. 201]. Сайып келгенде негізгі көрсетілетін қызметтің белгілі бір «бөлігін» құрайтын қосымша қызмет сервис болады. «Қонақ үй сервисі», «жол бойындағы сервис», «сауда сервисі» ұғымдары негізгі қызметпен, яғни мейманханаға орналастыру, автомобильдің көмегімен қозғалу, бөлшек саудада тауарды өткізумен қатар қосымша қызметтер кешені көрсетілетінін болжайды. Атап айтқанда, қонақ үйде көрсетілетін негізгі қызметтен басқа сервистерді жіктеп көрсетсек, онда бизнес-орталықтың болуы, тегін факсимильдік аппаратпен жабдықталуы, клиенттер өз бетінше пайдалана алатын тегін интернеттің болуы және т.с.с. Осылайша қандай да бір қызметке қажеттілік туындаған нақ сол уақыт аралығында негізгі қызмет сервиспен қосарлас көрсетілетініне көз жеткізуге болады.

Қызметтің тағы бір түріне 2023 жылғы 20 сәуірде қабылданған Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде анықтама берілген. Онда «арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер» (специальные социальные услуги) деген терминнің «көрсетілетін қызметтер» деген сыңары «услуги» сөзінің баламасы ретінде алынған. Терминнің бірізділік қағидатын сақтау мақсатында ол бүкіл мәтінде осылай жазылу керек.

Осы тұрғыдан кодекс мәтініне қысқаша шолу жасалып, оның нәтижесі төмендегі кестеде берілді.

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Орыс тілінде</i>
арнаулы әлеуметтік <u>қызметтер көрсету</u> орталықтары	центры <u>оказания</u> специальных социальных <u>услуг</u>
арнаулы әлеуметтік <u>қызметтер көрсету</u> стандарттары	стандарты <u>оказания</u> специальных социальных <u>услуг</u>
арнаулы әлеуметтік <u>қызметтерді көрсететін</u> ... жұмыскер	работник, <u>оказывающий</u> специальные социальные <u>услуги</u>
адамдарға (отбасыларға) арнаулы әлеуметтік <u>қызметтер көрсету</u>	в виде <u>оказания</u> специальных социальных <u>услуг</u> лицам (семьям)
арнаулы әлеуметтік <u>көрсетілетін қызметтерді ұсыну</u>	<u>предоставления</u> специальных социальных <u>услуг</u>
арнаулы әлеуметтік <u>көрсетілетін қызметтерді ұсынатын</u> субъектілер	субъекты, <u>предоставляющие</u> специальные социальные <u>услуги</u>

Салыстырып талдау нәтижесінен «көрсетілетін қызметтер» сөзінің кодекс мәтінінде қолдану тәсілдерін былайша көрсетуге болады:

1) ол «көрсету» (оказание) деген сөзбен тіркескен кезде «көрсетілетін» деген сынары түсіріліп, «қызметтер» деп қолданылған;

2) «ұсыну» (предоставление) сөзімен тіркескен кезде «көрсетілетін қызметтер» деп толық алынған. Термин қолдану практикасына сәйкес осы тәсіл басым болғандықтан, зерделеніп отырған сөзге қатысты заңнама тілінде аталған тәсілді қолданған дұрыс. Бұған қоса заң мәтінінде терминнің жарыспалы болуына жол берілмейді. Өйткені құқықтық актілердегі ұғымдарды бірізді пайдаланбау, норма мағынасын бұрыс түсіндіруге алып келуі мүмкін. Осы сынды олқылыққа жол бермеу үшін ұғымдарды мәтіндегі анықтамаларға сәйкес келтіріп, бірізділік талабын сақтау ұсынылады [13, 30-б.].

Заң мәтінінен сөздерді алып тастау немесе оларды басқасымен ауыстыру арқылы оның бастапқы нұсқасын өзгертуге болады. Мәселен, талдап отырған кодекс мәтінінде «ұсыну» (предоставление) деген сөзді өзгерту көзделсе, оның 1-бабының 21) тармақшасын жеке көрсетіп, өзгерту қажет болады, өйткені бұл нормада ол «көрсету» деп алынған:

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Орыс тілінде</i>
мемлекеттік <u>қызметтер көрсету</u> мақсатында	в целях <u>предоставления</u> государственных <u>услуг</u>

Бұл кез келген норма мәтініндегі терминдерді бірізді алудың маңызды екенін дәлелдей түседі.

Сонымен қатар кодексте кездесетін «қызмет көрсету», «қызмет» деп аударылатын кейбір сөздерге тоқталып өткен орынды:

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Орыс тілінде</i>
кастодиандық қызмет көрсету бойынша клиентке көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібі	порядок предоставления клиенту услуг по кастодиальному обслуживанию
әскери қызмет	воинская служба
мемлекеттік фельдъегерлік қызмет	государственная фельдъегерская служба
жүйелік-техникалық жағынан қызмет көрсету	системно-техническое обслуживание
жүйелік-техникалық қызмет көрсету	системно-техническое обслуживание

Бұл кестеден «обслуживание» мен «служба» сөздерінің де «қызмет көрсету», «қызмет» деп аударылатыны көрінеді. Осы «оказание услуг», «предоставление услуг», «обслуживание» және «служба» деген төрт сөздің аражігін ажырату үшін олардың заңнамада қолдану ерекшелігін ескеріп, былайша тұжырым жасауға болады:

1) «көрсетілетін қызметтер» деген сөз «**көрсету**» (оказание) деген сөзбен тіркескен кезде «көрсетілетін» деген сыңары түсіріліп, «**қызметтер**» деп қолданылады;

2) «көрсетілетін қызметтер» деген сөз «**ұсыну**» (предоставление) сөзімен тіркескен кезде «**көрсетілетін қызметтер**» деп толық жазылады;

3) «қызмет көрсету» (обслуживание) деген сөзді «қызметтер көрсету» (оказание услуг) сөзімен шатастырмас үшін «услуги» сөзін, көбінесе, көпше тұлғасында алу керек.

Талдап отырған сөздердің қатарын «функция» деген сөзбен толықтырсақ, артық болмайды. Себебі ол «Жапшай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі ҚР Заңында «сот қызметі» тіркесі «судебная функция», ал «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі ҚР Заңында «консулдық қызмет», «қызмет» – «консульские функции», «функции» деп алынды. Алайда ол мәтінде қиындық келтіргендіктен, мәселен, «функциональная деятельность», «функциональное обслуживание» сөз тіркестерінің аудармасында «қызметтік қызмет», «қызметтік қызмет көрсету» деген олқылыққа алып келгендіктен, қазіргі уақытта ол «функция» түрінде қалдырылды. Осы

сияқты кемшіліктерді болғызбау үшін термин қолданыста жарыспалылықтың болмауын назарға алу қажет.

Қорытындылай келе, «көрсетілетін қызметтер» ұғымы орындаушы мен тұтынушының тікелей өзара іс-қимылының, сондай-ақ орындаушының адам қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі өз қызметінің нәтижесін білдірсе, «сервис» ұғымы сервис ұйымдары (кәсіпорындар) арқылы жеке қызметтер көрсету жолымен адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет түрін білдіреді. Сондықтан көрсетілетін қызметтер мен сервистің әлеуетті және экономикалық түрлерін семантикасына қарай ажыратып, бірінің орнына бірін қолданбаған дұрыс. Талдау барысында ұсынылған тәсілдерді ресми стилде, әсіресе заң шығаруда негізге алу ұсынылады. Себебі бұл заңнамалық актілерде жоғарыда баяндап өткен талаптардың сақталуына септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Свободная энциклопедия «Викисловарь»*. <https://ru.wiktionary.org/wiki/сервис>. Қаралған күні: 07.11.2023;

2. *Қазақстан: ұлттық энциклопедия. 7-том. Н – С*, бас ред. Б. Аяған – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 2005. – 728 б.;

3. *Подходы к анализу понятий «сервис» и «услуга»*. В.А. Плотников, М.Г. Иваненко. Санкт-Петербургский государственный экономический университет. Техничко-технологические проблемы сервиса. № 3(33), 2015, Научная электронная библиотека «Кибер Ленинка»;

4. *«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы*. Қаралған күні: 07.11.2023;

5. *«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы Келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы*. Қаралған күні: 07.11.2023;

6. *«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы Келісімді бекіту туралы» 1996 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы*. Қаралған күні: 07.11.2023;

7. *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсеке-лестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы*. Қаралған күні: 07.11.2023;

8. *«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Минералдық тыңайтқыштар шығару зауытын салу және пайдалану» жобасын іске асыру туралы келісімді ратификациялау*

туралы» 2022 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы. Қаралған күні: 07.11.2023;

9. *Глоссарий терминов, используемых в регулировании коммунальных и инфраструктурных услуг*. Институт проблем ценообразования и регулирования естественных монополий НИУ ВШЭ. 2011. <https://ur.hse.ru/glossary>;

10. *Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңдарының заң терминдері мен ұғымдарының сөздігі*. – Астана: «Қазақстан Республикасының Заң шығару институты» ЖШС, 2007. – 1000 б.;

11. *Значение слова услуга в толковом онлайн-словаре Евгеньевой А.П.* URL:<https://lexicography.online/explanatory>. Қаралған күні: 07.11.2023;

12. *Услуги и сервис как экономические категории*. Шарипов Улугбек Тухтамуродович. <https://cyberleninka.ru/article/n/uslugi-i-servis-kak-ekonomicheskie-kategorii/viewer>;

13. *Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (заң техникасы)*: Әдістемелік құрал/ Авт. ұжым басш. мен ред. Р.Қ. Сәрпеков – Астана: «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ, 2019. – 160 б.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕГІ ЗАҢНАМАДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН КЕЙБІР ТЕРМИНДЕР ТУРАЛЫ

*Мединаева Ақерке Амановна**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабы 2-тармағына сәйкес мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында нормативтік құқықтық база екі тілде жүргізіледі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары заңдардың бірден қазақ тілінде жазылмайтыны анық еді, оған бірнеше себеп те болған. Сол кездегі қолда бар әлеуетті пайдаланып, белгілі бір сала заңгерлері қолдарынан келгенше заң жазып, ол заңдарды мемлекеттік тілде сөйлетуге аудармашылар кірісіп кетті. Сол жылдары қабылданған заңдарға шолу жасай отырып, қазіргі таңда заң тілі әлдеқайда өзгергенін, дамығанын, заң техникасы деген ұғымның қалыптаса бастағанын айтуға болады. Алайда халықаралық шарттардың мемлекеттік тілдегі ахуалы мүлдем басқаша еді. Халықаралық шарт әлемдік тіл болып саналатын ағылшын тілінде жасалып, ынтымақтастық жасасатын елдің тіліне және қазақ тіліне аударылатыны анық еді. Бірақ сол кезде аудармашылардың

* Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика орталығының жетекші ғылыми қызметкері

белгілі бір нормаларды дұрыс түсінбеуінен бе, әлде уақыттың тығыздығынан аударылған мәтінді қайта оқып шығуға мүмкіндік болмағанынан ба, қазақ тіліндегі мәтінде кемшіліктердің болғаны кейіннен анықтала бастады. Бұл жерде аудармашыларды кінәлауға мүлдем болмайды: белгілі бір қатынастағы құқықтық норманы дұрыс түсіну үшін заңгер болу қажет, ал аудармашының қасында сол халықаралық шартты жасауға қатысқан заңгердің отыруы мүмкін емес нәрсе.

Кейіннен сол халықаралық шарттар қолданыла бастағанда ағылшын тіліндегі және қазақ тіліндегі мәтіннің арасында алшақтықтар туындай бастады. Бұның да өзіндік себебі бар еді. Халықаралық шарт ағылшын тілінен орыс тіліне, одан кейін ғана қазақ тіліне аударылғанын ескерсек, мемлекеттік тілдегі мәтін үшінші тілде жасалған аударма болып қалатыны айқындалды. Ағылшын тілінен бірден қазақ тіліне аударатын, құқықтық норманы дұрыс түсінетін маман қазірдің өзінде тапшы болса, ол жылдары мүлдем жоқ еді. Екі тілдегі мәтін арасындағы кемшіліктер халықаралық шарт жасалған мемлекетпен бір емес, бірнеше рет нота алмасуға алып келді. Мәлімет үшін: «нота (лат. *notas* – жазба, хат) – жиі пайдаланылатын жазбаша дипломатиялық актілердің бірі, дипломатиялық хат алмасу құжаты, ал кейбір жағдайларда халықаралық шарт жасау нысаны (нота алмасу арқылы жүзеге асырылады). Жазылу нысанына қарай нота жеке және вербальды болып бөлінеді. Жеке немесе қол қойылатын нота оны жасауға бастамашы болған органның ресми ноталық бланкісінде жасалады¹³.

Вербальды нота (лат. *verbalis* – сөзбен) дипломатиялық хат алмасудың және саяси мәселелерден бастап, жеке мәселелерге дейін (хаттамалық сипаттағы ақпаратқа, виза беру туралы сұрау салуға байланысты) қаралатын мәселелердің әртүрлі тобы бойынша дипломатиялық актілердің ең көп таралған нысаны¹⁴.

Демек, екі мемлекет арасында туындаған даулы мәселелерді шешу үшін халықаралық шартқа жүгіну барысында анықталған кемшіліктерді жою мақсатында нота алмасуға тура келетін. Ал әрбір нота алмасу процесі еліміздегі мемлекеттік тілдің ахуалын көрсететіндей. Оның үстіне, халықаралық шартта қаралатын мәселелердің аясы да өте кең болып табылады. Одан басқа, кейде халықаралық шартты жасау кезінде келіссөздер арқылы шешілген мәселелердің бірден мемлекеттік тілдегі аудармасын қамтамасыз ету қиындық туғызатын. Мұндай жағдайлардың алдын алу да, оның болу-болмауын болжап білу де мүмкін емес. Ал әрбір мәселе үшін нота алмаса беру айтарлықтай жауапкершілікті талап ететін, бірнеше айларға созылатын ауқымды жұмыс.

Осылайша, екі тіл арасындағы келіспеушіліктер бойынша нота алмасу тә-

¹³ <https://dic.academic.ru/dic.nsf/lower/16517>

¹⁴ <https://dic.academic.ru/dic.nsf/lower/13576>

уелсіз мемлекетіміздің халықаралық аренадағы беделіне нұқсан келтіретіні айқын еді.

Халықаралық шарттардың мемлекеттік тілдегі мәтінінің ахуалы қабылданған заңдардың да мемлекеттік тілдегі мәтініне назар аударуға септігін тигізді, себебі заңнамалық актілерде де келіспеушіліктер мен кемшіліктер бар екені біртіндеп анықтала бастады. Осылай мемлекеттік тілдегі нормативтік құқықтық базаны қамтамасыз ету қаншалықты жауапты әрі ауқымды жұмыс екенін билік басындағылар түсіне бастағандай.

Осы мәселені шешу үшін 2011 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен құрылған Лингвистика орталығының қызметкерлері заңнамалық актілер жобаларына, Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу бойынша қызметтер көрсете бастады. Ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізудің мақсаты заң жобасының немесе Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын тексеру, қазақ тіліндегі мәтіндегі кемшіліктерді жою, сапасын жақсарту және мағыналық мазмұнын дәл белгілеу, нормативтік құқықтық актілер (заң) тілінің және заң техникасының ерекшеліктерін ескере отырып, мәтін тілі мен стилін қазіргі қазақ тілінің нормаларына сәйкес келтіру, қолданыстағы заңнамада қолданылатын терминдердің бірізділігін сақтау, редакциялық және өзге де қателерді жою бойынша ұсынымдар беру болып табылады. Ғылыми лингвистикалық сараптаманы жүргізуде мәтіндік, грамматикалық, стилистикалық, лексикалық талдаудың ғылыми әдістері, семантикалық зерттеу әдісі, жалпы шолу және салыстыру негізге алынады.

Сараптама «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №907 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару жұмысы қағидаларының және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі №473, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 12 шілдедегі №135 және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 11 шілдедегі №223 бірлескен бұйрығымен бекітілген Ғылыми сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу, сондай-ақ ғылыми сарапшыларды іріктеу қағидаларының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Бұл туралы «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31 және 33-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік ор-

гандары әзірлеген және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілуге жататын заң жобалары бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптаманы уәкілетті ұйым жүргізеді. Ғылыми лингвистикалық сараптама заңнамалық актілердің жобалары бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығы бөлігінде жүргізіледі деп көзделген.

Одан басқа, жоғарыда көрсетілген Заңда нормативтік құқықтық актінің құрылымына, мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар да көзделген. Осы орайда негізгі қызметіміз бойынша мемлекеттік тілдегі заңнаманы қамтамасыз ету барысында заң жобаларының барынша белгіленген талаптарға сай болуына атсалысу міндетіміз болып табылады.

Заң тілінің мемлекеттік тілде қалыптасуына өзіндік үлес қосу мақсатында Лингвистика орталығының қызметкерлері Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминологиялық комиссиясы бекіткен терминдерге шолу жасаған болатын. Бұл терминдер «Termincom.kz» сайтында жинақталған. Сайтта ғылым, білім, техника мен экономика, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі термин сөздердің бірыңғай республикалық терминологиялық электронды базасы болып саналады. Сайт қазақ терминологиясын жүйелеудің жаңа талаптарын жүзеге асыруды көздейді, терминологиялық лексиканы біріздендіру, терминологиялық қорды толықтыру, терминдерді және атауларды қазақ тілінің нормаларына сәйкес реттеу, терминологиялық атауларды қолдану тиімділігін арттыру мақсатында бұқара қауымға арналған ақпараттық құрал¹⁵.

Терминдерге мониторинг жасау барысында құрамында «арест» деген сөзі бар бірнеше термин бекітілгені (1-кесте) анықталды¹⁶. Қарап тұрсаңыз олардың бекітілген жылдары әртүрлі.

1-кесте

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1	Әкімшілік қамау	Административный арест	2016 жылы бекітілген термин
2	борышкерлік мүлікке тыйым салу	арест имущества должника	2016 жылы бекітілген термин
3	мүлікке тыйым салу (заң)	арест имущества	2014 жылы бекітілген термин

¹⁵ <https://termincom.kz/about>

¹⁶ <https://termincom.kz/search/?termin=%D0%B0%D1%80%D0%B5%D1%81%D1%82&cid=0>

4	мүлікті қамаққа алу (заң)	Арест на имущество	2010 жылы бекітілген термин
---	------------------------------	--------------------	--------------------------------

Кестеде берілген терминдерге назар аударсаңыз, «административный арест» ұғымы адамға қатысты айтылып тұрғаны түсінікті, сондықтан да «әкімшілік қамау» деген аудармасымен келісуге болады. Ал «арест на имущество» термині 2010 жылы «мүлікті қамаққа алу» деп аударылып, бекітілген. 2010 жылы қабылданған заңдарда осы терминнің аудармасына талдау жүргізу кезінде «2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2010 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында¹⁷ «оценка, хранение и реализация конфискованного и арестованного имущества» деген тіркес «тәркіленген және тыйым салынған мүлікті бағалау, сақтау және сату» деп қолданылғанын анықтадық. Сол сияқты «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында¹⁸ «электрондық аукцион» ұғымының түсіндірмесінде «арестованное имущество» деген тіркес «тыйым салынған мүлік» деп, «о наложении ареста на имущество» – «мүлікке тыйым салу туралы», «связанных с арестом, изъятием и передачей имущества должника» – «борышкердің мүлкін пайдалануға тыйым салуға, алып қоюға және беруге» аударылған. Кестеде көрсетіліп тұрғандай, кейіннен «мүлікті қамаққа алу» мүмкін емес болуына байланысты 2014 жылы «мүлікке тыйым салу» деп қайта бекітілген сияқты.

Кестедегі тағы бір терминнің лексикалық-грамматикалық категориясы өзіне назар аудартады. Орыс тіліндегі нұсқасы «арест имущества должника» деп көрсетілген. Осы «должник» деген сөздің аудармасы заңнамада қалай аударылғанына көз жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне¹⁹ жүгіндік. Онда тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастар реттеледі. Аталған кодекстің орыс тіліндегі мәтінінде «должник» деген термин 218 рет қолданылған екен, ал қазақ тіліндегі мәтінде «борышқор» және «борышкер» деген екі нұсқасы қатар қолданылып жүр. Бұл ретте «борышқор» 189 рет кездесе, «борышкер» 30 рет қолданылады. Демек, кодекстің қазақ тіліндегі мәтінінде бірізділік сақталмаған деген тұжырым жасауға болады. Оған әр жылдары енгізілген өзгерістер себепші шығар. Атап айтқанда, «борышкер» деп қолданылған 21-бап «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оңалту және банкрот-

¹⁷ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1000000357>

¹⁸ https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261_

¹⁹ https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000_/compare

тық, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңымен енгізілген. «Должник» деген сөз «Termincom.kz» сайтында «борышқор» деп те, «борышкер» деп те бекітілген²⁰. Тиісінше, «борышқор» деген ұғым 2006 жылы, ал «борышкер» 2016, 2020 жылдары бекітілген екен. Қазақ тілінің грамматикасына үнілсек, сөз тудырушы жұрнақтар қатарына жататын «-кер» және «-қор» жұрнақтарының мәні мен мағынасына қатысты ақпарат табылмады. Алайда «El.kz» сайтындағы мына бір мақала авторының сөздері көңілге қонымды.

«Бұрын аса белсенділігімен ерекшелене қоймаған -гер/-кер жұрнағы 90-жылдардан бастап өнімділік таныта бастады. Соңғы 15-20 жылдай уақыт көлемінде бұл жұрнақтың қатысуымен көптеген сөздер туындады. Солардың бірқатары қазіргі қазақ баспасөзінде жиі қолданылып жүр. Жоғарыда біз келтірген мысалдардағы осы жұрнақ арқылы жасалған атаулардың арасында борышкер, дәріскер, зейнеткер, кәсіпкер, талапкер, үлескер, іскер сынды бірнеше сөз сала мамандары да, жалпы жұртшылық та жатсынбай қолданылатын, тілде орныққан атаулар қатарына қосылды. Бұл атаулардың барлығы да (үлескерден басқалары) салалық терминологиялық сөздіктер мен екі тілді аударма сөздіктерде беріліп жүр. Мемтерминком ресми бекіткендері (талапкер, кәсіпкер, зейнеткер) де бар. «Үлескерден» өзгелері 2007 жылы 100 000 (жүз мың) дана таралыммен жарық көрген орфографиялық сөздіктің соңғы басылымына да енген. Кейінгі 1-2 жыл көлемінде ғана пайда болған «үлескер» атауы да қазір жаппай бірізді қолданылып жүр. Бұл атау орыс тіліндегі «дольщиктің» баламасы ретінде бірден жаппай қолданысқа көшкен әрі баспасөзде, электронды ақпарат құралдарында өте жиі кездесетін сөзге айналды.

БАҚ-тардың термин қалыптастырудағы рөлін, ықпалын да байқауға болады. Дәл осы атаудың аз мерзім ішінде жұртшылықтың санасына сіңіп, құлағы үйреніп кетуіне ақпарат құралдарының айрықша ықпал еткенін айту керек.»²¹.

Ал Р. Сыздықтың «Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы)» кітабында «Бірқатар сөздер мен қосымшалар жазылуда түбірі сақталатындықтан, аралас буынды болып келеді, яғни жуан сөзге жуан варианты жоқ -кер, -гер, -кент сияқты жұрнақтар жалғанады немесе жіңішке түбірлі сөзге жіңішке варианттары жоқ -қой, -паз, -қор сияқты жұрнақтар жалғанады. Мысалы: сауда+гер, Шым+кент, бал+гер, Таш+кент, әсем+паз, сән+қой, шәй+қор (жазылуы: шайқор) т.б. Осылардың ішінде -кер, -гер, -кент жұрнақтары жалғанған кейбір жуан сөздер айтылуда осы жұрнақтар-

²⁰ <https://termincom.kz>

²¹ https://el.kz/zhurnaktar_arkili_zhasalghan_koldanistagi_zhana_sozder_25449/

дың әсерімен тұтасынан жіңішке айтылады. Мысалы: сәудегер, Шімкент, Тәшкент. Бірақ бұл жұрнақтар жалғанған кез келген жуан түбірлі сөз жіңішке айтыла бермейді. Мысалы: қаламгер, жауапкер, айыпкер, Құмкент сияқты сөздер жазылған түрінше айтылады. Ал жуан жұрнақтар жіңішке түбірді жуандата алмайды, сондықтан олар жуанды-жіңішкелі аралас буынды болып, жазылған түрінше айтылады. Мысалы: әсемпаз, өнерпаз, сәнқой, әзілқой»²² деген ақпарат бар.

Сонымен қатар, мақалаға арқау болған «арест имущества должника» деген тіркесті қазақ тіліне аудару барысында грамматикалық қатеге жол берілді ме, әлде дұрыс па деген күмән туындайды. Себебі «борышкерлік мүлікке тыйым салу» деген тіркестегі «борышкерлік» сөзінің мағынасы – «борышкер болушылық. Өзінің парызын, міндеттерін сезінушілік. Оның халық алдындағы борышкерлігі күшейіп келеді («Қаз. әдеб.»). Мұнда қоғамдық мүдде жатады, коллективке деген борышкерлік туады ...»²³. Демек, борышкерлік – белгілі бір топтың алдындағы ортақ мүдде болса, «борышкерлік» деген ұғым заңды тұлғаға байланысты қолданылады деп түсіну керек. Бұл жерде осы термин пайдаланылған «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «должник» деп кімге, атап айтқанда жеке тұлғаға ма, әлде заңды тұлғаға қатысты қолданылғанын анықтау керек. Мұндай жағдайларда міндетті түрде заңгердің көмегі қажет болады.

Осылайша, орыс тіліндегі терминдерді қазақ тіліне аудару барысында олардың лексикалық-грамматикалық категориясына аса мән беру қажет деп пайымдаймыз. Ол үшін белгілі бір саладағы заңгерлердің көмегінсіз, яғни олардың сол не басқа терминді түсіндіріп беру сияқты консультациясынсыз қандай да бір терминді аудару не оның мемлекеттік тілдегі баламасын дәл әрі нақты толық ашып беру қиынға соғады.

²² <https://emle.kz/books/b075e9dd7588af946e376c24993e166a.pdf>

²³ <https://sozdikqor.kz>

**«ҚАЗАҚ ТІЛІН ҒЫЛЫМ ТІЛІ РЕТІНДЕ ДАМУЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты республикалық әдістемелік семинардың материалдары**

ҚАЗАҚТЫҢ ҒЫЛЫМ ТІЛІН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

*Шерубай Құрманбайұлы**

Ғылыми-зерттеу институттары мен университеттерде, ғылыми орталықтарда, зертханалар мен кафедраларда және басқа да ғылымға қатысы бар мекемелерде еңбек ететін ғылыми қауым ғылымның түрлі салалары бойынша зерттеулер жүргізеді, ғылыми еңбектер жазады. Ғылымды да, ғылымның тілі мен ғылыми-техникалық терминологияны да дамытып, қалыптастыратын осы ғылыми қауым. Нақтырақ айтқанда олар – ғалымдар, профессор-оқытушылар, инженерлер мен түрлі сала мамандары. Тілтанушылар ғылым тілін көбінесе ұлттық әдеби тілдің стильдік тармағы, түрі ретінде қарастырады.

Қоршаған орта мен таным процесіндегі кез келген объектіні тану кезіндегі тілдің рөлін ескере отырып, ғылым тілін адамның ойлау процесін объективтендірудің тәсілі, ойды жеткізудің формасы деп те таниды. Мұндай **гносеологиялық** тұрғыдан қарау кезінде тілдің ойлауға және шындыққа қатыстылығына басымдық беріледі. Ғылым тілінің функционалдық болмысына **әдіснамалық** тұрғысынан қарайтын бағыт бойынша оның ғылыми білімді тіркеп, оны сақтау мен жеткізу құралы екендігіне баса мән беріледі. Сол сияқты ғылым тіліне таңбалар жүйесі ретінде **семиотикалық** тұрғыдан, сондай-ақ синтаксистік және семантикалық аспекіден қарау да бар.

Ғылым тілі көркем әдеби тілдегідей бейнеліліктен, саяси әдебиет тіліндегідей идеология ықпалынан тыс болуға тиіс. Ғылым тілі ең алдымен ақпараттылық пен танымдық қызмет атқаратындығымен ерекшеленеді. Сондықтан ол адамның таным үдерісі нәтижесінде анықтаған ұғымдар мен олардың өзара байланысы жөнінде нақты ақпарат беріп, объективті білімді меңгеруге қызмет етеді.

Ғылым тілінің құрылымдық моделін зерттеген ғалымдар [*Ким В.В., Блажевич Н.В. Язык науки: Философско-методолгические аспекты. Екатеринбург, 1998. С. 62.*] оның үш қабатын атап көрсетеді: 1. Термин емес сөздер (Табиғи тілдің толық мағыналы сөздері мен көмекші сөздері); 2. Жалпы ғылыми лексика (жалпы ғылыми қатынас кезінде қолданылатын арнаулы сөздер); 3. Терминдік лексика (нақты бір терминжүйенің арнаулы сөздері, терминдері).

* ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор

Бәсекеге қабілетті қазақтілді ғылыми қауымның қалыптасуы, ұлттық ғылыми сананың өсуі ғылымның барлық саласы бойынша ұлт тіліндегі сапалы ғылыми контенттің болуына тікелей тәуелді. Қажетті ғылыми ақпаратты студенттен бастап ғалымдарына дейін орыс, ағылшын тілінде іздейтін біздің қазіргі жағдайымыз өзгермесе, қазақтың ғылым тілінің өркендеуі, оның қолданыс аясының кеңеюі қиын.

Мемлекетті, ұлтты, бүкіл қоғамды алға жетелейтін, дамуын қамтамасыз ететін күш – ғылым. Ал ғылымды ұлт тілінде дамыту ұлттың өркендеуіне, тілінің кемелденуіне апарады. Сол себепті ұлттық ғылым тілін дамыту – мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі. Ал енді бұл мәселені шешіп, істі ұйымдастыру жайын сөз етер болсақ, ол үшін рет-ретімен, жүйелі түрде мынадай жұмыстар атқарылуы қажет деп санаймыз:

1. Қазақтілді (ағылшын және өзге де шет тілдерін қоса меңгерген) ұлттық ғылыми кадрлар қауымын қалыптастыруға басымдық беру керек. Бізде білікті ғалымдар, тәжірибелі салалық мамандар бар. Алайда жаратылыстану ғылымдары мен техника, энергетика, медицина сияқты көптеген салаларда қазақ тілін жетік меңгерген ғалымдар мен жоғары білікті мамандар үлесі өте төмен. Олардың көбі орыс тілінде білім алғандықтан ғылыми қызметінде, кәсіби міндетін атқаруда қазақ тілін еркін қолдана алмайды. Тіпті қазақ тілін мүлде білмейтін, ешқашан пайдаланбайтын ғалымдар да бар. Қазақ тілінің ғылым тілі ретінде өркен жайып, дамуына бұл фактор үлкен кедергі келтіріп отыр. Өйткені олар қазақ тілін пайдаланып ғылыми ұғымдарды қазақша атамайды, термин шығармашылығында ұлт тілін пайдаланып төл термин жасамайды. Қазақша оқулық, оқу құралдарын, ғылыми мақалалар мен монографиялар жазбайды. Яғни, ұлт тіліндегі ғылыми контент жасауға қатыспайды. Қазақ бөлімінің студенттеріне практикалық сабақ жүргізіп, дәріс оқымайды. Магистрлер мен докторанттарға (Phd) қазақша тақырып беріп, ғылыми жетекшілік етіп, кеңес бермейді. Дәлірек айтқанда ғалымдардың бұл бөлігі қазақтілді ғылыми кадрлар даярлауға да тікелей қатыспайды деген сөз. Ең алдымен осы кедергі еңсеріліп, қазақтілді ғылыми кадрлар даярлауға басымдық беру қажет. Мұны біз ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің кезек күттірмей атқаруға тиісті ең маңызды міндеттерінің бірі деп білеміз. Осы мәселе шешімін тапса, ғылым тілін дамытуға кадрлық негіз қаланады. Ал кадр бар мәселені шешетіні белгілі. Сол үшін жыл сайын диплом қорғайтын магистрлер мен докторлардың (Phd) негізгі басым бөлігі диссертацияларын қазақша жазып, қазақ тілінде қорғауын қамтамасыз ету қажет. Бұл жұмыс жоспарлы, жүйелі түрде жүргізіліп, жыл сайын диссертациялық кеңестердің есебі тыңдалып, олардың жұмысына мониторинг жасалып отыруға тиіс. Оқу жылының басында және оқу жылы аяқталғанда жыл сайын қазақ мектебіне баратын балалар мен ҰБТ тапсыратын түлектердің үлесі 70-75 пайыз болды

деген ресми мәлімет беріледі. Соған сәйкес алдағы уақытта ел ішінде барлық ғылым салалары бойынша ғылыми дәреже иеленетін ғылыми кадрлардың кемінде 70 пайызы диссертацияларын қазақ тілінде жазып, қазақша қорғауын талап етуге демографиялық та, құқықтық та негіз бар. Осы тетік іске қосылса, қазақтілді ұлттық ғылыми кадр даярлауға да негіз қаланады.

2. Біріздендірілген, стандартталған ұлттық терминқор, жетілдірілген терминжүйе – ғылым тілінің өзегі. Ғылым тілінің негізін ғылыми терминдер құрайды. Барлық негізгі ғылым салаларының терминдер қоры жасалып, ғылыми сараптан өтіп, біріздендіріліп, стандартталмайынша ұлттық ғылым тілі толық іске қосылып, өзінің қызметін мүлтіксіз атқара алмайды. Салалық терминжүйелер сапалы жасалмаса, ғалымдардың, мамандардың бірінбірі қиындықсыз түсініп, ғылыми коммуникацияны жүзеге асыруы мүмкін болмайды. Орныққан ұлттық терминқор болмайынша ғылыми білімді сақтау, тарату мен ғылыми ақпарат алмасу тиісті деңгейде жүзеге асырылмайды. Сондықтан жалпыға ортақ, орныққан сапалы терминқорды қалыптастыру, әр термин туралы толық мәлімет алуға болатын заман талабына сай автоматтандырылған электронды терминдер базасын жасау аса маңызды. Біздің терминқорымыздың аз ғана бөлігі ресми бекітіліп, нормативтік сөздіктерге енген. Терминдер жарыспалығы, дәл аударылмауы, стандартталмауы сияқты шешімін тапаған мәселелер бар. міне, бұл да ең алдымен атқарылуға тиісті негізгі істің бірі.

3. Жетілдірілген, қырналған ғылыми стиль – ұлттық әдеби тілдің кемелдігінің көрінісі. Ғылым тілінің, ғылыми мәтіннің өзіне тән сипаты, ерекшеліктері болатыны белгілі. Ғылым тілінің академиялық, ғылыми-ақпараттық, ғылыми-анықтамалық, оқу-ғылыми, ғылыми-көпшілік стильдерінің ерекшеліктері, басты белгілері сақталған арнаулы тілдің қалыптасуы ұлт тілінің жақсы дамығандығының көрсеткіші. Сондықтан ғылымның әр саласының метатілін айшықтайтын басты белгілері мен талаптарына сай сапалық тұрғыдан жетілдіріп отыру барша қазақтілді ғылыми қауымның, лингвистердің үздіксіз айналысуға тиісті кәсіби міндеттерінің бірі. Бұл тұрғыда да істелетін жұмыстар, нақтыланатын мәселелер жоқ дей алмаймыз.

4. Қазақ тілінде сапалы ғылыми контент жасау – ғылым тілінің өркен жаюының кепілі.

а) Балаларға арналған ғылыми контентті көбейту. Мектепке дейінгі 3-6 жастағы, мектеп жасындағы 7-11 жастағы балалар мен 12-17 жастағы жасөспірімдер мен жеткіншектерге арналған қазақ тіліндегі ғылыми контент жетіспейді. Олар: қағаз түріндегі шағын кітапшалар, әр пән бойынша бала жасына лайықталып дайындалған танымдық, ғылыми-танымдық, ғылыми журналдар мен кітаптар, анықтамалықтар, энциклопедиялар. Фантастикалық, ғылыми-танымдық мультфильмдер, ғылыми-танымдық бағдарламалар мен

тележурналдар, арнаулы бағдарламалар, интеллектуальдық-ғылыми хабарлар, алуан түрлі ғылыми ақпарат алуға болатын арнаулы сайттар мен порталдар және т.б. Болашақ ғылыми қауымды қалыптастырудың іргетасы мектептен бастап қаланатынын ескермеске болмайды. ҚР Білім министрлігі мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрліктері осы олқылықтардың орнын толтыратын кешенді бағдарламалар жасауы қажет.

ә) ЖОО кітапханаларындағы қазақша кітаптар қорын молайту. Қазақстанның жоғары оқу орындарының кітапхана қорындағы қазақ тіліндегі оқулық, оқу құралдары, әдістемелік құралдар, ғылыми журналдар, ғылыми кітаптар, салалық терминологиялық, энциклопедиялық сөздіктер, дәрістер курсы мен монографиялар, диссертациялар, жеке ғалымдар мен ғылымның түрлі мәселелеріне арналған деректі ғылыми фильмдер үлесі өте төмен. Бакалавриат студенттері мен магистранттар қажетті кітаптар мен ғылыми еңбектерді негізінен орыс тіліндегі, ал тағы бір санаулы бөлігі ағылшын тіліндегі еңбектерден іздейді. ЖОО бакалаврлар мен магистрлерді ғылымға баулып, ертең олардың ғылыммен айналысуына жол ашып, бағыт сілтейтін білім ошағы. Олардың ғылымға шын қызығушылығы университеттерде оянып, алғашқы ғылыми ізденістері де сонда басталуға тиіс. Ол үшін университеттердің кітапханаларындағы қазақ тіліндегі ғылыми журналдар мен оқулықтардың, ғылыми кітаптардың қоры өте мол болуы керек. ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі университеттердегі бүкіл кітаптардың қанша пайызы қазақ тілінде екенін анықтап, қазақ тіліндегі кітап қорын жыл сайын жоспарлы түрде ұлғайтуды қолға алғанда ғана бұл мәселе шешімін табады.

б) Ғылыми кітапханалар қорын байыту. Республиканың ғылыми кітапханалары мен ғылыми-зерттеу институттарының кітапханалары да қазақ тіліндегі ғылыми кітаптар мен диссертацияларға бай емес. Әсіресе жаратылыстану ғылымдары мен инженерлік-техникалық кадрлар даярлайтын ғылыми мекемелердегі жағдай сын көтермейді. Магистранттар мен докторанттардың, жас ғалымдар мен ғылыми қызметкерлердің, жалпы ғылыми қауымның қазақ тіліндегі ең қажетті озық ғылыми еңбектермен танысуына мүмкіндік жасалуы қажет.

в) Ғылыми аударманы жолға қою. Отандық ғылым әлемдік ғылымның алдыңғы легінде келе жатпағандықтан бізге ғылымы дамыған елдердің тіліндегі жаңалығы мол, ең озық ғылыми еңбектерді қазақ тіліне жедел аударып отыру қажет. Бұл ғылыми контенттің сапасын арттырады әрі ғылым тілі мен терминдер қорының толығып, жаңаруына жол ашады. XX ғасыр басында қазақ оқығандары осы істі қолға алған еді. К.Фламарионның 1922 жылы Берлинде шыққан «Общедоступная астрономия» (французшадан В.Черкасов аударған) еңбегін Ә.Бөкейхан қазақшаға бірден аударып, 1924

жылы «Астрономия әліп-биі» деген атпен Мәскеуде жариялады. Орысшаға аударылғаннан кейін арада екі-ақ жыл өткенде осы еңбектің қазақша аудармасы жарық көрген. Кадр жетіспейтін, қаржы тапшы заманда алаш зиялылары көптеген жаңа оқулықтар мен ғылыми әдебиеттерді осылай жедел аударып, басып шығарған. Қазір әр салада жүздеген ғалым, жоғары білімді сала мамандары бар. Бюджеттен ғылымды дамытуға миллиардтаған қаржы бөлінеді. Бірақ әлем тілдеріндегі үздік ғылыми еңбектердің ең қажетті дегендерінің өзін дер кезінде қазақша сөйлете алмай отырмыз.

г) **Қазақ тілінде шығатын ғылыми журналдар санын арттыру.** Ғылымның барлық салалары бойынша шығарылатын қазақ тіліндегі ғылыми журналдардың санын артырып, сапасын көтеру – отандық ғылымды өркендету мен қазақтың ғылым тілін дамытудың негізгі шарттарының бірі. Scopus базасына енетін қазақ тіліндегі ғылыми журналдар мен ҚР ҒЖМ Білім беру және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған отандық ғылыми журналдар саны артса, ол сөзсіз қазақ тілінің ғылым саласындағы қызметінің кеңеюіне негіз қалайды.

д) Жалпы көпшілік қауымға да, түрлі сала мамандарына да арналған ғылыми-танымдық, ғылыми ақпарат алатын, халықтың ғылыми танымы мен ғылыми санасын көтерін «Discovery science» сияқты телеарналар мен арнаулы бағдарламалар іске қосылса, олар да отандық ғылымның, ғылым тілінің дауына оң ықпал етері сөзсіз.

е) Қазір цифрландыру дәуірі. Тілдің, оның ішінде ғылым тілінің дамуына цифрлық технологиялардың әсері өте күшті. Сондықтан тілді цифрлық кеңістікте, жасанды интеллект саласында кеңінен пайдалану да уақыт талабы. Бұл бағыттағы жұмыстардың атқарылу деңгейі де ғылыми қауымның кәсіби біліктілігін, ұлт мәдениеті мен тілін уақыт көшіне лайық дамытуға деген жауапкершілігін қаншалықты сезінетіндігін көрсетеді.

Ғылым тілінің функционалдық моделі, мәдени-тарихи модификациясы, генезисі едәуір зеттелген. Ғылым тілінің генезисі мен дамуында математикаландыру, логикаландыру, интуитивтендіру және категориялау сияқты түрлі үрдістер бар екені де ғылыми қауымға жақсы таныс. Ал шығу тегі тұрғысынан ол табиғи тілдің қойнауында, ұлт тілінің негізінде қалыптасқаны да белгілі. Ғылым тілін қоғамның, ұлттың даму тарихынан, ұлттың мәдениетінен мүлде бөліп қарауға болмайды. Ғылым тілі дамуының әр тарихи кезеңінің өзіндік сипаты бар. Мәселен, қазақтың ғылым тілінің алаштық кезеңінің, советік кезеңінің, тәуелсіздік кезеңінің өз ерекшеліктері бар. Бұл тұрғыдан қарағанда «Ғылым тілінде ғаламның тілдік бейнесі де, үстемдік етуші ойлау стилі де, парадигма мен зерттеу бағдарламасы да, дәуір рухы да, діл мен ғылыми қауымдастық пен тұтастай алғандағы бүкіл қоғамның құндылықтары да көрініс табады» (*Блажевич Н. В. Универсалии языка нау-*

ки: *Философско-методологические аспекты: Учеб. Пособие. Екатеринбург, 1999. – 120 с. С.41).*

Біз өмір сүріп жатқан қоғамнан, біздің заманнан тыс ғылым тілі болмайды. Қазіргі ғылым тілі де қазақ қоғамының, ұлт тілі мен отандық ғылымның даму деңгейінің нақты бейнесі. Оның дамуындағы дұрыс бағыттарды жалғастырып, жетістіктерін сақтай отырып, кемшіліктерін түзету ғылыми қауымның, отандық ғылымды дамытуға құзыретті органдар мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің міндеті. Көріп отырғанымыздай түзететін кемшіліктер аз емес. Ендеше бұл салада атқарылуға тиісті жұмыстар да жеткілікті деген сөз.

ҰЛТТЫҚ ТІЛ НЕГІЗІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ САНА: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

*Анар Фазылжан**

Қазақ тілі 6 мыңға жуық тіл арасында алдыңғы қатарлы 70 тілдің бірі, дамыған 600 тілдің бірі, мемлекеттік мәртебеге ие болған 259 тілдің бірі, 6 мыңға жуық тіл арасында алдыңғы қатарлы 70 тілдің бірі, түркі тілдерінің ішінде түптөркінін сақтаған тіл, тамыры терең тіл: мемлекеттік тіл болу тарихи тәжірибесі мол, ішкі әлеуеті күшті жас тіл, әдеби үлгісі қалыптасқан, стильдері сараланған тіл, Қазақстанның барлық аумағына бірдей таралған тіл.

Ғылыми аппарат:

Ғылым тілі: табиғи тіл+арнайы тіл

Ғылыми сана: қоғамдық (ұлттық) сананың маңызды элементі, жалпыхалықтық білімдер жүйесі

Тілдің зият (интеллектуалдық) әлеуеті: халықтық білімдер жүйесі.

Ғылым тілі – білімді алу, өңдеу, сақтау және қолдану үшін ғылыми таным саласы құратын және пайдаланатын ұғымдар, символдар, белгілер жүйесі. Ғылым тілі ретінде қосымша белгі, символдармен байытылған табиғи тіл фрагменті қолданылады. Арнайы тілге алынған ұғымдар, мысалы, «күш», «жылдамдық», «ауырлық», «жұлдыз», «күн» әлдеқайда дәлірек, мағына алады. Сала дамуының бірінші кезеңінде ғылым негізінен табиғи тіл ұғымдарын қолданса, зерттеу тақырыбына тереңірек енген сайын жаңа терминдер көбейе түседі.

Тәжірибелер:

М.В. Ломоносов:

Блаженство рода человеческого колы много от слов зависит, всяк до-

* А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты

вольно усмотреть может. Собираются рассеянным народам в общежития, созидать грады, строить храмы и корабли, ополчаться против неприятеля и другие нужные, союзных сил требующие, дела производить как бы возможно было, если бы они способу не имели сообщить свои мысли друг другу?

Профессор, тілтанушы Н.Уәли:

«Орыс феноменінің» мәні мынада: егер Ломоносов алдымен орыс тілін ғылым тіліне айналдырып, «Русская грамматиканы» жазбағанда, орыстар адамзаттан бірінші болып ғарышқа ұшпас еді».

XVII ғ. Еуропа ғалымдары алғаш рет өз тілдерінде ғылыми шығарма жариялай бастады. Италиялық физик, математик, астроном және философ Галилео Галилей итальян тілінде, Исаак Ньютон («Оптика» трактатын) ағылшын тілінде, неміс математигі Карл Фридрих Гаусс неміс тілінде жазды.

XIX ғасырдың екінші жартысында венгр, чех, еврей, поляк және басқа тілдер ғылымға енді. Орыс тілінің ғылымдағы рөлі күшейді: Дмитрий Менделеев, Софья Ковалевская, Александр Попов, т.б.

Ахмет Байтұрсынұлы: Филология. 300 ден астам термин, оның 200 қолданыста: септік, зат есім, сын есім, етістік, шылау, жұрнақ, жалғау.

Жүсіпбек Аймауытов: Психология.

Қаныш Сатпаев: Алгебра.

Жұмахан Күдерин: Ботаника, География.

Батырбек Бірімжанов: Химия.

Хасен Ибрашев: Математикалық анализ т.б.

Осы заманда жалғасы бар ма?

Ғылым тілін маман жасайды, ғылыми сана – ұлттық сана компоненті.

Мемлекеттің шекарасы алдымен қауымдастықтың санасында шегенделеді. Ұлт – саналар жиынтығы, олардағы ортақ белгілер – бірегейлендірушілер. Мемлекет алдымен санада өмір сүреді. Сананы зерттеудің жалғыз әмбебап құралы – тіл.

Қоғамдық сананың зияткерлік жақтан жоғары түрі ғылымға дейінгі немесе халықтық білімдер жүйесі негізінде қалыптасады: сайыпқыран, географиялық аппелятивтер, т.б. Одан кейін заманауи ғылыми білімдер жүйесімен тұтасады: атом электр стансасы, тартылыс күші. Ең соңында ғылыми қауымдастық болмаса, дамымайды: Капицаның Ломоносов жаңалықтары туралы 1964 ж мақаласы.

Халықтық білімдер жүйесі:

Астрономиялық: *сайыпқыран, қыдырма жұлдыз, Қызылжұлдық, Темірқазық;*

Ботаникалық: *ашыот, алабота, андыз: андыз болса ат өлмес, айыр болса ер өлмес (мақал);*

Зоологиялық: *қоңыр аң, қыран құс/қара құс, жәутік «қарға аунағанға дейінгі түлкінің баласы», жәудір «қарға аунағаннан кейінгі түлкінің баласы»;*

Географиялық: *дөң, дөңес, бел, белес, шың, шыңат, қыр, қырат, асу...;*

Геологиялық: *зұбаржат, құдықшы, шегендеуіш, жерасты су;*

Тарихи: *сағымға садақ ілдірген, қайың сауған кез, ақтабан шұбырынды, қылқұйрық шығару, қазанат пен азамат, құлга да бір күн бостандық;*

Эстетикалық: *ботагөз, күміс, сәукеле, сингармонизм, ассонанс, аллитерация;*

Экономикалық: *керуен, керуенбасы, саудагер, кіреші, бақалшы, мата атаулары, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман, түйе, жылқы, қой;*

Құқықтық: *әмеңгерлік, енші беру, барымта, сарықарын бәйбіше, ата жолы, қазақтың хан баласында хақы бар;*

Діни: *Құранды басып нанды алды, иманды биде туған жоқ, құмандағы жылы су: оразаға құрмет, жарапазан;*

Саяси: *Алаша ханның өсиеті, этнотерритория және құдалық, қыз бен қой және монокласс тіл, халық қаласа хан атын сояды, құрылтай-тұрымтай-сұрқылтай, тайқазан, көк етікті, тамырластық институты: қарға тамыр қазақ, Төрт шадиярдай әділ бол, қара қылды қақ жару;*

Экологиялық: *жерді кекірейіп басып жүрме, суға түкірме, көкті жұлма, көкпек;*

Мифтік: *үкі тағу, ит-құс, отқа май құю, көкпар т.б.*

Тілдің зият әлеуеті:

Мағына алуандығы (сөз байлығы);

Форма алуандығы (жаңа формалар);

Тілдің ішкі ресурсының жаңдануы, жанаруы;

Заманауи коммуникацияға икемделуі;

Креативтенуі;

Ұлттық маркерлі лексиканың жаңғыруы, құндануы;

Қазақтілді тұлғаның образының өзгеруі (ікемді, көптілді, ұлтжанды, зиялы);

Жаңа ұғымға өз ресурсымен атау беру басым;

Латынграфикалы жаңа әліпбиі жазба коммуникацияны оңтайландырған, жеңілдеткен, шеттілдік сөздерді ұлттық негізде жазу тетіктерін іске қосқан;

Ғылым, білім саласындағы контенті сапалы, мол, жан-жақты;

Ісқағаздарындағы қолданысы стандартталған;

Әлемдік және отандық кеңістіктегі әлеуметтік беделі мықты (soft power);

Тіл иелмендерінің ішінде дегдар (элита) және ортадан жоғары деңгейде тіл игерген топтары басым болуы.

Шешімдер мен ұсыныстар:

Қазақ тілін цифрландыру;



Тілде сақталған ұлттық білімдер жүйесін оқулыққа енгізу;

Нормативтік база: отандық ғылыми диссертация мен ғылыми есептің бір данасын мемтілде әзірлеу міндеттемесі;

Аударма ісін күшейту;

Ғылымды ұлттық тілде дамыту;

Филологиялық білім беру реформасы;

Оқулықтар сапасын арттыру, барлық саладан сапалы оқулық жазу;

Бүлдіршіндерге, жасөспірімдерге, жастарға, ересектерге арналған ғылыми-көпшілік контент: журнал, телеарна, әлеуметтік желі арналары, мерзімді басылым, кітап индустриясы.

Қорыта айтқанда, ана тілі – ғылыми зерттеудің объектісі, ғылыми категория, оның теориясы бар. Неогумбольдтшылардың пікірінше, ана тілі категориясы – өз халқының еңбегі мен тарихының ұзақ ғасырлық жемісі ретіндегі өз тілдік қауымдастығына тән дүниенің тілдік бейнесі, сондықтан ана тілі үйрену деген өз халқына тән дүниенің тілдік бейнесіне байлану, соны игеру арқылы ұлтының рухани дүниесіне қатыстырылу, сол арқылы өзі де толысу. Ешкім өз ана тілін түбегейлі меңгере алмайды, тіпті шығармалық деңгейі аса жоғары тілдік тұлға да оның тек бір пұшпағын ғана меңгереді. Тіл – тірі ағза, өзінде сақталған білімдер жүйесі, дүниенің тілдік бейнесі арқылы сананы, рухты қалыптастырады. Әркім өзінше ана тілін байытады, бірақ оның үлесі ана тілінің әрбір тілдік тұлғаға беретінімен салыстырғанда мардымсыз.

Ана тілі – әркімнің баға жетпес капиталы, пайдалана білсе, қауымдастықты және оның әрбір тұтынушысын зор мақсатқа жеткізетін құрал.

ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҒЫЛЫМ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

*Әшім Нартай Қасымжанұлы**

Ғылым мәселесін айтқан кезде екі түрлі манипуляция бар. Біріншіден, кейде санға жүгінеміз, санға қуанамыз. Қазақстан білім сапасы тұрғысынан әлемдегі ең үздік елу елдің қатарына кіріп отыр. Екінші жағынан қарағанда, жаратылыстану ғылым бойынша 423 ұпаймен алдыңғы жылғы көрсеткіштерге қарағанда бірнеше ұпай алға жылжыған болып отырмыз. Ал бірінші орындағы Сингапур 561 ұпай жинаған. Қазақстан Сингапурдан 138 ұпайға артта келе жатыр. PISA есептеуі бойынша 30 ұпай 1 жылдық көрсеткішті береді. Сонда 138 ұпайды 30-ға бөлетін болсақ, бұл шамамен 4,5 жылды қамтымақ. Әркім өз тілінде оқиды, өз тілінде білім алады дегенмен, екі елдегі осы құрдас балалардың арасында білім тұрғысынан төрт жарым жылдық айырмашылық бар екенін көріп отырмыз. Яғни Қазақстандық балалар Сингапурлық балалардан қарағанда төрт жарым жыл артта келе жатыр деген сөз. Ұғымдар мен түсініктер, ғылыми сауаттылық, ақпаратты түсіну, ақпаратты пайдалану, оның ғылыми әрі қарай зерттеу мүмкіндіктерінің бар екенін білу, ақпаратты трансформациялау, өңлеу, өзгерту, түсіндіру деген сияқты көптеген аспектілердің салдарынан құрдас балалардың арасында осындай айырмашылық туындап отыр.

Екінші параметр оқу сауаттылығынан. Оқу сауаттылығы бойынша да Қазақстан 386, Сингапур 543 ұпай жинап отыр. Сингапур бірінші орында, Қазақстан 61 орында келе жатыр. Арамызда 157 ұпай айырмашылық бар. Бұл шамамен 5,2, яғни бес жарым жылға жақын бір айырмашылығымыз бар екенін көрсетіп отыр. Екі елдің балаларына емтихан барысында сынақ мәтіндері өз ана тілдерінде берілген. Демек, қазақ балалары қазақша оқыған кезде қазақ мәтіндерін түсінбейді деген сөз. Яғни түсіну дәрежесі жағынан әлемдегі бірінші орынды алып отырған Сингапур елімен салыстырғанда Қазақстан бес жарым жылға артты келе жатыр. Сингапурдың немесе басқа елдердің оқу бағдарламаларын қарайтын болсақ, кез-келген танымдық, ғылыми оқулықтарды қарайтын болсақ, олардың тереңдетіп беретінін байқаймыз. Яғни олардың 5-сынып оқитын оқушылары, біздің 9-сынып оқитын оқушылардан қарағанда әлдеқайда сауаттырақ деуге болады. Бұл мәселе тұрғысынан 2020 жылы Астанада онлайн сабақтар түсірген болатынбыз. Мәселен, сол кезде қызыл жұлдыз деген кезде балалар қызыл жұлдыздың марс екенін білмей жатқанын көрдік. Бұдан ұлттық терминологияны, терминді айтанмен, терминдердің ұғымын толыққанды балаларға бере алмай

** Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры*

жатқанымызды көруге болады. Терминдердің артында тұрған ұғымдық синхронизацияны ұмытпауымыз керек. Бізде, өкінішке орай, көп жағдайда осындай қазақша балама сөздерді терминологияға алып келгенімізбен, ұғымдық жағынан оқушыға жеткізе алмай жатамыз. Мысалы, virtual reality деген терминді қазақ тіліне тура мағынасында виртуалды шындық деп аударып жүрміз. Бірақ ол негізінен виртуалды кеңістік болуы тиіс. Немесе толықтырылған кеңістік секілді өзінің нақты мағынасын ашатын терминмен аталғаны дұрыс.

Тағы да айтылып өткен бір мәселе, балаларға немесе үлкен кісілерге арналған әдебиеттің жоқ екендігі болып отыр. Ағылшын тілін оқыған кезде бір тілді үйреніп, меңгеру үшін оны әртүрлі контексте, әртүрлі жағдайда оқу арқылы үйрену керек деген ереже басты назарға алынады. Яғни тілді оқитын адам сол түлдің ішіндегі әртүрлі жағдайға, әртүрлі қолданысқа бойлай білуі керек. Енді біздің Қазақстандық жағдайға келейік. Егемен Қазақстан сынды, Айқын сынды үлкен газеттерді алатын болсақ, ішіндегі мәтіннің қандай бөлігі ғылыми, немесе ғылыми-танымдық ақпаратты түсіндіріп жатқаны белгісіз екенін көреміз. Мысалы Екібастұзда құбыр жарылды, Степногорскіде мұз қатып жатыр дегендей ақпараттарды таратқанда газет бұл жағдайдың себебін ашып жазатын болса, ғылыми стилдегі мәтінді жариялайды және бұл жағдай баланың, оқырманның санасында ғылыми мәтіндегі түсініктерді қалыптастырар еді. Сол сияқты балалар әдебиетіндегі мәтіндердің де ғылыми ақпараты басым болса, балалардың ғылыми санасы ерте жетіледі. «Кіруге болмайды» деген мағынада баяғыда аулаларда иттің белгісі қойылатын. Қазіргі балалар осы белгіні біле ме, түсіне ме екен? Осы білгінің өзі ғылымның бір элементі. 1968 жылдары Американдық ғалым, әлеуметтанушы Роберт Мертон «Матвей эффектi» деп аталған зерттеуі бар. Бұл зерттеудің негізі «Ғалымдар атақ-даңққа ие болған әріптестерінің жетістіктерін асырамақтап көрсетуге қашан да дайын, бірақ әлі атақ-даңққа ие болмаған әріптестерінің жетістіктерін төмендетуге немесе мүлдем мойындамауға бейім келеді» дегенге келіп тіреледі. Яғни бала он жасқа дейін оқуды, оқыған дүниесін түсінуді толық меңгеруі керек. Он жастан кейін баланың өмірінде өліара кезең басталмақ. Себебі бала он жасқа дейін оқу үшін үйренсе, он жастан кейін үйрену үшін оқи бастайды. Minecraft деген ойын бар, бәріңіз білетін шығарсыздар. Балалардың көбі сол ойынды ойнағанды жақсы көреді. Танымдық жағынан ойын балаға көп нәрсені, көп ұғымды үйретеді. Сол себепті қазіргі кезде осы ойынды қазақшаландыру мәселесін қарастырып жатырмыз. Қазақ тілі қоғамның қызығушылығын қанағаттандыра білуі керек. Ғылыми айналымға, ғылыми контентке барынша көңіл бөлу үшін аударма саласын да басты назарда ұстауымыз керек. 2011 жылы біз бірінші рет википедия мәселесімен айналысқан кезде қазақша ақпарат 2 пайызды ғана

қамтитын. Ал қазір 38 пайызға жетіп отыр. Бұл оқырмандардың яндекстен немесе википедиядан ақпаратты іздеуіне байланысты дамып отыр. Яғни қазақшаға сұраныс бар деген сөз. Оқырман ақпаратты қазақша іздейді деген сөз. Сондықтан біз оқырманның қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қазақша контенттерге барынша көңіл бөлуіміз керек.

ҒЫЛЫМ ТІЛІНІҢ НЕГІЗІ – ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖҮЙЕЛІЛІГІ ЖӘНЕ АТАУЫШТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

*Жалмаханов Шапағат Шарапатұлы**

Ғылым тілінің тууы, қалыптасуы және дамуы пән атауларымен, терминдерден құралған терминологиямен тікелей байланысты. Терминдер жеке сөздерден, лексикалық сөз тіркестерінен жасалады да белгілі бір құбылыстарға атау болады, олардың жалпы халықтық лексикамен салыстырғанда өзіндік мағыналары болады. Сондықтан да терминдер жүйесін номинациялық және семасиологиялық аспектілерде қарастыру қажеттілігі туындайды.

Номинациялық аспектіде алғанда, термин – лексикалық бірлік, яғни белгілі бір заттар мен құбылыстарға атау болады. Атауларды тіл білімінің номинация саласы зерттейтіні белгілі. Атаудың 2 типі бар, олар бастапқы және кейінгі. Ал терминдер тілде бар сөздерден алынады, сондықтан да кейінгі атау болып қолданылады.

Кейінгі атау болып қолдану үшін бастапқы атаумен нақты белгілер (семалар) арқылы байланысады. Семалар жалпы (архисема), байланыстырушы (интегралсема), саралаушы (дифференсема) болып бөлінеді. Жалпы халықтық лексикаға кейінгі атау ретіндегі терминдерге қатысты алғанда бізге қажеті – байланыстырушы (интегралсема) белгілер. Байланыстырушы белгілердің (интегралсемалардың) дәйектілігі (уәжділігі) зерттеуші Т.Л.Кандалакидің пікірі бойынша: белгілік дәйектеме, мазмұндық дәйектеме, ұқсастық дәйектеме болып бөлінеді [1]. Ондағы айтайын дегеніміз, егер жалпы халықтық тіл лексикасынан алынған термин олармен осы 3 дәйектеме арқылы байланыспаса, термин тұрақтамайды. Мысалы, **қолтық** деген географиялық термин *ұқсастық дәйектеме*, **бөлтiрiк** деген улы шөп *мазмұндық дәйектеме*, жалпы халықтық тілдегі киімнің қайырылған бөлігі – **әдiп** деген *техникалық әдiп (припуск) ұқсастық дәйектеме* негізінде жасалып тұр.

Терминге, әдетте, дәлдік, қысқалық, жүйелілік, бір мағыналылық деген

* Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, szhalmakhanov@bk.ru

талаптар қойылады. Тәжірибеде терминдерге шарттылық, жасандылық және бейнелілік деген белгілер тән екенін көріп жүрміз. Сондықтан шарттылық, жасандылық және бейнелілік белгілерін мамандар мақұлдап, терминком бекіткендіктен, әркім өз бетінше аударып, өзгертіп пайдаланбай, оларды ресми бекітілген қалпында мойындап, қолдануы керек. Сонда ғана ережеге, тәртіпке, ретке бағынады. Мәселен, жалпы халықтық тілдегі *салыстырмалы, салғастырмалы* деген сөздер синонимдер болғанмен, лингвистикалық термин ретінде *салыстырмалы әдіс, салғастырмалы әдіс немесе салыстырмалы тіл білімі, салғастырмалы тіл білімі, яғни туыс тілдер салыстырылады, туыс емес тілдер салғастырылады* деген қағида, ереже бар. Заң ғылымындағы *куә, куәгер* – орысшаға *свидетель, понятой* болып аударылғанмен, әдеби тілімізде синоним сөздер. *Жауапкершілік, жауаптылық* деген терминдер де осы сипатты. Демек бұл салалық терминдерде шарттылық, жасандылық бар деген сөз. Бейнелілік белгісі де терминдерге тән болуы мүмкін. Мысалы, *сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, жезөкшелік* деген заң терминдері.

Тағы бір ескеретін мәселе: пән атауларындағы, терминологиядағы *атау, ұғым, термин* деген категорияларды бір-бірімен шатастырмау қажет. Мәселен, жалпы халықтық тілде қолданылатын *тіл, таңдай, пышақ, мылтық, буын, шылау* деген сөздер медицинада, анатомияда, заң ғылымында, лингвистикада, әдебиеттануда атаулар ретінде түсініледі. Ал термин болу үшін белгілі бір ғылымның саласына ғана тән құбылыстарды атау керек...

Терминдер жүйесі **тектік және түрлік** болып бөлінетіні белгілі. *Тектік термин дегеніміз* – бір сөздің қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарына ортақ термин болуы. Мәселен, **ебелек** деген шөп атауы *физика ғылымында* «жылтыр заттың жарыққа шағылысуынан пайда болатын сәуле», *техника ғылымында* «комбайнның астық сабағын жығу үшін, жапыру үшін арнайы жасалған ағаш қалақтар». *Түрлік термин дегеніміз* – бір сөздің не қоғамдық, не жаратылыстану ғылымдарының салаларына ортақ термин ретінде қолдануы. Мысалы, **ат** сөзінің *шахмат фигурасы, гимнастика снаряды* мағыналарында спорттық термин болуы.

Семасиологиялық аспектіде алғанда, терминдердің жүйе, жүйелі және жүйелілік сипаттарын қазақ тілінің лексикалық жүйесі теориясы негізінде талдау қажет. Себебі тілдің лексикалық жүйесі 1) лексикалық-тақырыптық топ, 2) лексикалық-грамматикалық топ, 3) лексикалық-семантикалық топтардан, ал тіл жүйе ретінде тілдік форма мен тілдік мазмұнның жүйелерінен құралады. Бүкіл ғылымдардың терминдерін мегажүйе десек, лингвистикалық термин атаулыны макрожүйе, лингвистика салаларының (фонетика, лексикология, морфология, синтаксис) терминдері микрожүйе десек, әрбір

мегажүйе, макрожүйе мен микрожүйе *гипероним, гипоним, эквонимдерден, яғни тектік, түрлік, бірліктерден* тұрады.

Тілдің лексикалық жүйесі *лексикалық-тақырыптық топ, лексикалық-грамматикалық топ, лексикалық-семантикалық топтардан* құралады. *Лексикалық-тақырыптық топ* дегеніміз – сөздердің атайтын нысандарының жалпылығына қарай топтасуы. *Лексикалық-грамматикалық топ* дегеніміз – сөздердің сөз таптарының ерекшелігіне қарай топтасуы. *Лексикалық-семантикалық топ дегеніміз* – сөздердің мағыналарының ортақтығына қарай топтасуы.

Тіл жүйе ретінде **тілдік форма мен тілдік мазмұнның** жүйелерінен құралады. *Тілдің формалық жүйесі* дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлем деген тілдің құрылымдық бірліктерінен, *тілдің мазмұндық жүйесі* дыбыс семантикасы, сөз семантикасы, сөз тіркесі семантикасы, сөйлем семантикасы деген тілдің мазмұндық бірліктерінен тұрады.

Тілдің мазмұндық бірліктері арасындағы мазмұндық, яғни лексикалық-семантикалық байланыс **вертикалды және горизонталды бағытта болады.**

Сөз мағынасының вертикалды байланысына гипероним, гипоним, эквоним деген, *сөз мағынасының горизонталды байланысына* синоним, антоним, полисемия, конверсия, омоним, пароним деген мағыналық бірліктер жатады.

Қазақ лексикасы семантикасының *горизонталды байланысына* синоним, антоним, полисемия, конверсия секілді лексикалық-семантикалық құбылыстардың горизонталды байланыс болуының негізгі дәйегі – синонимдердің қатар, антонимдердің жұп, немесе мағыналары бір-біріне қарама-қарсы жұп қатарлар, полисемия, конверсиялардың тізбек, тармақтардан тұратындығы. Ал деректі болсын, дерексіз болсын құбылыстардың тізіле, қатарласа, жұптаса, тармақтала орналасуы танымдық дүниенің көлбей орналасқандығын білдіреді. Сондықтан да бұл лексикалық-семантикалық құбылыстарды горизонталды байланыс деп атайды.


Қазақ лексикасы семантикасының *вертикалды байланысына* сөз мағыналарының өзара жекелік-жалпылық, бөлшектік-бүтіндік қатынаста болуы, яғни тектік, түрлік, бірлік деген деңгей немесе жүйе құрауы жатады.

Жүйенің өзі үлкен (макро) және кіші (микро) жүйелерден тұрады. Мәселен, Жер планетасы – табиғат, адам, қоғам деген 3 объективті шындықтың жиынтығы. Табиғат жан-жануарлар мен өсімдіктер дүниесінен, жан-жануарларға адамзат пен хайуанаттар әлемі кіреді. Хайуанаттарға үй жануарлары, жабайы жануарлар жатады. Үй жануарлары, яғни мал 4 түлікке бөлінеді: түйе, жылқы, сиыр, қой-ешкі. Бұдан шығатын түйін сиыр, қой-ешкі дегенге қарағанда үй жануарлары деген, үй жануарлары дегенге қарағанда жан-жа-

нуарлары деген, жан-жануарлар дегенге қарағанда табиғат жалпы, үлкен жүйені (макросистеманы) құрайды. Керісінше, табиғатқа қарағанда жан-жануар, жан-жануарға қарағанда үй жануарлары, жан-жануарға қарағанда үй жануарлар, үй жануарларына қарағанда сиыр, қой-ешкі жеке, кіші жүйеге (микросистемаға) жіктеледі. Жалпы лексика (табиғаттың) – тектік (жан-жануарлар, өсімдіктер), түрлік (жабайы және үй жануарлары), бірлік (түйе, жылқы, сиыр, қой-ешкі) лексикалар деген семантикалық компоненттердің жиынтығы. Жалпы лексиканың тектік, түрлік, бірлік деген семантикалық компоненттерінің өзара қарым-қатынасы лингвистика ілімінде гипероним, гипоним, эквоним деген терминдермен аталады. Оны ата-ана, әке, шеше деген лексемалар арқылы таратып айтсақ, әке мен шеше сөздерінің өзара қарым-қатынасы эквоним, әке сөзі ата-ана сөзіне гипоним, ал ата-ана сөзі әке және шеше сөздеріне гипероним болады. Мысалы, жігіттің 3 жұрты болады дейміз. Ол 3 жұрт: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Өз жұрты әке-шеше, аға-апа, іні қарындастардан, нағашы жұрты нағашы ата-әже, нағашы апа-аға, нағашы іні-қарындастардан, қайын жұрт қайын ата-ене, қайын апа-аға, балдыз, қайын іні, құдашалардан құралады. Міне, осы жүйедегі өз інісі, нағашы апасы, балдызы бір-бірімен эквоним, нағашы жұрт, қайын жұрт жігіт жұрты сөзіне гипоним, жігіт жұрты өз жұрты, құдаша сөздеріне гипероним. Тұжырымдай келгенде, гипероним дегеніміз – түрлік және бірлік деңгейлерге қарағанда анағұрлым жалпы, тектік деңгей болса, гипоним дегеніміз – бірлік деңгейге қарағанда жалпы, тектік деңгейге қарағанда жеке түрлік деңгей. Эквоним – тектік, түрлік деңгейлерге қарағанда анағұрлым жеке бірлік деңгей. Мысалы, ер-тұрман жабдықтары, ол ер тоқым, жүген, ноқта, тартпа, өмілдірік, құйысқаннан тұрады, ердің өзі ойма ер, құранды ер, ашамай ер, қазықбас ер деген түрлері бар. Ер-тұрман гипероним (тектік деңгей) болса, оның түрлері гипоним (түрлік деңгей), ердің түрлері – эквонимдер (бірлік деңгей).

Гипероним, гипоним, эквоним секілді лексикалық-семантикалық құбылыстардың вертикалды байланыста болуының негізгі дәйегі – олардың жоғарыдан төмен немесе төменнен жоғары бағытта, сатылап, деңгейлеп, яғни иерархиялық байланыста болуы. Ал деректі-дерексіз құбылыстардың сатылап, деңгейлеп орналасуы танымдық дүниенің тігінен орналасқандығын білдіреді. Сондықтан да бұл лексикалық-семантикалық құбылыстарды вертикалды байланыс деп атайды [2:45-67]. .

Лингвистика ғылымының ұғымдары мен терминдері макро-, микрожүйе болғандықтан, олар лексикалық-семантикалық құбылыс болғандықтан, олардың байланысының бір белгісі вертикалды байланыс ретінде талдап эксперимент және гипотеза жасап көрелік.



Осы ойды лингвистика терминдеріне байланыстыра баяндасақ, лингвистикалық термин атаулыны макрожүйе, лингвистика салаларының (фонетика, лексикология, морфология, синтаксис) терминдері микрожүйе десек, әрбір мегажүйе, макрожүйе мен микрожүйе гипероним, гипоним, эквонимдерден, яғни тектік, түрлік, бірліктерден тұрады. Мәселен, фонетика саласы артикуляция, фонология, акустика тармақтарынан, артикуляция өкпе, фонологиялық ауа, кеңірдек, дыбыс желбезегі, тамақ қуысы, мұрын қуысы, ауыз қуысы, жұмсақ таңдай, қатты таңдай, тіл, тіс, ерін деген сөйлеу мүшелері арқылы іске асады. Осы мысалдағы фонетика – гипероним (тектік ұғым), артикуляциялық мүшелер гипонимдер (түрлік ұғымдар), ал сөйлеу мүшелерінің атаулары – эквонимдер (бірлік ұғымдар).

Лингвистикалық терминдердің бірліктерін жан-жақты түсіну, тану үшін сан-сапа, себеп-салдар, жалпы-жеке, бүтін-бөлшек, бірлік-дербестік, мазмұн-форма, қажеттілік-кездейсоқтық, ішкі-сыртқы, тектік-түрлік, конструкция-реконструкция, индукция-дедукция, ұқсас-ерекше деген дихотомиялық сипаттарын талдау қажет...

Бұл айтылғандар тілдің түрлі деңгейінің бірліктері арасындағы байланыстарының 2 типінен (парадигматика, синтагматика) басқа жүйе ішілік байланыстардың типі – иерархиялық, яғни барлық 3 деңгейді бүтін бір тілдік жүйеге біріктіретін тип. Бұл тілдік элементтердің төменгіден жоғарғы деңгейге қарай орналасуымен байланысты. Мәселен, фонологиялық деңгей бірліктері фонотактика ережелерінің негізінде біріге отырып, шындық фактілерін атайды және ол орта деңгей бірлігі лексеманы құрайды. Лексема мағыналары басқа лексемамен тіркесіп, граммемалардың грамматикалық ережелермен тіркесуі арқылы синтагмаға айналады. Ал түрлі синтагмалар сөйлемнің синтаксистік құрылымының компоненттері ретінде сөйлеуге іске асырылады [3:17-25; 4].

Қорытынды:

1. Терминдер толық ғылым тілі болуы үшін оның жүйелілігін сақтау керек, жүйелілігін сақтау үшін оған тән сипаттарды, оның тектері мен түрлерін, атауыштық құндылығындағы уәждемелілікті дөп басып тану керек.

2. Салалық терминдерді сол саланы және қазақ тілін жетік білетін мамандар сараптамасынан өткізіп барып бекіткен абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кандалаки Т.Л. Семантика и мотивированность терминов. – Москва, 1977. – 111 с.
2. Жалмаханов Ш.Ш. Қазақ тілінің лексикологиясы және стилистикасы. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Отан, 2019. – 144 б.
3. Карлинский А.Е. Методология и парадигмы современной лингвистики. – Алматы, 2009. – 352 с. – С. 17-25.
4. Карлинский А.Е. Избранные труды по теории языка и лингвистике. – Алматы, 2007. – 308 с.

ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАРДЫ СТАНДАРТТАУ – ҒЫЛЫМ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БАСТАПҚЫ САТЫСЫ

*Қанағат Жүкеш**

Қадірлі тіл жанашырлары!

Ханымдар мен мырзалар!

Бүгінгі талқылауға қазақ тілінің терминдері мен ұғымдарын бірізділікке түсіру мәселесі ұсынылған екен. Бұл тұрғыда семинарды ұйымдастырушылардың өзектіні көре біліп, тақырыпты дәл тауып, дер кезінде көтеріп отырғанын атап өтуді қажет деп таптым.

Қазіргі таңдағы қазақ тілі проблематикасындағы кезек күттірмей атқарылуға тиісті жұмыс тілді индустриялы қоғамның қойнауларында болып жатқан үдерістер мен құбылыстарды репрезентациялай алатын деңгейге көтеру мәселесі болып табылады. Зиялы қауым, соның ішінде шенеуніктер, ресми ақпаратты баршаға түсінікті тілмен жеткізе алмай жүр.

Ел тәуелсіздігін алып, ұлттық мемлекеттің пайда болуы тілді де мәртебесіне сай қызметін толық атқара алатын, әмбебап қолданылатын деңгейге көтеру қажеттігін алға тартып отыр. Бүкілұлттық нарықтың құрылуынан, тауар-ақша қатынастарының қанат жаюынан туындап жатқан үдерістер іс жүргізілетін тілді де индустриялы қоғамда болып жатқан үдерістерді сипаттай алатындай деңгейге көтеру талабын қойып отыр.

Осы бағыттағы жұмыстарға кіріспес бұрын бізге мына екі сұрақтың басын ашып алу қажет. Бірінші сұрақ: біз жұмысты қай саланың терминдерін реттеуден бастаймыз? Екінші сұрақ: қазіргі таңда біз абсолюттік мөлшермен қанша терминді ретке келтіре аламыз. Мамандықтар – мыңдап, терминдер – миллиондап саналады.

Қазіргі қазақ тілінің басты кілтипаны – көпшілікті қазақша сөйлетуге

* философия ғылымдарының кандидаты, kzhukesh@mail.ru

тіреліп тұруына байланысты, бірінші кезекте, біз бар істі «тіл білуге қажетті» корпусы іріктеп алып, сол корпустығы терминдер мен ұғымдарды бірізділікке түсіруге кірісуіміз керек.

Басты нысана ресми ақпаратты жеткізу үшін тіл субъектісі нені білуі керек, оның сөздік қорының мөлшері қандай болуы керек дегенге меңзейді. Алдыңғы қатарлы лингвистикаларда бұл сұрақтың басы ашық, жауабы дайын. Оларда қабылданған қағидалар бойынша, мөлшер **12000** лексикалық бірлікті (1) құрайды. Осы көлемді меңгерген адам қызмет бабына қатысты үдерістерді репрезентациялай алады деп есептелінеді.

* * *

ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ТІЛ ЛЕКСИКАСЫ (92300 ЛБ)

**Әдеби нормаға түсір-ілуге
тиіс корпус 12000 лб**

Қоғам өмірінің ресми аяларындағы өзгерістерді бейнелейтін, әдеби нормаланған тіл корпусы минимумы деген осы. Бұл корпус ресми ақпаратта, ғылымда, технологияда, бизнесте, қаржы аясында, халықаралық қатынастарда, әскер ісінде,.. қолданылатын лексикалық бірліктердің жиілік ұстанымымен іріктеліп алынған лексикалық бірліктерден құралады. (Иә, жиілік сөздік бар. Бірақ онда аграрлы қоғамды сипаттайтын лексика басым. Бізге индустриялы өмір шындығын басымдықпен ашатын жиілік сөздік керек). Іс осы корпусқа еніп тұрған терминдер мен ұғымдарды ретке келтіруден басталуы керек.

Техника мен технологияда қолданылатын терминдерді *аударамыз ба, әлде, халықаралық кеңістікте қолданылып жүрген формасын қабылдай саламыз ба* деген мәселелердің өзі зиялы қауым арасында кең талқылаудан өткізіп, шешуді қажет етеді. Бұл – қазақ тілінің кезекті толғақты мәселелерінің бірі.

* * *

Тілдік үдерістер терминдерді формалық және мағыналық жағынан шатастырып қолданудың жиі ұшырасатынын көрсетіп отыр. Орнықты мағыналық жүктемесі бар термин өзге мағынада қолданылады немесе түрлі мағынада қолданылуға тиіс бірнеше термин бір мағынада немесе бір термин бірнеше мағынада немесе бір семантикалық өрістегі терминдер бірінің орнына екін-

шісі қолданылады. Құбылыс тіл үйренуге мүмкіндік бермейтін, үлкен кедергіге айналған.

Keң таралған ұғымдар мен термин сөздерді ғылыми дәйектілікке жатпайтын тәсілдермен аударудың тұрпатты мысалдары мынадай:

- терминдерді күрделі редупликациялық құрылымдармен аудару: «сознание» – «сана-сезім»; «достоинство» – «қадір-қасиет»; «адрес» – «мекен-жай»;

- терминдерді аудару үдерісінде мағыналық қателікке жол беру. Мысалы, «транспорт» – «көлік». Көлік – транспорт емес, тасымал құралы, мыс.: автомобиль, түйе, арба, ЛЭП;

- «Стабильность» – «тұрақтылық». Тұрақтылық – «постоянство», мыс.: Авогадро заңы; $\pi = 3,14$;

- қисынсыз ресемантизациялау арқылы жаңа сөз жасап аудару. Мысалы, «ресторан» – «мейрамхана»;

- екі немесе бірнеше терминді бір сөзбен аудару. Мысалы, «абитуриент» – «талапкер», «истец» – «талапкер»;

Келтірілген мысалдардан біз қазіргі қазақ терминдерінің уақыт талабына сай жетіле алмай отырғанын көреміз. Осылай, ресми ақпарат таратушылар – мемлекет қайраткерлері, ғалымдар, журналистер, түрлі оқу орындарында сабақ берушілер,.. бәрі тілбұзарлықтың үлгілерін көрсетіп отырады. Көпшілікке таралатын ресми ақпаратты жеткізушілер солай сөйлейді, қатардағы адамдар соларға ілеседі. Бұл құбылыс қазіргі қазақ тілі индустриялы қоғамның нормаланған тіліне қойылатын талаптардың бірі – тіл стандарттылығы талабын қанағаттандырудан аулақ қалып отырғанын көрсетеді.

* * *

Стандарттау үдерісінен өтпегендіктен, игеруге қиын тиіп жүрген лексиканың үлкен шоғырын қазақтілді филологияда «қос сөздер» деп аталатын күрделі редупликациялық құрылымдар (КРҚ) құрайды. Олардың формалық және мағыналық орнықтылығы жоқ, грамматикасы да бұлдыр, сонысымен тілді меңгеруге үлкен кедергі келтіріп жүр.

Ақыл-ой – сана-сезім, ой-өріс

Ақыл-ес – сана-сезім, ой

Ақыл-парасат – сана-сезім, ой-өріс, білімділік

Ақыл-сезім – ой-өріс, сана-сезім, түйсінім

Ақыл-зерде – түйсік-түсінік, сана-сезім, парасат;.. (2).

Мысалға келтірілген «қос сөздердің» бәрінің мағыналық түсіндіруінде **сана-сезім** қосары тұр. Сонда, *тоқаш-бауырсақ дегеніміз шелпек-қалаш, кеспе-қамыр дегеніміз де шелпек-қалаш, бөлке-бәліш деген-іміз де шелпек-қалаш,..* болып тұр. Тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да стандарт талаптарынан жырақ, әсіре сауатсыз әрі кесірлі форма.

Классикалық қазақ тілінде ақыл, ой, сана, сезім, өріс, ес, парасат,.. деген жеке сөздер бар. Олардың әр қайсысының жеке мағыналық жүктемелері бар. Мысалы:

ақыл – адамның алдына қойған мақсатына жету жолдарын табу, өз әрекетінің нәтижесін көре білу қабілеті;

ой – ақпараттың адам миында өңделу үдерісі, адамның дiттегенi;

сана – тек адамға тән, объективті нағыздықтың мида шағылу формасы;

сезім – адамның шынайы немесе абстракті объектілерге субъективті бағалық қатынастарын білдіретін эмоция үдерісі,..

Сөздікті құрастырушылар мұнда нақты мағыналық жүктемесі бар, толыққанды екі лексикалық бірлікті дефиспен қосақтап, формасы күрделі, мағынасы түсініксіз, агноним жасап берген. Философия, психология, әлеуметтану, мәдениеттану ғылымдарының бірінші кезекте әдеби нормаланған корпус минимумына еруге тиісті 10 мың термині мен ұғымы 5 мың «қос сөз» формасындағы агнонимге айналдырылып тасталған.

Дамыған елдердің әдеби тілдерінде мұндай семантикалық қойыртпақ ұшыраспайды. Қажетсіз және жасанды қосарланған агнонимдер аграрлы қоғамдардың, соның ішінде түркітөктес халықтардың әдеби нормаға түсірілмеген тілдерінде ұшырасады.

КРҚ құрамындағы жеке сөздердің мағынасы олардың арасындағы дефисті алып тастап, ажыратып қолданғанда ашылады. Мұны аударманың көмегімен түсіну қиын емес.

Мысалы: іс – дело; шара – мероприятие; келісім – соглашение; шарт – договор; ақыл – ум; парасат – порядочность; қаржы – финанс; қаражат – средство (денежное); күш – сила; жігер – решимость; атақ – звание; абырой – репутация; ауыл – населенный пункт (деревня); аймақ – провинция; мінез – характер; құлық – хотение; қадыр – достоинство; қасиет – свойство; мән – сущность; мағына – смысл;.. (авторлық эксперимент сапасындағы аудармалар-Қ.Ж.). Бұл сөздер әдеби нормаланған сөздікке осындай дара формада, өзіндік мағыналық жүктемесімен енуі керек еді. Қарапайым логикаға салғанда сөлекеттігі маман емес адамның көзіне ұрып тұрған, абсурдқа тұнып тұрған быламықты сөздікті құрастыруға қатысқан жүздеген ғалым жібере салған.

* * *

КРҚ-дың термин жасауға араласуы адым аттаған сайын ерепейсіздіктерге соқтыруда. Мысалы, «миграцияны» қос сөзбен – «көші-қон» деп бекітіп тастау әлеуметтанушы ғалымдарды абыржытып тастады. Олар «эмиграция», «иммиграция», «ремиграция» дегендерді қалай жазарын білмей аңтарылуда. Терминком «миграцияға» қосылатын терминоэлементтерді (э, им, рэ) қолдану ережесін, ұсынған жоқ. Егер «экөші-қон», «имкөші-қон», «рекөші-қон»

формаларын қолдануды бұрынғыша халықаралық термин күйінде қалдырсақ, онда жалғыз «миграцияны» аударудан не қайыр?

Қазақтың түйесіне жүгін артып алып, жазда жайлауына, қыста қыстауына қарай маңып бара жатқанын ғана сипаттай алатын «көші-қонның» ерепейсіздігі оны аңдарға, құстарға, балықтарға қатысты қолдануға тура келгенде тағы алдыңнан шығады.

“Министрлікте ауыс-түйіс болды” деп жазады журналистер. Онысы кадрлар ротациясы жүзеге асырылды дегенді білдіргендері. Қазақ түсінігінше «ауыс-түйіс» ағайынды немесе достық қатынастағы адамдардың арасындағы материалдық ауысуларды білдіреді. Бұл тіркестің индустриялы қоғам адамының лингвемасымен қабыспайтын кемшілігі – өзінің мағыналық жүктемесі бар, тек тұрмыстық стильде қолданылатын сөз, ресми ақпаратта ауыспалы мағынада тұр. Тұрмыстық қарадүрсін стильдегі сөзді ауыспалы мағынада термин ретінде қолдану әдеби норма талаптарына қайшы келеді.

Кезінде «Терминологиялық хабаршы» журналы *миропорядок – әлемсипат; мироустройство - әлемқалып* деген аудармаларды ұсынды. Мұндағы әр сөздің узустық мағынасы ескерілмегендіктен ұсынылған үлгілердің де мағынасы күңгірттеніп, тыңдаушыны шатастыратын, жасанды құрылымдар пайда болған. *Мир* сөзін *әлем* деп аударуға болмайды. *Мир – дүние жүзі; әлем – вселенная; сипат – характеристика; устройство – құрылғы; қалып – норма*. Бұлар қазақтың құлағына осылай сіңісті болып, орныққан. Бұларды басқа мағынада қолданып, түрлендіру тілді стандарттау ұстанымдарымен сиыспайды. *Порядоктың* түбірі – *ряд*, қазақша *қатар* немесе *рет*. Бұдан *миропорядок – дүниенің түзілу реттілігі*, қысқартып айтқанда *дүниетүзілім* болып шығады. Мағынасы дүниенің белгілі бір ретпен түзілуі. *Қалыптың* бұл жерге қатысы жоқ. *Устройство – құрылғы* болғанда, *мироустройство – дүниеқұрылғы*, фонетикалық ыңғайлылығы жағынан *дүниеқұрылым* деп алуға болады.

Денотат	Сигнификат орысша	Сигнификат орысша
Жер шары, оны мекендеген адамзат, жанды табиғат	мир	дүниежүзі
Жердегі адамзат қоғамының, жанды және жансыз табиғаттың түзілу реттілігі	миропорядок	дүниетүзілім
Адамзаттың, тірі және өлі табиғаттың, түрлі елдердің, құрлықтардың орналасуы	мироустройство	дүниенің жайғасуы
Құбылыстың, үдерістің үнемі қайталанатын стандартты күйі	норма	қалып

Нәрсені, үдерісті, құбылысты айшықты белгілері арқылы көз алдыға келтіру	характеристика	сипаттама
--	----------------	-----------

Тілді индустриализм талаптарына лайықтап, әмбебап қолдануға дайындау тіл стандартынан басталады. Қазір бұл мәселелермен айналыспау мүмкін болмайтын ахуалмен бетпебет ұшырасып отырмыз.

Трендті жүзеге асырудың жаңа стратегиясын айқындап алу لازم. Сөздіктерде тіл орнықтылығын сақтау қатаң жүзеге асырылуы керек.

Ол қазақ тілін индустриялы қоғам жағдайында дамыту үдерісінде ерекше маңызға ие.

Тілді стандарттау индустриялы қоғам тілін дамыту аясындағы жүзеге асырылуға тиісті бағыттардың ішіндегі ең ұстанымдысына және маңыздысына жатады. Өнеркәсіптің өркендеген, ғылым мен техниканың өндіргіш күшке айналған, нарықтық қатынастар үстемдік құрған, ел ішінде ғана емес, шет елдермен де экономикалық байланыстар мейілінше қарқын алған шақта терминдер, ұғымдар, атаулар қатаң, стандартты мағынада қолданылуы керек.

Стандарттау тілдік бірліктердің формалық және мазмұндық орнықтылығының қатаң талап етілуінен көрініс табады. Қазіргі қазақ тілінің әмбебап дағдарысына себеп болып отырған ұстанымды мәселелердің бірі осыдан – аграрлы қоғам тілінің «бейнелілігі» мен индустриялы қоғам тілінің стандарттылығы арасындағы қарама-қарсылықтан көрініс беріп отыр.

* * *

Әдеби нормаға келтіру үшін іріктеліп алынған корпусты стандарттау екі аспекте, тілдік бірліктердің:

а) **формалық**,

ә) **мазмұндық** орнықтылығын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Орыс лингвистикасында тіл стандарты ұғымы тіл орнықтылығы (стабильность языка) деп қолданылады. Ал, форма мен мазмұн категорияларын, тиісінше, *план выражения*, *план содержания* деп қарастырады.

Орыс лингвистерінің түсінігінде «тілдік құралдарды стандарттау – олардың айтылу, құрылу, морфологиялық өзгеру т.б. үдерісіндегі түрлі нұсқаларын бір арнаға тоғыстыру; солардың арасынан тілді нормаландырудың негізі болатын, міндетті қолдануға ұсынылатын үлгісін таңдап алу» дегенді білдіреді (4). «Тілді стандарттау – әдеби тілді дамытудың квинтэссенциясы. Өйткені, «әдеби тіл дегеніміз – нормаланған тіл» [сонда]. Ал тілді нормалау атауларды, терминдерді, ұғымдарды, фразеологиялық бірліктерді стандарттаудан басталады.

Стандарттау – индустриялы қоғамның әдеби тілінің имманентті ерекшелігі. Ол тілдік бірліктердің формалық және мазмұндық орнықтылығының

қатаң талап етілуінен көрініс табады. Егер тілдегі терминдер, ұғымдар, ФБ-лер формалық және мағыналық жағынан стандартты қолданылса, онда ол тілде берілген ақпарат пен қабылданған ақпараттың арасында мағыналық айырмаға орын қалмайды, айтушының датын тыңдаушы адекватты түсінетін болады.

Орыс лингвистикасында индустриялы қоғамның әдеби тіліне қойылатын басты талап – тілдің стандартталуы мәселесі терең және жанжақты зерттелген. Дүние жүзіндегі ірі әдеби тілдерге қойылатын талаптарға сәйкестендіре отырып, орыс тілі үшін қорытып шығарған, Ф. П. Филиннің айқындамасы қазақ тілінің қазіргі жағдайында қолдануға дөп келеді. Академиктің критерийлері индустриялы қоғамның әдеби тіл туралы шетел және орыс лингвистерінің тұжырымдарының іріктелген және шоғырланған көрінісі іспетті. Ол әдеби тілдің төмендегідей 7 критериймен сараланатын сипаттамасын берген:

- 1 өңделген;
- 2 нормаланған;
- 3 орнықты;
- 4 қоғам мүшелерінің бәріне міндетті;
- 5 стильдерге ажыратылған;
- 6 әмбебап;
- 7 ауызша және жазбаша түрлері бар (5).

* * *

Қолданыстағы ұғымдар мен терминдердің маңыз аларлық бөлігі ресемантизациялауды талап етеді.

Тіл қолдану практикасына енгізілетін терминдер мен атауларды қамтамасыз етудің негізгі ұстанымдары мыналар:

1 Халықаралық терминдерді:

а) жаппай аударуға болмайды;

ә) қазақ тілінде даусыз, сол терминнің мағынасын дәл беретін және басқа терминнің аудармасы ретінде қолданылмаған сөз болып тұрғанда ғана аударуға болады;

2. Қазақ тілінде термин жасау және аудару ұстанымдары:

- термин жасау немесе аудару барысында ресми стиль қатаң сақталады, терминді денотатпен, синонимдер тізбегімен, тұрмыстық қарадүрсін сөздермен аударуға болмайды;

- термин редупликациялық құрылымдармен жасалмайды («ауыс-түйіс» – ротация, «дәрі-дәрмек» – лекарство), аударылмайды (қосарланған сөздермен жасалуы және аударылуы мүмкін. Мысалы: социал-демократия,..);

- терминдер бір формада жазылады, бір мағынада түсініледі;

- бір лексикалық бірлікке бір мағыналық жүктеме ұстанымы күшінде болады;

- бір сөзді екі немесе бірнеше терминнің мағынасы ретінде қолдануға жол берілмейді: талапкер – абитуриент, талапкер – истец;..

- термин жасауда немесе аударуда түбір сөздің узустық мағынасы туынды сөздерде алдымен ескеріледі;..

* * *

Термин жасаудың және эквивалентсіз қуысты толтырудың лексикалық ресурстары:

жасау немесе аудару қажет болғанда термин немесе эквивалентсіз қуысты толтыратын сөз:

- алдымен қазақтың жалпыхалықтық тілінің лексикалық қорынан («Бабалар сөзінен», кейбір ақындар мен жазушылардың шығармаларынан); одан ыңғайлы сөз табылмаса:

- көне қазақ (қыпшақ, шағатай) тілдерінен; олардан ыңғайлы сөз табылмаса, ретімен:

- туысқан халықтар - татар, ноғай, башқұрт, өзбек, әзербайжан, түрік және түркітөктес өзге халықтардың тілдерінен; олардан ыңғайлы сөз табылмаса:

- араб, парсы тілдерінен алынуы мүмкін.

Компьютерді пайдаланып аудару жұмысын жасауда жеңілдік пен ыңғайлылық болуы қатаң ескеріледі.

* * *

Қазіргі қазақ тілінің тығырыққа тірелу себебін шенеуніктердің меңгермегенінен іздеу түпкілікті нәтижеге жеткізе алмады. Мәселе тілдің өзін индустриялы қоғамның талаптарына сай, дүниежүзілік тенденцияларды ескере отырып дамыту жолдарының дұрыс тандалынып алынбағанында болып отыр. Тілдегі түйткілдердің бәрін қазақ филологиясында әдеби тіл категориясының ғылыми дәйекті айқындамасы болмауының, оған қойылатын талаптар – *тілді өңдеу (обработка языка), нормаға түсіру, стандарттау* ұғымдары туралы түсініктің жоқтығының салдары ретінде түсіндіру аздық етеді. Қазақ тілін индустриялы қоғамның талаптарына сай, әмбебап қолданылатын тіл ретінде дамытудың ғылыми, дәйекті парадигмасы таңдалып алынған жоқ.

Қазіргі таңдағы қазақ тілін дамытудың бірден бір ғылыми, перспективалы жолын көрсетіп берген Қ.-Ж. Тоқаевтің нұсқауы орындалмай отыр. Президент тіл мәселесіне «ғылыми тұрғыдан келу,.. қазақ тіліне реформа жасау,.. тілімізді модернизациялау керектігін» ескерте келіп, бұл бағытты жүзеге асыру үшін «еуропа елдерінің тәжірибелеріне сүйену керектігін» (6) айтқан болатын. Алайда, содан бері бұл бағытта ешқандай жылжу болған жоқ.

Енді осы олқылықтың орнын толтыратын кез келді. Біз дүниежүзінің алдыңғы қатарлы лингвистикалары жүргізген зерттеулердің қорытындыларын

бетке ұстай отырып, ана тілімізді индустриялы қоғамда әмбебап қолданылатын тілі сапасында дамытуды жаңа импульспен жүзеге асыруымыз керек.

Назарларыңызға рахмет!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Стариченок В.Д. *Большой лингвистический словарь*. – Ростов н/Д.: Феникс, 2008. 90-б.
2. *Қазақ әдеби тілінің сөздігі*. 15 томдық. А.: 2006-2011 ж.ж.
3. *Терминологиялық хабаршы // Желтоқсан*, 2009. № 4.
4. Ахманова О.С. *Словарь лингвистических терминов*. - М.: СЭ, 1969.
5. Филин Ф.П. *Истоки и судьбы русского литературного языка*. – М., Наука, 1981.: 175-176.
6. Тоқаев Қ.-Ж. *Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде сөйлеген сөзінен* (27. 05. 2020 ж.)

ҒЫЛЫМИ МӘТІНДІ АВТОМАТТАНДЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Әбдікәрім Нұрзия**

Қазіргі әлемдік ғылым-білім кеңістігінде ІТ технология, жасанды интеллект арқылы ғылым тілін зерттеп, зерделеу, оны автоматты түрде өңдеу, игеру мәселесі өткір қойылып отыр. Заман көшінен қалмас үшін ғылыми мәтіндерді автоматтандыру үшін не істеу керек деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Арнайы компьютер бағдарламалары арқылы төмендегі лингвистикалық міндеттер шешімін табады: 1) іздеу үдерісін автоматтандыруға арналған сөздіктер мен тезаурустардың электрондық нұсқасы; 2) мәтіндерді түрлендіру немесе генерациялауға, аннотациялау мен рефераттауға арналған бағдарламалар; 3) мәтінді өңдеу мен лингвистикалық талдауды (мәтіндегі орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық қателерді тексеру, тасымалдау, қарапайым статистикалық талдау жасау, сөздерді лемматизациялау, синтаксистік және морфологиялық талдау) жүзеге асыратын бағдарлама; 4) мәтіннің мазмұнын түсінуге және оған нақты жауап беруге, яғни жасанды интеллектіні дамытуға бағытталған табиғи тілді өңдеу жүйесі [1, 40-41].

Қазіргі кезде дүние жүзіндегі ІТ кеңістікте мәтінді автоматты игеруге бағытталған (жазу, қысқарту, сапасын тексеру, жақсарту, орфографиясын, тыныс белгісін, стилистикасы мен синтаксисін тексеру, мәтіннің оқылу сапасын

* Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.

көтеру, мәтіннен қажетті ақпаратты бөліп алу және т.б.) 40-тан астам инструмент, сервистер қолданылып жүр. Қазақ тілі үшін де осындай құралдар мен сервистерді әзірлеу күн тәртібіне қойылып отыр.

Ғылыми мәтінді автоматтандыруға қажетті зияткерлік операцияларды орындау үшін ғылыми мәтіннің ерекшеліктерін ескеруіміз қажет. Ғылыми мәтін дегеніміз жалпы әдеби тілде жазылған, грамматикалық, лексикалық, құрылымдық-семантикалық және логикалық-композициялық ерекшеліктері бар мәтін түрі екені белгілі. Осыған орай ғылыми мәтіннің өзіндік ерекшеліктері анықталады. Олар:

1. ғылыми мәтін қисынды және рет-ретімен болуы
2. ғылыми мәтінді баяндау мәнерінің өзгешелігі;
3. ғылыми мәтінде арнайы кәсіби терминдермен қатар жалпы қабылданған арнайы лексемалардың қолданылуы;
4. ғылыми мәтінде мысалдар, дәйекті дәлелдердің келтірілуі;
5. ғылыми мәтіннің күрделілігі деңгейінің ерекшелігі;
6. тұрпайы сөздер, эксперссивті-эмоционалдық сөздердің қолданылмауы;
7. сілтеме жасау және авторлық құқықты сақталуы;
8. нормативтік талаптарың қойылуы;
9. ғылыми мәтін мазмұнының толықтығы;
10. мәтін құрылымының әртүрлілігі және т.б.

Ғылыми мәтіннің жазылуы оны оқып, түйсіну үшін қалай жазуға болады деген сұраққа жауап іздеуден басталады. Ол үшін мәтінде бірінші кезекте: 1. назар аударарлық тақырыпшаның; 2. абзацтарға бөлінген негізі бөлімнің; 3. жүргізілген талдау немесе зерттеулер бойынша жасалған қорытындының болуы қажет.

Ғылыми мәтінді осындай тұжырымдалған, стандартталған әрі біршама құрылымдалған мәтін болғандықтан, оны автоматты түрде игерудің де өзіндік тәртібі бар. Қазіргі ІТ кеңістікте мәтінді автоматты өңдеуге арналған 40-тан астам сервис қолданылады. Оларды негізінен екі үлкен топқа жәіктеуге болады. 1) Мәтіннің стилистикасы мен синтаксисін тексеру: тавтология, паронимдерді іздеу; оқылым түсініктілігі; сөз жиілігінің сандық, сапалық көрсеткішін; мәтіннің түпнұсқалығын тексеру; семантикалық талдау және т.б. Атап айтқанда, «Свежий взгляд»; «Тургенев»; «Техно-отжим»; PR-CY (мәтін талдау/Ципф заңы бойынша талдау; Advego; ISTIO және т.б. 2) Мәтіннің орфографиясы, грамматикасы және пунктуациясын тексеру: (логикалық) қателерді тексеру, көрсету, түсініктеме беру; сөз бен тыныс белгілерінің дұрыс баламасын көрсету; танылмастай бұрмаланып жазылған сөздерді мәнмәтін көмегімен түзету және т.б., осыларды жүзеге асыру үшін әзірленген сервистердің кейбірін атап өтсек, Language Tool; Text.ru; PerevodSpell.ru; Yandex Speller; Rus TXT және т.б. Қазақ тіліне арналған мұндай сервистердің жасақталуы күн

тәртібінде тұрған мәселенің бірі екені белгілі. Ол үшін бірқатар сұрақтардың шешімі табылуы қажет:

1. *ғылыми дискурс* (дискурстық маркерлерді: қыстырма сөздер, канондық сипаттағы сөйлемдер, көсемше оралымдар, бағалауыш сөздер, дескрипторлар және т.б.) және *жалпы ғылыми лексикондарды* (жалпы ғылыми айнымалыларды – ғылыми-танымдық әрекеттер аппаратын атайтын дерексіз зат есімдерді, семантикалық және грамматикалық алуан түрлі сипаттағы ғылыми аяда қолданылатын сөздер мен сөйлемшелер және т.б.-ды) есепке алу;

2. жалпы ғылыми лексикондарды түгендеп, формалдау;

3. ғылыми мәтіннің компьютерлік сөздігін құру;

4. ғылыми мәтіндердің лексика-синтаксистік шаблонын әзірлеу [2].

Ол үшін әр түрлі саланың түрлі жанрдағы ғылыми мәтіндердің жалпы ғылыми фразеологиясы мен дискурсивтік құрылымын рет-ретімен зерттеп, зерделеп, шартты белгілерін нақтылап, төл тіліміз бойынша жасалып жатқан корпустарда қолданылған шартты белгілер жүйесімен сәйкестендіріп алуымыз қажет. Алайда қазақ тілі бойынша біріздендірілген, келісілген шартты белгілер жүйесі жоқ. Бұл шартты белгілердің ұсақ-түйек мәселе сияқты көрінгенімен, тіл деректерін машина түсінуі үшін әрі қазіргі кездегі ғылыми зерттеулер үшін өзіндік маңызы бар.

Негізінен корпустарда пайдаланылып жүрген шартты белгілер кез келген тіл мамандырының қолданып, тілдік фактілерді «оқи алуына» жағдай жасайтындықтан, латын әліпбиі негізінде қысқатылған шартты белгілер – тегтер қолданылады; олар метатілдің негізін құрайды. Ал тегтердің өзі морфологиялық глостауды жүзеге асыратын Лейпциг ережесіне негізделеді. «Глосс» деген түсінік алғашқыда мәтіндердегі ескірген, түсініксіз сөздерге (талданып отырған сөздің үстінде немесе астында орналасқан интерлинеарлық глосс және шетіндегі маргинальдық глосс) түсініктеме беру практикасынан пайда болған. Қазіргі жағдайда глосс дегеніміз көбінесе типологиялық зерттеулерде бірнеше тілді салыстыра немесе салғастыра зерттеу барысында келтірілген тілдік мысалдардың құрамындағы сөздер мен морфемдердің тиісті грамматикалық мәліметін қоса беретін «аудармалар» деуге болады; ол мәліметтер талданып отырған морфеманың/ сөздің грамматикалық (категориялық) белгілерін көрсететін арнайы қабылданған символдар мен қысқартулардың көмегімен «шифрланады» [3, 219]. Халықаралық Лейпциг ережесіне негізделген лексика-морфологиялық белгіленім жүйесі қазіргі ғылыми мақалаларда кеңінен қолданылады. Ғалымдарға шетелдік беделді журналдарға мақала жариялау үшін лингвистер, тіл мамандары қазақ тілі деректерін глостау арқылы «өрнектеп» беруі тиіс. Бұл қазақ тілін білмесе де, кез келген тілдің зерттеушісі біздің тіліміздің табиғатын түсінуге мүмкіндік жасайды. Алайда жоғары оқу орындарында мәтінді автоматтандыру мен тегтеу түгілі, ғылыми зерттеу, ғылыми

мәтін, терминология жөнінде құзыреттілік қалыптастыратын пән санаулы ғана университеттерде оқылады. Мына мәліметке назар аударайық: «Жоғары білім берудің бірыңғай платформасында» тіркелген білім беру бағдарламаларының (БББ) ішінде филология бағыты бойынша 137, лингвистика бойынша 17 БББ тіркелген [4]. Қазіргі кезде жоғары оқу орындарына академиялық еркіндік берілгендіктен, университеттер жұмыс беруші қажет деп таныған кез келген пәнді оқу бағдарламасына енгізуге құқылы. Алайда бұл еркіндікті кейбір оқу орындары дұрыс пайдаланбайды. БББ-ында бір ғалымның диссертациялық жұмысы немесе белгілі бір іргелі пәннің бөлімі, тарауы іспеттес, тіпті бір тәрбие сағатының көлемінде талқылауға болатын мәселелер жеке пән ретінде енгізілгендігін байқаймыз. Мысалы, кейбір оқу орындарында мынадай пәндер оқытылады: «Ұйымдар тілі», «Қоғаммен байланысқа» кіріспе, «Қоғамға қызмет», «Елбасы тағылымы», «Креативті жазылым» және т.б. (бакалавриатта); «Көптілді тұлғаның коммуникативті құзіреттілігін дамыту», «Қазақ графемологиясының тарихы», «Қазақ тілінің академиялық грамматикасы» және т.б. (магистратурада). Ал енді ғылыми құзыреттілік қалыптастыруға бағыттылған «Қазақ терминологиясының мәселелері», «Зерттеулерге кіріспе», «Салалық терминология»/ «Терминтану», «Академиялық жазбаға кіріспе» (бакалавриатта); «Ғылыми мәтіндер құрылымы», «Ғылыми мәтіндерді академиялық жазу және жанрлық талдау», «Академиялық дискурс», «Академиялық жазу» және т.б. (магистратурада) пәндер оқытылады. Бірақ бұл пәндердің, біріншіден, аталымында бірізділік жоқ, екіншіден, мазмұны ұқсас бұл пәндер бакалавриатта да, магистратурада да, докторантурада да оқытылады. Бұл білім беру жүйесінде нақты критерийлердің жоқтығын көрсетеді. Жоғарыда аталған «Қазақ тілінің академиялық грамматикасы» пәнін магистратурада оқытудың қандай қажеттілігі бар; егер білім алушы бакалавриатта «Ғылыми мәтіндер құрылымы» (магистратурада оқытылады) жайында білмесе, қалайша курстық, диплом жұмысын әзірлеп, оны қорғайды т.б. сұрақтар туындайды. Бізге рецензия алу немесе конференцияларға қатысу үшін докторанттар мақалаларын ұсынып жатады, өкініштісі, мақаласының тақырыбын дұрыс тұжырымдай алмайтын докторанттар бар. 1-2 жылда докторлық диссертациясын қорғауға ұмтылып жүрген докторанттың жағдайы осындай болса, ғылым тілін дамыту жайында сөз қозғаудың өзі артық. Бұл елімізде ғылым тілі жөніндегі білімнің дұрыс жолға қойылмағандығын көрсетеді. А.Аймағамбетов мырза министр болып тұрған кезде докторанттарға академиялық ғылым тілін оқыту жөнінде пікір білдірді, соны іліп алған кейбір оқу орындары тек қана докторанттарға оқытып жатыр. Дұрыс, оқытылсын. Бірақ ғылыми құзыреттілікті қазір мектептен бастап қалыптастыруға әрекеттер жасалып жатқан жоқ па? Мектеп оқушыларының арасында түрлі ғылыми жобалар, конкурстар ұйымдастырылып жатады. Мектеп мұғалімдері-

не де зерттеуші, модератор т.б. мәртебелер беріледі. Демек мектепте ғылым тілін қалыптастырудың негізі қаланады, ал енді ғылымның алдыңғы баспалдақтарынан өтіп, докторлық диссертация жазып, қорғауға дайындап жатқан докторанттарға ғылым тілі туралы мәлімет беру қаншалықты орынды? Докторанттардың өз мақаласына тақырып қоя алмауы – жүйесіз беріліп жатқан білімнің бір көрінісі.

Қазіргі жоғары білім беру бағдарламаларында бакалавриатта міндетті компонент ретінде «Жалпы білім беру пәндері» деген цикл бар. Орта мектепте оқып келгенін қайталау деген сөз. Қазақ тілінің мысалында айтар болсақ, 11 жыл оқыған тақырыптарды А-В-С деңгейлеріне бөліп қайтадан оқытады. Неге осы пәндерді алып тастап, оның орнына заманауи сұраныстарды қанағаттандыратын пәндер енгізуге болмайды. Түйіндей келгенде, ғылыми мәтінмен жұмыс істеуге құзыретті, ғылым тілін дамытуға үлес қоса алатын мамандар легін жүйелі әрі жоспарлы түрде дайындау – қазақ тілін ғылымның барлық саласында кеңінен қолданыс табуының бір кепілі деуге болады.

Ұсыныстар:

1. Қазақ ғылым тілі мәтінінің қоры жасақталып, ондағы мәліметтер автоматты игеруге бейімделіп, әдіс-тәсілдері жасалып, тіліміздің табиғатына сай талдаулар мен өңдеулер жүргізе алатын сервистер жоспарлы түрде, рет-ретімен әзірленуі керек.

2. Ғылыми мәтінмен жұмыс істеуге құзыретті мамандар легін қалыптастыру үшін жоғары білім бер бағдарламаларындағы «Жалпы білім беру пәндері» циклін алып тастап, оның орнына білім алушыларға ғылыми стильдің, ғылыми мәтіннің құрылым-құрылысын талдап, IT-технологиялар мүмкіндіктерін пайдалану, тілді автоматты өңдеу, оны мақсатты ортада пайдалана білу құзыреттілігін қалыптастыратын пән оқытылғаны дұрыс. Ондай пән бакалаврларға 10 кредит көлемінде (2 семестр бойы) таңдау пәні ретінде емес, міндетті компонент ретінде енгізілуі керек.

3. Кейбір жоғары оқу орындарында осы бағытта оқытылып жатқан пәндердің атауы, мазмұны, мақсаты мен міндеттері, оқу нәтижелерін саралай келе, мұндай пәннің «Академиялық жазылым және ғылыми дискурс» деп аталғаны дұрыс деген ұсыныс айтамыз. Өйткені ғылыми құзыреттілік қалыптастыру тек қана жазбаша мәтінмен шектелмейді, оны академиялық ортада талқылау, талдау, өзінің ғылыми көзқарасын қорғау, бір сөзбен айтқанда, академиялық шешендік сөз құзыреттілігін де игеріп шығуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Светлов А.В., Комендантов А.С. *Автоматизация процесса получения лингвистической информации: современные возможности* // Вестник ВолГУ. Сер. языкозн. – 2017. – Т. 16. № 2. – С. 39-46.

2. Большакова Е.И., Васильева Н.Э., Морозов С.С. *Лексико-синтаксические шаблоны для автоматического анализа научно-технических текстов* // <http://www.myshared.ru/slide/674206/>

3. Torotoev G., San. G. Torotoeva // *Linguistic Annotation of Grammatical Categories of Sakha: Nouns Gavril*. Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences. – 2018. – P.1-10.

4. <https://epvo.kz/login>

ҚАЗІРГІ АКАДЕМИЯЛЫҚ ОРТАНЫҢ ТІЛДІК ӘЛЕУЕТІН ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

*Сатыбаева Анара Умирзаковна**

Академиялық ортадағы тілдік әлеуетті анықтау үшін алдымен академиялық ортаның сипатын қарастыру орынды. «Академиялық орта» термині әдетте оқу және ғылыми мекемелермен байланысты білім беру контекстін білдіреді. Бұл ортада оқу бағдарламалары, зерттеулер, оқыту, студенттік өмір, ғылыми конференциялар және т. б. сияқты әртүрлі аспектілерді қамтиды. Академиялық орта өз кезегінде білім беру ортасындағы маңызды құндылықтардың бағыты мен қалыптасу негіздеріне сүйенеді. Академиялық ортадағы маңызды құндылықтардың бірі тілдік фактор болып табылады. Бірақ, білім беру ортасындағы оқыту тілінің маңыздылығын бағалау қиын, өйткені тіл тек білім беру құралы ғана емес, сонымен қатар ойлау, қарым-қатынас және әлеуметтік-мәдени бейімделуді дамытудың негізгі құралы болып табылады. Оқыту тілінің маңыздылығы бірнеше аспектілерде көрініс береді, оларға оқу материалдарын түсіну, ойлауды дамыту, коммуникация және әлеуметтену процесі, білім алудағы жетістіктері, мәдениет аралық алмасу, тұлғаның дамуы, кәсіби қызметке дайындық және т.б. жатады.

Осы орайда Қазақстандағы академиялық кеңістіктегі білім беру үдерісіндегі тіл мәселесін зерттеу маңызды болып саналады. Қазақстан Республикасы Ағарту министрлігінің мәліметтері бойынша 2023-2024 оқу жылы еліміздің орта білім беру орындарында 3,9 млн бала оқиды, оның ішінде 68,2% мемлекеттік тілде білім алады (1). Орта-кәсіптік, жоғары және жоғары білімнен кейінгі оқыту бойынша жалпы студенттердің санынан 83%-і күндізгі бөлімде, 7,6%-і қашықтықтан, 7,3%-і сырттай және 2%-і кешкі бөлімдерде оқиды. Мемлекеттік тілде білім алатын студенттердің саны 64,9%-і құрайды, орыс тілінде 29,6% және ағылшын тілінде 5,5% студенттер білім алады (2).

* Нархоз Университетінің аға оқытушысы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты

Демек, еліміздегі білім беру саласында білім алушылар оқытудың деңгейі мен түрі бойынша салыстырғанда олардың басым бөлігінің тілдік әлеуеті мемлекеттік тілде болып отыр. Сондықтан, зерттеуде келесі сұрақтарға жауап беру қажеттілігі туындайды: білім алушылардың тілді таңдау ерекшеліктері неде? Білім алудағы тілді таңдауда әсер ететін факторлар қандай? Тілдік әлеуеттің тұлға дамуындағы орны қандай? Кәсіби қызметке дайындықта тілдің алатын орны қандай? Тілді таңдауда көптілділік әсер етеді ме?

Негізгі бөлім.

Зерттеудің мақсаты: Академиялық ортадағы тәлімгерлердің білім алудағы тілдік әлеуеті мен әлеуметтік мәртебесін талдау.

Академиялық ортадағы тілдік әлеуетті зерттеуде білім алушылардың оқыту тіліне қатысты емес жалпы ғылыми саладағы тілдің әлеуетін қарастырады. Тілдік әлеуетті анықтау замануи ғылыми кеңістікте күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Бұл туралы американдық ғалым Уордхоу (1986) «екі тілді немесе көп тілді қоғамда тілді таңдаудың дәлдігі күрделі мәселе» деп болжайды (3). Қазіргі кезде академиялық ортада тілді таңдау қиындықтары көптілділік мәселесінен туындайды. Көптілді қоғам көптеген тілдерді сөйлейтін немесе қолданатын қауымдастықты білдіреді. Бұл әлемнің көптеген елдерінде болады, шапқыншылықтар мен бейбіт иммиграцияға байланысты халықтар бірнеше тілде сөйлей бастады. Бұл адамдарға таңдау жасауға мүмкіндік берді. Бүгінде әлемде шамамен 6000 тілде сөйлейді. Адамдар тілсіз өмір сүре алмайды, өйткені тіл адам өмірінде басты орын алады. Көптеген елдер көптілді болғандықтан, оларда мәдени ортасы бірдей адамдар түсінетін арнайы нормалар мен сөзбе-сөз кодтар бар.

Көптілді қоғам туралы айтатын болсақ, біз бұл тақырыпты тілді, этникалық құрамды, ойлау тәсілін және басқа да әлеуметтік факторларды таңдаудан ажырата алмаймыз. Тілді қолдана отырып, адамдар өз қауымдастығындағы әлемді түсінуге тырысады. Әртүрлі топтағы немесе этникалық тектегі адамдар қарым-қатынас жасау үшін әртүрлі тілдерді қолданады. Олар бір этникалық топқа жатса да, оларда идеяларды білдірудің әртүрлі кодтары болуы мүмкін. Адамдардың өз ойларына немесе ақыл-ойына сәйкес нәрселер туралы өзіндік түсінігі бар, осылайша бұл әлеуметтік өзара әрекеттесу құралы ретінде тілдің айырмашылықтарына немесе түрлеріне алып келеді.

Көптілді елдерде тілді таңдау ұғымы бірнеше жыл бұрын талқыланған және бұл социолінгвистикалық салада бітпейтін мәселеге айналады. Куинн мен Макнамара (1988) Тайфель мен Тернер (1979) ұсынған тіл таңдауы мен әлеуметтік сәйкестілік теориясын байланыстыруға тырысты, оған төрт кезеңнің тізбегі кіреді: әлеуметтік категориялау, әлеуметтік сәйкестілік, әлеуметтік салыстыру және психологиялық сәйкестілік (3). Осы аспектілердің

барлығы әлеуметтік қарым-қатынаста қолданылатын тілді таңдауға әсер етеді. Әлеуметтік категория адамдарды белгілі бір топтардың мүшелері ретінде белгілі бір сипаттамаларға сәйкес анықтайды, өйткені олар өздерінің әлеуметтік ерекшеліктерін біледі.

Қазақстанда академиялық ортада іс-жүзінде үштілділік қалыптасып келеді, қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілі қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі дүние жүзінде кең тараған тіл ретінде қарастырылады. Мәселені тереңірек қарастыру үшін білім беру саласындағы тілдік таңдау немесе тілдік әлеуетке статистикалық талдау жасалды.

Қазақстанда жоғары оқу орындарында 578 мыңнан аса студенттер білім алады, оның ішінде меншік түрі бойынша 125 мың студент мемлекеттік меншікте, 448 мың студент жеке меншікте, 4,2 мың студент шет меншіктегі оқу орындарында білім алады.

1-кесте. Меншік түрі және білім алу тілі бойынша жоғары оқу орнындағы студенттер саны, мың


Меншік нысаны	Студенттердің саны	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Басқа тілдер
Мемлекеттік меншік	125 729	84 858	34 317	6 554	0
Жеке меншік	448 302	292 609	117 017	1 174	274
Шет меншік	4 206	-	3 782	424	0

Ескерту: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросының мәліметтері арқылы құрастырылды

Меншік түрі бойынша білім алушылар жеке меншік салада білім алатындар басым, көрсеткіштері бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім алу мемлекеттік білім беру ұйымдарында жеке салаға қарағанда жоғары.

Керісінше, жеке салада басқа тілдерде (неміс, қытай және т.б. тілдерде) білім алатындар бар (0,2%). Шет меншігі бойынша білім алушылар орыс тілінде білім алуды ұйғарады, олардың 89,9 % орыс және 10,1% ағылшын тілдерінде білім алады.

1 сурет. Меншік нысаны бойынша жоғары білім алу тілі



Дереккөзі: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросының мәліметтері арқылы құрастырылды

Саны бойынша мемлекеттік меншікте білім алушылар Алматы қаласы (19,1 мың студент, 75,6% қазақ тілінде), Ақтөбе (18,2 мың, оның 80,1% қазақ тілі), Шығыс Қазақстан (11,2 мың, 64% қазақ тілі) және Қостанай (10,6 мың, 51,2% орыс тілі) облыстарында басым.

2 кесте. Мемлекеттік меншік нысаны бойынша жоғары білім алу тілі

Өңірлер, Республикалық маңызы бар қалалар	Студенттердің саны	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Қазақстан Республикасы	125 729	84 858	34 317	6 554
Абай	6 635	6 042	562	31
Ақмола	7 778	4 910	2 609	259
Ақтөбе	18 354	14 712	3 229	413
Атырау	7 981	6 431	1 538	12
Батыс Қазақстан	6 070	4 717	1 297	56
Қарағанды	1 029	735	294	-
Қостанай	10 699	5 153	5 482	64
Қызылорда	8 173	7 834	339	-
Маңғыстау	6 744	5 646	1 047	51
Павлодар	8 049	3 096	4 942	11
Солтүстік Қазақстан	6 549	2 601	3 694	254
Шығыс Қазақстан	11 276	7 237	4 028	11

Астана қаласы	7 233	1 248	792	5 193
Алматы қаласы	19 159	14 496	4 464	199

Дереккөзі: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросының мәліметтері арқылы құрастырылды

Жеке меншік нысаны бойынша білім алушылар Алматы (157,1 мың студент, 56,2% қазақ тілі, 31,7% орыс тілі, 12,0% ағылшын тілі), Шымкент (90,8 мың, 87,7% қазақ тілінде), Астана (59,5 мың, 55,0% қазақ тілі, 29,5% орыс тілі, 15,2% ағылшын тілі) қалалары мен Қарағанды (37,8 мың, 58,2% қазақ тілі, 38,2% орыс тілі, 3,4% ағылшын тілі), Жамбыл (19,6 мың, 86,0% қазақ тілі), Батыс Қазақстан (19,3 мың, 77,1% қазақ тілі) облыстарында білім алады.

3-кесте. Жеке меншік нысаны бойынша жоғары білім алу тілі

Өңірлер, Республикалық маңызы бар қалалар	Студенттер саны	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Қытай тілі	Неміс тілі	Басқа тіл
Қазақстан Республикасы	448 302	292 609	117 017	38 402	30	40	204
Абай	11 681	7 729	2 778	1 174	-	-	-
Ақмола	3 130	1 039	2 091	-	-	-	-
Ақтөбе	4 420	3 311	1 109	-	-	-	-
Алматы	7 303	535	107	6 661	-	-	-
Атырау	2 136	1 354	782	-	-	-	-
Батыс Қазақстан	19 357	14 925	4 432	-	-	-	-
Жамбыл	19 632	16 895	2 737	-	-	-	-
Жетісу	4 400	3 602	593	1	-	-	204
Қарағанды	37 050	21 581	14 188	1 281	-	-	-
Қостанай	3 917	742	3 175	-	-	-	-
Қызылорда	6 103	6 103	-	-	-	-	-
Павлодар	6 537	2 982	3 555	-	-	-	-
Түркістан	10 042	8 554	1 364	94	30	-	-
Ұлытау	1 310	1 001	309	-	-	-	-
Шығыс Қазақстан	3 775	1 505	2 270	-	-	-	-
Астана қаласы	59 515	32 736	17 676	9 103	-	-	-

Алматы қаласы	157 193	88 354	49 839	18 960	-	40	-
Шымкент қаласы	90 801	79 661	10 012	1 128	-	-	-
Дереккөзі: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросының мәліметтері арқылы құрастырылды							

Шет нысаны бойынша жоғары білімді студенттер орыс тілінде (89,9%), Қостанай (2,5 мың студент) облысы, Алматы қаласы (1,2 мың студент, 65,1% орыс тілі, 34,9% ағылшын тілі), Астана қаласы (463 студент) білім алады.

3-кесте. Шет меншік нысаны бойынша жоғары білім алу тілі

Өңірлер, Республикалық маңызы бар қалалар	Студенттердің саны	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Қазақстан Республикасы	4 206	-	3 782	424
Қостанай	2 527	-	2 527	-
Астана қаласы	463	-	463	-
Алматы қаласы	1 216	-	792	424
Дереккөзі: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросының мәліметтері арқылы құрастырылды				

Статистикалық талдау нәтижесінде білім алу тілі жеке және шет меншік нысандары бойынша тілді таңдауда айырмашылықтар бар, олар мемлекеттік меншікте қазақ және орыс тілдерінде, жеке меншікте ағылшын тілінде басым, ал шет меншігінде орысша және ағылшынша білім алады.

Орта арнайы білім алу мекемелерінде 525 мыңнан аса шәкірт оқиды. Тіптік және кәсіби білім беру мекемелерінде 60,9% қазақ тілінде және орыс 36,1%, ағылшын және 3,0%, басқа тілдерде білім алады.

4-кесте. Училищеде, колледжде, жоғарғы колледжде білім алу тілдері бойынша

Білім алу нысаны	Студенттер саны	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Басқа тілдер
ҚР	525 909	320 572	190 055	1 431	102
Училище	1 774	1 027	747	-	-
Колледж	396 678	234 424	162 152	-	102

Жоғары колледж	127 457	85 121	40 905	1 431	-
Ескерту: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросының мәліметтері арқылы құрастырылды					

Статистикалық талдау нәтижелерінде еліміздегі орта-арнайы және жоғары білім беру жүйесінде қазақ тілінде білім алу басым. Бұл қазіргі кездегі академиялық ортада қазақ тілдерінде басым екенін білдіреді. Осыған орай білім алушылардың жалпы тілді таңдауына не әсер етуі мүмкін деген сұраққа, біріншіден, қоршаған ортасының тілі, қарым-қатынас әсер етуі мүмкін. Қоршаған ортасына ең алдымен отбасы, достары, мектептегі сыныптастары кіреді. Бұл адамның тікелей қарым-қатынас жасау тілі болып табылады. Екіншіден, білім алу тілімен адам өзінің болашағын болжайды немесе болашақта сол тілмен еңбек етуді, тіпті арнайы бір елді сәйкестендіреді. Мысалы, болашақта шетелдерде білім алып, тәжірибе шыңдатын ниеті бар білім алушылар ағылшын тілін таңдауы мүмкін.

Осы орайда тілді таңдауда шетел ғалымы Мартин-Джонс (Мартин-Джонс, 1989) «тіл таңдауды басқа әлеуметтік фактормен - әлеуметтік күшпен байланыстырады. Адам өз ниетін білдіру үшін тілді таңдайды және қолданады. Осылайша, әлеуметтік өзара әрекеттесудің басқа қатысушыларына мән беру үшін таңдалған тілді қолданудың жеке когнитивті стратегияларына назар аударылады. Шын мәнінде, әлеуметтік медиа тілді қолдануға тікелей әсер етпейді, керісінше олар адамдардың мақсаттары мен әрекеттеріне әсер етеді» деп атап кеткен.

Қорытынды. Қазақстан қоғамындағы академиялық ортада қазақ тілінде білім алу басым екенін байқадық, ол біріншіден, еліміздегі халықтың басым бөлігін қазақ ұлтының өкілдері екендігімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, кейбір өңірлерде орыс тілінде білім алу басым екені де белгілі, мысалы, шет меншікті нысандағы жоғары білім беруде тек орыс және ағылшын тілінде білім алады, неге қазақ және ағылшын тілінде емес? деген сұрақ туындайды. Бұл мекемелерде орыс тілінде білім алатын балалардың жартысынан көбі қазақ ұлтының өкілдері. Сол себепті академиялық ортадағы тілді нығайту арқылы мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырамыз. Ол үшін білім беру саласында қазақ тілінде білім алатын әрбір шәкірт өзін қай тілмен байланыстыратынында. Студенттер оқу материалын түсініп, оқытушылармен және басқа студенттермен ортақ тілде қарым-қатынас жасауы керек. Оқу тапсырмалары мен талқылаулар студенттерге аналитикалық және сыни ойлауды дамытуға көмектеседі. Тіл ойларды тұжырымдау және білдіру процесінде шешуші рөл атқарады. Оқу тілін жетік білетін студенттер оқу тапсырмалары мен емтихандарда жиі жетістікке жетеді. Тілдік дағ-

дылар оқу материалын түсінумен және игерумен тығыз байланысты. Сол сияқты мәдениетаралық алмасуды қолдау көпмәдениетті білім беру орталарында оқыту тілі әртүрлі мәдениеттер мен тілдік топтардың студенттері арасындағы өзара түсіністік пен өзара әрекеттестікке ықпал етеді. Кәсіби қызметке дайындықта оқыту саласына байланысты белгілі бір тілдік дағдыларды меңгеру табысты кәсіби қызмет үшін өте маңызды болуы мүмкін.

Сондықтан, қазақ тілінің академиялық деңгейін көтеру үшін осы саладағы тілдік қарым-қатынасты зерттеу және тілді қалыптастыру механизмдерін іске-қосу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Интернет көзі: <https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/47463/111/4/4/0//>, қарау мерзімі: 26.11.2023ж.

2. Интернет көзі: <https://qmonitor.kz/society/5987> (қарау мерзімі: 26.11.2023ж.

3. Языковая ориентация академического сообщества в социологии, Научно-учебная лаборатория «Социология образования и науки»: <https://slon.hse.ru/jazykovaja-orientacija-akademicheskogo-soobshchestva-v-sociologi>, қарау мерзімі: 04.12.2023ж.

4. Sociolinguistics in language teaching, *file:///C:/Users/User/Downloads/159-Article%20Text-317-1-10-20190123.pdf*, қарау мерзімі: 04.12.2023ж.

5. https://www.researchgate.net/publication/226758890_Knowledge_about_Language_and_Linguistic_Landscape, қарау мерзімі: 04.12.2023ж.

6. *Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы деректері.*

МАЗМҰНЫ

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Тілешов Ербол Ердембекұлының құттықтау сөзі.....	3
<i>Мұқаметқали М.</i> Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша мектеп оқулықтарындағы терминдерді біріздендіру: атқарылған жұмыстар, талдаулар, ұсыныстар.....	4
<i>Аитова Н.Н.</i> Оқу корпусын жасау және мектеп терминологиясын зерттеуді оңтайландыру.....	8
<i>Анафияева Г.К.</i> Жаратылыстану пәндеріндегі терминдердің қолданылу мәселелері.....	11
<i>Кадирбаева Д.А.</i> Мектеп курсы бойынша география пәнінде терминдерді қолдану аясы және жетілдіру.....	16
<i>Ахымбеков Е.К.</i> Информатика саласындағы терминология мәселелері	20
<i>Дюсембина Ж.К.</i> Мектеп математикасындағы терминдердің оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі.....	24
<i>Колпек А.</i> Химия терминдерінің қазіргі жай-күйі және қазақ тілі заңдылықтарына сәйкестігі.....	29
<i>Мазбаев О.Б.</i> География терминдерінің халықаралық атаулармен үйлесімділігі.....	33
<i>Алматова А.М.</i> Орта білім беруде информатика терминологиясын жетілдіру жолдары.....	37
<i>Есенгельдинова А.Т.</i> Мектеп терминологиясын оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында оқу үрдісін әдістемелік жоспарлау.....	41
<i>Хонорбай А.</i> Физика терминдерін меңгерудің әдіс-тәсілдері.....	45
<i>Наурызалина Г.А.</i> Қазақ тілі оқулықтарындағы терминдердің қолданылуы.....	48
<i>Түлекова Г. Х., Суранчиева Н.Р., Елубай А.М.</i> Қазақ тілін теориялық-практикалық тұрғыдан оқытудың әдіс тәсілдері.....	53
<i>Левченко Н.В.</i> Проблема внедрения терминологической лексики школьных учебников в корпус научных текстов и ее использования.....	58
<i>Ержан Ә.Е.</i> Инклюзивті білім берудің терминологиялық жүйесіндегі ағылшын тіліндегі медициналық және педагогикалық терминологияның эволюциясы.....	62
<i>Отарбаева Г.Е.</i> Проблемалық оқыту арқылы оқушылардың биология пәнінен функционалдық сауаттылығын дамыту.....	65

Қадырова Л.Ә. Ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту процесінде оқулықтағы терминологиялық лексиканы меңгеру және қолдану ерекшеліктері..... 70

«ЗАҢНАМА ТІЛІ: БІРІЗДЕНДІРУ АЛГОРИТМІ»

атты республикалық әдістемелік семинардың материалдары

<i>Құрманбайұлы Ш.</i> Қазақ тіліндегі заң мәтіндерінің сапасы және термин қолданысы.....	73
<i>Примашев Н.М.</i> Қазақ тілі және заң техникасы: ортақ және қарама-қайшы тұстары.....	80
<i>Мақұлбеков Б.Д.</i> Мемлекеттік тіл және заң терминологиясы.....	87
<i>Баймұрат С.М.</i> Заңдағы қателер: себебі, салдары және шешімдері.....	81
<i>Махамбетова А.К.</i> «Сервис» пен «көрсетілетін қызметтер» ұғымдарының жарыспалы қолданысы жайында.....	99
<i>Мединаева А.А.</i> Мемлекеттік тілдегі заңнамада қолданылатын кейбір терминдер туралы.....	106

«ҚАЗАҚ ТІЛІН ҒЫЛЫМ ТІЛІ РЕТІНДЕ ДАМЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

атты республикалық әдістемелік семинардың материалдары

<i>Құрманбайұлы Ш.</i> Қазақтың ғылым тілін дамытудың негіздері.....	113
<i>Фазылжан А.М.</i> Ұлттық тіл негізіндегі ғылыми сана: бүгінгі мен болашағы.....	118
<i>Әшім Н.Қ.</i> Цифрлық кеңістікте қазақ тіліндегі ғылым тілін қалыптастыру мүмкіндіктері.....	122
<i>Жалмаханов Ш.Ш.</i> Ғылым тілінің негізі – терминдердің жүйелілігі және атауыштық құндылығы.....	124
<i>Жүкеш Қ.</i> Терминдер мен ұғымдарды стандарттау – ғылым тілін қалыптастырудың бастапқы сатысы.....	129
<i>Әбдікәрім Н.</i> Ғылыми мәтінді автоматтандырудың өзекті мәселелері...	137
<i>Сатыбаева А.У.</i> Қазіргі академиялық ортаның тілдік әлеуетін әлеуметтанулық талдау.....	142

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ
Мақаланың мазмұндық жауапкершілігі
мақала авторларына жүктеледі.

«МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫ: ПӘН ТЕРМИНДЕРІН
ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ БІРІЗДЕНДІРУ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖИНАҒЫ

Корректорлық жұмыстар: **Қ. Қабай**
Дизайнер және компьютерде беттеген: **С. Баубек**



Беттеуге берілген күні 06.12.2023 ж.
Электрондық нұсқаға қол қойылған күні 19.12.2023 ж.
Пішімі 70×100 Шартты баспа табағы 12.35